Интерактивтік тапсырмалардың маңыздылығы мезеттік кері байланысты орнатады, мысалы, оқушы өз жауабының дұрыстығын бірден тексере алады. Сондай-ақ оқушылардың өзара басып шығару мүмкіндігі бар оқушылардың жазба жауабын білдіретін тапсырмаларды, бірлесіп талқылауға болатын сұрақтар ауқымын қамтуы тиіс.

Осы арқылы оқушыларды белсенді өзіндік жұмысқа қосуға, материалды меңгеруді ынталандыруға, өзіндік білім алуға үйретуге мүмкіндік береді.

Сонымен электронды оқыту жүйесін қолдану, оқу үрдісінің барлық қатысушылары өзара қарым-қатынас орын алған оқу процесімен интеграцияланғанда ғана тиімді болмақ.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашақтың іргесін бірге қалайық» 2011 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы (28.01.2011ж.) // Егемен Қазақстан. - 2011. - 30 қаңтар.

2. Беркімбаев К. Электрондық оқулықтарды пайдаланудың педагогикалық ұстанымдары // Қазақстан мектебі. - 2008. - №11. - 13-18 бб.

3. Мерсер Н., Литлтон К. Диалог және ойлауды дамыту. Әлеуметтік мәдени тәсіл // Нью-Йорк Routledge, 2007.

4. Выгодский Л.С. Қоғамдағы сана // Ке́мбридж. - Гарвард университеті баспасы, 1978.

5. Барнс Д. Сыныптағы тіл және оқыту // Journal of Curriculum Studies. - 1971. - 3(1). -27–38 бб.

6. Ұлттық ақпараттандыру орталығы АҚ // Электрондық оқытудың тұжырымдамасы: қазақстандық көзқарас. – Алматы, 2011.

Түйіндеме

Мақалада электронды оқытуды жүзеге асыруда мұғалім балалардың қалай оқитынын назарда ұстай отырып, әр оқушының танымдық ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескерудің маңыздылығы тиімдірек оқуға мүмкіндік береді. Электронды оқыту жүйесін ақпараттық-коммуникацияның мүмкіндігін толық, кеңінен қолданатын жаңа педагогикалық тәсілдермен интеграциялау сапалы білім мен оқушылардың «өзін-өзі реттеу», бағалау, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын жетілдіреді.

Электронды оқулықтардағы интерактивті тапсырмалардың белсенді өзіндік білім алуға, материалды меңгеруді ынталандыратындығы көрсетіледі.

Кілт сөздер: қалыптастырушы бағалау, виртуальдық тренажерлар, электронды оқулық, интерактивтік тапсырмалар.

Резюме

В данной статье освещаются вопросы электронного обучения, в реализации которого учителям необходимо учитывать потребности и познавательные способности каждого учащегося для эффективного обучения. Интеграция электронного обучения с новыми педагогическим подходами, с использованием всех возможностей информационо-коммуникационных технологий, развивает навыки саморегуляции, критического мышления и оценивания.

Задания в электронных учебниках развивают у учащихся активное самостоятельное освоение материала и повышают их мотивацию.

Ключевые слова: формативное оценивание, виртуальные тренажеры, электронный учебник, интерактивные задания.

Summary

This article is about the effectiveness of e-learning, teachers should take into account the necessities and cognitive particularities of each pupil. Integration of e-learning and new pedagogic approaches such as “self-regulatory”, assessment, critical thinking gives an opportunity to use ICT.

Materials of electronic-books arise motivations students to individuall study.

Key words: assessment for learning, virtual simulators, e-book, interactive job.

ӘОЖ 517.518

МЕКТЕП КУРСЫНДАҒЫ ИРРАЦИОНАЛ ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖҮЙЕСІН ШЕШУДЕ ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУДЫ ҚОЛДАНУ

Қ.Е. КЕРВЕНЕВ, Н.Қ.МЕДЕУБАЕВ

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

XXI ғасырдың бет - бейнесі біліммен өлшенбек. Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, азамат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Қай елдің болсын өсіп – өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен деңгейлеп әдіс – тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу»-деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [1]. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым – қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Жылдар бойы сабақ жүргізу нәтежесінде оқушының білімі сапасын көтеруге, олардың пәнге деген қызығушылығын артыру барысында жан-жақтылыққа ұмтыламыз және ізденеміз. Алдында отырған оқушының білім деңгейі, білімді меңгеру дағдысы барлығында бірдей болу мүмкін емес жағдайда. Сондықтан Қараевтың насихаттап жүрген деңгейлеп оқыту технологиясында оқушының жан-жақты мүмкіндігін ескере отырып жеңілден ауырына қарай деген принципті ұстанумен жүйелі түрде қолданылатын білім, білік, дағдыларының тұрақты болуына өз бетімен жұмыс істеу қабілетінің дамуына ықпал ету [2].

Ол үшін оқушылар мынандай әдіс-тәсілдерді қолдану қажет:

Берілген тапсырмалардың ерекшелігіне көңіл бөлу.

Берілген тапсырма қызықты маңызды болған кезде ғана оқушылардың сабаққа қызығушылығы артатынын есте сақтау.

Оқыту технологиясының негізгі сатылары.

1. Жаңа тақырыпты түсіндіру.
2. Төменнен, жоғары қарай деңгейлеп тапсырмалар беру.
3. Оқушылардың тақырыптан алған білімдерін бекіту.
4. Оқушылардың білімдеріне сай ілестермелер тарату. Яғни, «5» «4» «3» тік білімге сай.
5. Оқушылардың білімін қолма қол бағалау.

Мақсатты:

1. Әр оқушының оның қабілеті мен мүмкін деңгейіне қарай оқыту.
2. Деңгейі төмен оқушылар мен жеке жұмыс жасау, қолдау көрсету.
3. Дарынды оқушының тереңірек білім алуына жағдай жасау.
4. Оқушының ынтасын қабілетін арттыру.

Ерекшелігі:

1. Таланттар, дарынды оқушылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оған ниет білдіріп, сенімсіздіктен айрылады.
2. Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады.
3. Білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту ісі жеңілдейді.

Күтілетін нәтеже:

1. Оқушылардың писихологиалық ерекшелігін, ақыл-ойының дамуы және өзін-өзі жетілдіру.
2. Дарынды балалар болса, оқушының зерттеу жұмыстарын дамыту.
3. Мұғалімнің жан-жақты дамуына мүмкіндік туғызады.

Иррационал теңсіздіктер – мектеп математика курсының ең күрделі бөлімдерінің бірі, ал енді оған өте аз уақыт берілетінін ескерсек, онда оқушылар бұл бөлімді мүлдем дұрыс игермейтіндігін көреміз. Тіпті иррационал теңдеулерді жақсы шығаратын оқушылардың өздері де, иррационал теңсіздіктерді шешуде қиындықтарға ұрынады. Иррационал теңсіздіктерді шешу қиындауының себебі, онда теңдеудегідей орнына қою, тексеру мүмкіндіктері жоқ, сондықтан барлық түрлендірулерді теңшамалы ету қажет.

Егер иррационал теңдеулердегі теңдікті келесі теңсіздіктің біріне ауыстырсақ: >, $\geq$, <, $\leq$, то онда иррационал теңсіздік аламыз. Сондықтан иррационал теңсіздік деп белгісіз шамалар түбір астында болып келген теңсіздіктерді айтамыз [3].

Мұндай теңсіздіктерді шешу үшін теңсіздіктің екі бөлігін де дәрежелеу арқылы рационал теңсіздікке түрлендіреміз.

Иррационал теңсіздіктерді шешуде қателеспес үшін, алдымен теңсіздіктің ММЖ (мүмкін мәндер жиыны) тауып алуымыз керек, содан соң оның тек осы аралыққа кіретін шешімдерін ғана қарасытыру қажет.

Иррационал теңсіздіктерді шешу барысында ескеретін ережелер: теңсіздіктің екі бөлігін де тақ дәрежеге шығарсақ, бастапқы теңсіздікке теңшамалы теңсіздік шығады.

Ал егер теңсіздікті шешу барысында жұп дәрежеге шығаратын болсақ, онда бөгде түбірлер (тексеру арқылы көз жеткізуге болады) пайда болуы мүмкін, яғни жұп дәрежеге шығарғанда бір мезгілде түбірлер жоғалуы да, бөгде түбірлер жасалуы да мүмкін.

Мысалға, квадраттап жіберсек:

- дұрыс теңсіздік $-1<2$, алатынымыз дұрыс теңсіздік $1<4$;
- дұрыс теңсіздік $-5<2$, алатынымыз дұрыс емес теңсіздік $25<4$;
- дұрыс емес теңсіздік $1<-2$, алатынымыз дұрыс теңсіздік $1<4$;
- дұрыс емес теңсіздік $5<2$, алатынымыз дұрыс емес теңсіздік $25<4$.

Дұрыс және дұрыс емес теңсіздіктер комбинациялары шығатындағын көріп отырмыз.

Алайда мұнда қолданылатын негізгі дұрыс тұжырым: егер теңсіздіктің екі бөлігін де жұп дәрежеге шығарсақ берілген теңсіздікке тең шамалы теңсіздік, тек берілген теңсіздіктің екі бөлігі де оң болған жағдайда ғана, шығады.

Иррационал теңсіздіктерді шығару әдістеріне тоқталайық. Бұл тақырып жай сыныптарда жеке оқытылмайды. Ал біздің жағдайымызда бір параграф болып берілген. Екі теорема көрсетілген.

Теорема 1: Егер теңсіздіктің таңбасын өзгертпей екі бөлігін тақ көрсеткіш дәрежеге шығарсақ, онда шыққан теңсіздік ізделіндіге теңбе-тең.

Теорема 2: Егер теңсіздіктің таңбасын өзгертпей екі бөлігін жұп көрсеткіш дәрежеге шығарсақ, онда теңсіздіктің әр бөлігі теріс емес болғанда ғана шыққан теңсіздік ізделіндіге теңбе-тең.

Есептерді шығару барысында мына теңбе-теңдіктерді білу қажет:

1) $\sqrt{f} < \varphi \;\Leftrightarrow\; \begin{cases} \varphi \geq 0 \\ f \leq 0 \\ f < \varphi^2 \end{cases}$

4) $\sqrt{f} \geq \varphi \;\Leftrightarrow\; \begin{cases} \varphi < 0 \\ f \leq 0 \end{cases}$ немесе $\begin{cases} \varphi \geq 0 \\ f \geq \varphi \end{cases}$

2) $\sqrt{f} > \varphi \;\Leftrightarrow\; \begin{cases} \varphi < 0 \\ f \geq 0 \end{cases}$ немесе $\begin{cases} \varphi \geq 0 \\ f > \varphi^2 \end{cases}$

5) $\sqrt{f} < \sqrt{\varphi} \;\Leftrightarrow\; 0 \leq f < \varphi \;\Leftrightarrow\; \begin{cases} f \geq 0 \\ f < \varphi \end{cases}$

3) $\sqrt{f} \leq \varphi \;\Leftrightarrow\; \begin{cases} \varphi \geq 0 \\ f \geq 0 \\ f \leq \varphi^2 \end{cases}$

6) $\sqrt{f} > \sqrt{\varphi} \;\Leftrightarrow\; f > \varphi \geq 0$.

Жаттығулар жүйесі бес жаттығудан тұрады. Үшеуі иррационал теңсіздіктерді жоғарыдағы теңбе-теңдіктерді қолданып шешу. Төртіншісі параметрі бар теңсіздіктер. Бесіншісі модулі бар теңсіздіктер. Осы берілген жаттығулар жүйесі материалды меңгеруге жеткілікті деп ойлаймыз.

Эквивалентті жүйеге немесе рационал теңсіздіктер жиынтығына келтіру әдісі

Иррационал теңсіздіктерді шығарудың негізгі әдісі берілген теңсіздікті эквивалентті жүйеге немесе рационал теңсіздіктер жиынтығына келтіру болып табылады.

Ең қарапайым иррационал теңсіздіктің түрлері:

1) $\sqrt{A(x)} < B(x)$ немесе $\sqrt{A(x)} \leq B(x)$;

2) $\sqrt{A(x)} > B(x)$ немесе $\sqrt{A(x)} \geq B(x)$;

3) $\sqrt{A(x)} > \sqrt{B(x)}$ немесе $\sqrt{A(x)} \geq \sqrt{B(x)}$.

$\sqrt{A(x)} < B(x)$ немесе $\sqrt{A(x)} \le B(x)$ иррационал теңсіздіктері келесі теңсіздіктер жүйесіне тең шамалы

$$\begin{cases} A(x) < B^2(x), \\ A(x) \ge 0, \\ B(x) \ge 0. \end{cases} \text{ немесе } \begin{cases} A(x) \le B^2(x), \\ A(x) \ge 0, \\ B(x) \ge 0. \end{cases} \quad . \qquad (1)$$

(1) жүйедегі бірінші теңсіздік бастапқы теңсіздікті дәрежелегенде шыққандағы нәтиже, екінші теңсіздік берілген теңсіздікте түбірдің бар болу шартын көрсетеді, ал жүйедегі үшінші теңсіздік бұл теңсіздікті квадраттауға болу шартын анықтайды.

$\sqrt{A(x)} > B(x)$ немесе $\sqrt{A(x)} \ge B(x)$ иррационал теңсіздіктері келесі теңсіздіктер жүйесіне тең шамалы

$$\left[\begin{array}{l} \begin{cases} A(x) > B^2(x), \\ B(x) \ge 0, \end{cases} \\ \begin{cases} A(x) \ge 0, \\ B(x) < 0. \end{cases} \end{array}\right. \text{ немесе } \left[\begin{array}{l} \begin{cases} A(x) \ge B^2(x), \\ B(x) \ge 0, \end{cases} \\ \begin{cases} A(x) \ge 0, \\ B(x) \le 0. \end{cases} \end{array}\right. \quad . \qquad (2)$$

(2) схемадығы бірінші жүйеге тоқталайық. Бұл жүйенің бірінші теңсіздігі бастапқы теңсіздікті квадраттағаннан шығып отыр, екіншісі – мұны жүзеге асыруға болатын шарт.

(2) схемадығы екінші жүйе оң бөлігі теріс болып, квадраттауға болмайтын жағдайға сәйкес. Оған қажеттілік те жоқ: бастапқы теңсіздіктің сол бөлігі – арифметикалық түбір – ол анықталып отырған барлық x үшін теріс емес. Сондықтан сол бөлігі анықталған барлық x үшін бастапқы теңсіздік орындалады. Екінші жүйенің бірінші теңсіздігі сол бөлігінің бар болу шартын білдіреді.

$\sqrt{A(x)} > \sqrt{B(x)}$ немесе $\sqrt{A(x)} \ge \sqrt{B(x)}$ иррационал теңсіздіктері келесі теңсіздіктер жүйесіне тең шамалы

$$\begin{cases} A(x) > B(x), \\ B(x) \ge 0. \end{cases} \text{ немесе } \begin{cases} A(x) \ge B(x), \\ B(x) \ge 0. \end{cases} \quad . \qquad (3)$$

Бастапқы теңсіздіктің екі бөлігі де өзі анықталған барлық x үшін теріс емес болғандықтан, оны квадраттауға болады. (3) жүйедегі бірінші теңсіздік бастапқы теңсіздікті дәрежелеу негізінде пайда болады. Екінші теңсіздік бастапқы теңсіздікте түбірдің бар болу шартын көрсетеді, алайда, $A(x) \ge 0$ теңсіздігі бұл жағдайда автоматты түрде орындалады.

(1)–(3) схемалары – иррационал теңсіздіктері шешу барысындағы негізгі құралдарымыз болып табылады. Оған барлық дерлік теңсіздіктер әкелінеді. Бірнеше мысалдар қарастырайық.

Мысал 1. Теңсіздікті шешіңіз $\sqrt{10x+5} < -3$.

Шешімі. Теңсіздіктің оң бөлігі теріс ал сол бөлігі өзі анықталған барлық x үшін оң екенін байқаймыз. Сондықтан теңсіздіктің шешімі болмайды. Жауап. Шешімі жоқ.

Мысал 2. Теңсіздікті шешіңіз $\sqrt{3x-9} > -5$.

Шешімі. Алдыңғы мысалдағдай, теңсіздіктің оң бөлігі теріс ал сол бөлігі өзі анықталған барлық x үшін оң екенін байқаймыз. Ол сол бөлігінің $x \ge 3$ шартын қанағаттандыратын барлық x үшін орындалатынын білдіреді. Жауап. $x \in [3;+\infty)$.

Мысал 3. Теңсіздікті шешіңіз $\sqrt{2x-3} < 1$.

Шешімі. (1) схемаға сәйкес мұндай типті теңсіздіктерді шешу үшін оған сәйкес рационал теңсіздіктер жүйесін жазып аламыз

$$\begin{cases} 2x-3 < 1^2, \\ 2x-3 \ge 0. \end{cases}$$

$B(x)=1\geq 0$ шарты барлық x үшін орындалған және оның жазылған жүйеге ену қажеттілігі жоқ. Жауап. $\left[\frac{3}{2};2\right)$.

Мысал 4. Теңсіздікті шешіңіз $\sqrt{4x-3}>1$.

Шешімі. Бұл теңсіздік (2) схемаға сәйкес шығарылады. Берідген жағдай үшін $B(x)=1$, сондықтан берілген теңсіздікке теңшамалы теңсіздікті бірден жазуға болады

$4x-3>1^2$. Жауап. $x>1$.

Мысал 5. Теңсіздікті шешіңіз $\sqrt{x+18}<2-x$.

Шешімі. Бұл теңсіздік (1) схемаға сәйкес шығарылады. Бастапқы теңсіздікке теңшамалы теңсіздіктер жүйесі келесі түрде жазылады

$$\begin{cases} x+18\geq 0, \\ 2-x\geq 0, \\ x+18<(2-x)^2. \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} x\geq -18, \\ x\leq 2, \\ x^2-5x-14>0, \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} -18\leq x<2, \\ \left[\begin{array}{l} x<-2, \\ x>7, \end{array}\right. \end{cases} \Leftrightarrow -18\leq x<-2.$$

Жауап. $x\in[-18;-2)$.

Мысал 6. Теңсіздікті шешіңіз $\sqrt{x^2+x-2}>x$.

Шешімі. Бұл теңсіздік (2) схемаға сәйкес шығарылады. Ол екі жүйелер жиынтығына теңшамалы

$$\left[\begin{array}{l} \begin{cases} x<0, \\ x^2+x-2\geq 0, \end{cases} \\ \begin{cases} x\geq 0, \\ x^2+x-2>x^2. \end{cases} \end{array}\right. \Leftrightarrow \left[\begin{array}{l} \begin{cases} x<0, \\ \left[\begin{array}{l} x\leq -2, \\ x\geq 1, \end{array}\right. \end{cases} \\ \begin{cases} x\geq 0, \\ x>2, \end{cases} \end{array}\right. \Leftrightarrow \left[\begin{array}{l} x\leq -2, \\ x>2. \end{array}\right.$$ Жауап. $x\in(-\infty;-2]\cup(2;+\infty)$.

Мысал 7. Теңсіздікті шешіңіз $\sqrt{2x+1}>\sqrt{2-3x}$.

Шешімі. (3) схемаға сәйкес, берілген теңсіздік келесі теңсіздіктер жүйесіне теңшамалы

$$\begin{cases} 2x+1>2-3x, \\ 2-3x\geq 0 \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} x>\frac{1}{5}, \\ x\leq\frac{2}{3} \end{cases} \Leftrightarrow \frac{1}{5}<x\leq\frac{2}{3}.$$ Жауап. $\frac{1}{5}<x\leq\frac{2}{3}$.

Келесі түрдегі иррационал теңсіздіктердің шешімін қарастырайық

$\sqrt{A(x)}+\sqrt{B(x)}<C(x)$.

$\sqrt{A(x)}\geq 0$, $\sqrt{B(x)}\geq 0$ болғандықтан, онда келесі $A(x)\geq 0$, $B(x)\geq 0$, $\sqrt{B(x)}<C(x)$ (сәйкесінше $\sqrt{A(x)}<C(x)$) шарттары орындалуы тиіс. Бұл шарттар орындалатын жиында берілген теңсіздік келесі теңсіздікке теңшамалы

$A(x)<(C(x)-\sqrt{B(x)})^2$

(сәйкес теңсіздікке $B(x)<(C(x)-\sqrt{A(x)})^2$), бұлар жоғарыда қарастырылған теңсіздік типтеріне сай.

Мысал 8. Теңсіздікті шешіңіз $\sqrt{x}+\sqrt{x+7}<6$.

Шешімі. Берілген теңсіздік келесі теңсіздіктер жүйеіне теңшамалы:

$$\begin{cases} x \ge 0, \\ x+7 \ge 0, \\ \sqrt{x} < 6, \\ x+7 < (6-\sqrt{x})^2 \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} x \ge 0, \\ x \ge -7, \\ x < 36, \\ x+7 < 36 - 12\sqrt{x} + x, \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} 0 \le x < 36, \\ 12\sqrt{x} < 29, \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} 0 \le x < 36, \\ 0 \le x < \dfrac{841}{144}. \end{cases}$$

Бастапқы теңсіздіктің шешімі жүйедегі барлық теңсіздіктерді қанағаттандыратын аралық, яғни $\left[0; \frac{841}{144}\right)$. Жауап. $x \in \left[0; \frac{841}{144}\right)$.

Енді біраз күрделі есептерді шешу жағдайларын, яғни оларды жоғарыда қарастыырылған, қарапайым теңсіздіктерге түрлендіру арқылы шығарылатын есептер қарастырайық. Мысалдардың барлығы иррационал теңдеулерді шешу жолдарына аналогиялы түрде шығарылады.

Егер теңсіздікте екі квадрат радикал кездесетін болса, онда, бұл операцияларға қажетті жағдайлар жасай отыра, оны екі рет квадраттауға тура келеді.

Мысал 9. Теңсіздікті шешіңіз $\sqrt{2x+3} - \sqrt{x-2} > 2$.

Шешімі. Екі бөлігі де теріс болмауы үшін бір радикалды теңсіздіктің оң жағына шығарып, квадраттауға қолайлы етіп аламыз:

$$\sqrt{2x+3} > \sqrt{x-2} + 2 \Leftrightarrow 2x+3 > x-2+4\sqrt{x-2}+4 \Leftrightarrow x+1 > 4\sqrt{x-2}.$$

Біз (1) схемаға сәйкес, қарапайым теңшамалы теңсіздіктер жүйесіне әкелеміз:

$$\begin{cases} x-2 \ge 0, \\ x+1 > 0, \\ 16(x-2) < x^2+2x+1 \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} x \ge 2, \\ x^2 - 14x + 33 > 0 \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} x \ge 2, \\ \left[\begin{array}{l} x < 3, \\ x > 11 \end{array}\right. \end{cases} \Leftrightarrow \left[\begin{array}{l} 2 \le x < 3, \\ x > 11. \end{array}\right.$$

Жауап. $x \in [2;3) \cup (11;+\infty)$.

Ескере кететіні, $x+1 > 4\sqrt{x-2}$ теңсіздігін алғанда, біз белгісіздің мүмкін болатын мәндерін жазып алған жоқпыз, себебі онда $\sqrt{x-2}$ өрнегі болды, оның $x \ge 2$ болғанда мәні болады, ал бұл x мәнінде $\sqrt{2x+3}$ өрнегінің де мәні бар болады.

Мысал 10. Теңсіздікті шешіңіз $\dfrac{\sqrt{x^2-25}}{x+6} < 1$.

Шешімі. Белгісіздің мүмкін болатын мәндерін тауып алайық:

$$\begin{cases} x^2 - 25 \ge 0, \\ x+6 \ne 0 \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} \left[\begin{array}{l} x \le -5, \\ x \ge 5, \end{array}\right. \\ x \ne 6 \end{cases} \Leftrightarrow \left[\begin{array}{l} x < -6, \\ -6 < x \le -5, \\ x \ge 5. \end{array}\right.$$

Радикалдан құтылу үшін теңсіздікті квадраттау жеткілікті. Ал ол үшін теңсіздіктің екі бөлігі де теріс емес болуы керек, бұл шарт $x+6 > 0$ (себебі теңсіздікке кіретін бұдан басқа барлық өрнек теріс емес) болғанда ғана орыындалады. Бірақ бұл шартқа сай берілген теңсіздікті оң $x+6$ өрнегіне көбейтуіміз керек.

Сонымен, егер $x > -6$ болса, онда берілген теңсіздік түрленеді және келесі түрде ешіледі:

$$\begin{cases} \left[\begin{array}{l} -6 < x \le -5, \\ x \ge 5, \end{array}\right. \\ \sqrt{x^2-25} < x+6 \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} \left[\begin{array}{l} -6 < x \le -5, \\ x \ge 5, \end{array}\right. \\ x^2 - 25 < x^2 + 12x + 36 \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} \left[\begin{array}{l} -6 < x \le -5, \\ x \ge 5, \end{array}\right. \\ x > -\dfrac{61}{12} \end{cases} \Leftrightarrow \left[\begin{array}{l} -\dfrac{61}{12} < x \le -5, \\ x \ge 5. \end{array}\right.$$

бұл жағдайда, $x < -6$ орындалғанда, берілген теңсіздік орындалады, себебі оның теріс болып келген сол бөлігі оң болатын оң бөлігінен кіші болады.

Жауап: $x \in (-\infty;-6) \cup \left(-\frac{61}{12};-5\right] \cup [5;+\infty)$.

Тағы да ескеретіні, соңғы теңсіздікті шығаруда (1) және (2) схемаларынан оңай ғана шығатын жаңа схема алдық:

$$\frac{\sqrt{A(x)}}{B(x)} > 1 \Leftrightarrow \begin{cases} B(x) > 0, \\ A(x) > B^2(x); \end{cases} \qquad (4)$$

$$\frac{\sqrt{A(x)}}{B(x)} \geq 1 \Leftrightarrow \begin{cases} B(x) > 0, \\ A(x) \geq B^2(x); \end{cases}$$

$$\frac{\sqrt{A(x)}}{B(x)} < 1 \Leftrightarrow \left[\begin{array}{l} \begin{cases} B(x) > 0, \\ 0 \leq A(x) < B^2(x); \end{cases} \\ \begin{cases} B(x) < 0, \\ A(x) > 0; \end{cases} \end{array} \right. \qquad (5)$$

$$\frac{\sqrt{A(x)}}{B(x)} \leq 1 \Leftrightarrow \left[\begin{array}{l} \begin{cases} B(x) > 0, \\ 0 \leq A(x) \leq B^2(x); \end{cases} \\ \begin{cases} B(x) < 0, \\ A(x) \geq 0; \end{cases} \end{array} \right.$$

Егер мұндай теңсіздіктің оң бөлігінде бір саны емес, басқа қандай да бір сан тұрса, онда теңсіздіктің екі бөлігін де осы санға бөліп жіберіп, таңбасын сай (4) немесе (5) схемаларға сәйкес теңсіздіктерге көшеміз.

Теңсіздіктің екі бөлігін де функцияға көбейту

$\alpha\sqrt{a} - \beta\sqrt{b}$ және $\alpha\sqrt{a} + \beta\sqrt{b}$ өрнектері бір-біріне түйіндес деп аталады. Бұлардың көбейтіндісі $\alpha^2 a - \beta^2 b$ өрнегі болатыны белгілі, ол өрнекте a және b түбірлері жоқ. Сондықтан кейбір есептерде теңсіздіктің екі бөлігін де квадраттап, ұзақ есептеулер жүргізу орнына, берілген теңсіздікке түйіндес теңсіздікке көбейтіп алған жөн.

Мысал 11. Теңсіздікті шешіңіз $\sqrt{5x+1} - \sqrt{x+3} < 2x - 1$.

Шешімі. ММЖ табамыз:

$$\begin{cases} 5x+1 \geq 0, \\ x+3 \geq 0 \end{cases} \Leftrightarrow x \geq -\frac{1}{5}.$$

Берілген теңсіздіктің екі бөлігін де, ММЖ да оң болатын, оның сол бөлігінің түйіндес өрнегіне көбейтеміз:

$$(5x+1) - (x+3) < (2x-1)\left(\sqrt{5x+1} + \sqrt{x+3}\right) \Leftrightarrow 2(2x-1) < (2x-1)\left(\sqrt{5x+1} + \sqrt{x+3}\right).$$

ары қарайғы шешімі, алынған өрнектің оң және сол бөлігіндегі ортақ $(2x-1)$ көбейткіштің таңбасына тәуелді.

Егер ол нольден кіші болса, яғни $-\frac{1}{5} \leq x < \frac{1}{2}$ болса, онда осы теріс көбейткішке қысқартып, келесі теңсіздікке көшеміз:

$\sqrt{5x+1} + \sqrt{x+3} < 2$,

Осыдан тура квадртаттау жолымен алатынымыз (себебі бұл теңсіздіктің екі бөлігі де оң) $-\frac{1}{5} \leq x < \frac{4-\sqrt{19}}{2}$.

Екінші жағдайда ортақ көбейткіш оң (яғни $x > \frac{1}{2}$ мәнінде), осыған қысқарту арқылы алатын теңсіздігіміз

$$\sqrt{5x+1} + \sqrt{x+3} > 2,$$

Осыдан тура квадрттаттау жолымен алатынымыз (себебі бұл теңсіздіктің екі бөлігі де оң) , ол $x > \frac{1}{2}$ болғанда дұрыс болып табылады.

Енді үшінші мүмкін болатын жағдайда оның нольге тең болған түрі: онда алатыныымыз $0 > 0$, дұрыс емес.

Жауап: $x \in \left[-\frac{1}{5}; \frac{4-\sqrt{19}}{2}\right) \cup \left(\frac{1}{2}; +\infty\right)$.

Жаңа айнымалы енгізу әдісі

Иррационал теңсіздіктері шығару барысында иррационал теңдеулерді шығарғандай, жаңа айнымалы енгізу әдісін қолдануға болады. Кейде теңсіздікке енетін иррационал функцияны жаңа айнымалымен ауыстырып, теңсіздігіміз жаңа айнымалыға байланысты рационал теңсіздікке айналдыратын етуге болады.

Мысал 12. Теңсіздікті шешіңіз $-9\sqrt[4]{x} + \sqrt{x} + 18 \geq 0$.

Шешімі. Бастапқы теңсіздікті келесідей жазып алайық $-9\sqrt[4]{x} + \left(\sqrt[4]{x}\right)^2 + 18 \geq 0$.

айнымалыны $t = \sqrt[4]{x}$, $t \geq 0$ ауыстырайық. Сонда алатынымыз

$$\begin{cases} -9t + t^2 + 18 \geq 0, \\ t \geq 0, \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} \left[\begin{array}{l} t \geq 6, \\ t \leq 3, \end{array}\right. \\ t \geq 0, \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} t \geq 6, \\ 0 \leq t \leq 3. \end{cases}$$

Сонымен, x айнымалыны табу үшін теңсіздіктер жиынтығын аламыз

$$\left[\begin{array}{l} \sqrt[4]{x} \geq 6, \\ 0 \leq \sqrt[4]{x} \leq 3, \end{array}\right. \Leftrightarrow \left[\begin{array}{l} x \geq 6^4, \\ 0 \leq x \leq 3^4, \end{array}\right. \Leftrightarrow \left[\begin{array}{l} x \geq 1296, \\ 0 \leq x \leq 81. \end{array}\right.$$ Жауап. $x \in [0;81] \cup [1296; +\infty)$.

Мысал 13. Теңсіздікті шешіңіз $\frac{3-x}{\sqrt{15-x}} < 1$.

Шешімі. Жаңа айнымалы енгізейік $\sqrt{15-x} = t$, $t > 0$.

Онда $x = 15 - t^2$ және t айнымалысы үшін де рационал теңсіздік аламыз

$$\begin{cases} \frac{3-(15-t^2)}{t} < 1 \\ t > 0, \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} \frac{t^2 - t - 12}{t} < 0 \\ t > 0, \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} \frac{(t-4)(t-3)}{t} < 0 \Leftrightarrow 0 < t < 4. \\ t > 0, \end{cases}$$

Кері ауыстыру жасап x айнымалысын табу қалды:

$0 < \sqrt{15-x} < 4 \Leftrightarrow 0 < 15 - x < 16 \Leftrightarrow -1 < x < 15$. Жауап. $x \in (-1;15)$.

Иррационал теңсіздіктерді оның құрамына енетін функцияның қасиеттерін қолданып шешу

1. Функция монотондылығын қолдану.

Айталық, $(a;b)$ аралығында өспелі $y = f(x)$ функциясы беріліп, $f(x) < c$ (немесе $f(x) > c$) теңсіздігін шешу керек болсын. Егер x_0 – саны $y = f(x)$ теңдеуінің түбірі болсын, сонымен бірге $a < x_0 < b$, онда берілген теңсіздіктің шешімі – бүкіл $(a; x_0)$ аралығы (сәйкес $(x_0; b)$ аралығы) болады. Жалғыз ғана түбірі f монотондығынан шығады. Егер қатаң емес теңсіздік шешу керек болса, онда дәл осындай талдау нәтижесінде жауапқа $f(x_0)$ саны енеді, ал егер функция тұйық немесе жартылай ашық аралықта берілсе, онда жауапқа сәйкес аралықтың ұштары да кіреді.

Мысал 14. Теңсіздікті шешіңіз $\sqrt{3x+1}+\sqrt{x-1}<6$.

Шешімі. Бұл теңсіздіктің сол жағы өспелі функция (оны $f(x)$ арқылы белгілейік). $x=5$ болғанда сол бөлігі оң бөлігіне тең болады. Бастапқы теңсіздіктің $(x\geq 1)$ ММЖ ескерейік және оны $1\leq x<5$ аралығында қарастырайық. $f(x)<f(5)=6$ мәнін аламыз, тнда берілген теңсіздік орындалады. $x\geq 5$ болғанда, сондай себеппен (f функциясының өспелі болуына байланысты) $f(5)\leq f(x)$, онда берілген теңсіздік орындалмайды. Дәл осылайша барлық мүмкін болатын x үшін тексеріледі, шешімі аяқталды. Жауап: $x\in[1;5)$

2. ММЖ қолдану.

Мысал 15. Теңсіздікті шешіңіз $\log_5 x<\sqrt{1-x^4}$.

Шешімі. Бұл теңсіздіктің ММЖ $0<x\leq 1$ шартын қанағаттандыратын барлық x. Айта кететіні, $x=1$ саны берілген теңсіздіктің шешімі болмайтыны айқын. $0<x<1$ аралығынан алынған барлық x үшін алатынымыз $\log_5 x<0$, ал $\sqrt{1-x^4}>0$. Сондықтан, $0<x<1$ аралығынан алынған барлық x берілген теңсіздіктің шешімі болады. Жауап: $x\in(0;1)$.

Мысал 16. Теңсіздікті шешіңіз $\sqrt{x+3}+\sqrt[4]{9-x}<\sqrt{3}$.

Шешімі. Бұл теңсіздіктің ММЖ $-3\leq x\leq 9$ аралығынан алынған барлық x. Бұл жиынды $-3\leq x\leq 0$ және $0\leq x\leq 9$ аралықтарына бөлеміз.

$-3\leq x\leq 0$ аралығындағы x үшін алатынымыз $\sqrt{x+3}\geq 0$, $\sqrt[4]{9-x}\geq\sqrt[4]{9}=\sqrt{3}$. Сондықтан, бұл аралықта $\sqrt{x+3}+\sqrt[4]{9-x}\geq\sqrt{3}$ және сондықтан да, бастапқы теңсіздіктің бұл арлықта шешімі болмайды.

Айталық x айнымалысы $0\leq x\leq 9$ аралығында жатсын, онда $\sqrt{x+3}>\sqrt{3}$ және $\sqrt[4]{9-x}\geq 0$. Сондықтан, $\sqrt{x+3}+\sqrt[4]{9-x}>\sqrt{3}$ теңсіздігі x үшін орындалады, және, сондықтан да, бастапқы теңсіздіктің бұл арлықта шешімі болмайды. Жауап: Жауаптары жоқ.

3. Функция графиктерін қолдану

Мысал 17. Теңсіздікті шешіңіз $\sqrt{1-x^2}<\sqrt[8]{5-x}$.

Шешімі. Бұл теңсіздіктің ММЖ $[-1;1]$ аралығынан алынған барлық x болады. $f(x)=\sqrt{1-x^2}$ және $g(x)=\sqrt[8]{5-x}$ фукнцияларының графиктерінің кескіні 6 суретте көрсетілген. Суреттен көріп отырғанымыздай, барлық x үшін теңсіздіктің ММЖ дұрыс болады.

Осыны дәлелдейік. $[-1;1]$ аралығынан алынған барлық x үшін



$0\leq f(x)\leq 1$, ал осындай барлық x үшін алатынымыз $\sqrt[8]{5-x}\geq\sqrt[8]{4}>1$. Яғни, әрбір $x\in[-1;1]$ үшін $f(x)\leq 1<g(x)$. Сондықтан, берілген теңсіздіктің шешімдері $[-1;1]$ аралығынан алынған барлық x болып табылады. Жауап: $x\in[-1;1]$.

Білім сапасы білім беру мазмұны оқыту формалары мен әдістері, технологиялар негізінде анықталады. 12 жылдық білім жағдайында білім сапасын артыруға және нәтежеге бағытталған оқыту технологияларының бірі деңгейлеп саралап оқыту технологиясы. Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы пайдалану оқушы белсенділігін артырып білімін саралап қана қоймай қол жетімді нәтежеге жеткізеді көздейді.

Мұнан кейін деңгейлік тапсырмаларды орындай білу керек. Тақырып бойынша жасақталған деңгейлік тапсырмалар жүйесі дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өйткені, ол оқушының ойлауын, елестеу мен еске сақтауын, белсенділігі мен дағдысын, білім сапасыннның дамуын қамтамасыз етеді. [4]

Сонымен қатар, бұл жұмыстағы негізгі қол жеткен мәселелер:

- Қазіргі кезеңдегі мектеп оқушыларына инновациялық-дидактикалық оқыту технологиясы арқылы білім берудің ғылыми - теориялық негізделуі.
- Жаңа педагогикалық технология – деңгейлеп саралап оқыту технологияның мазмұны және оны пәнді оқыту сапасын арттыруда пайдалануы.
- Оқыту үрдісін деңгейлеп оқыту технологиялары арқылы оңтайландыру.
- Оқытуды оңтайландыру тәсілдерінің жүйесі жасалуы.
- Деңгейлеп саралап оқыту технологиясының білім саласында пайдаланудың маңыздылығы анықталуы.
- Деңгейлік тапсырмалап даярлау технологиясы.
- Деңгейлеп саралап оқыту технологиясында оқушы қызметін бағалау.
- Оқушылардың білім, білік, дағдыларын бақылау және тексеру.
- Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында оқытудың белсенді әдістерін пайдалану.
- Деңгейлеп саралап оқыту ерекшеліктерінің анықталуы.

Деңгейлеп саралап оқыту технологияларын пайдаланудың білім беру үрдісіндегі маңызы бүгінгі күні дәлелденуде.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. - 2007.
2. Қараев Ж.А. Педогогическая технология дифференцированного обучения -Алматы, 1999. - 5-21 бб.
3. Егоров А. Иррациональные неравенства // Математика. Первое сентября. – 2002. – №17. – С. 13-14.
4. Баймаханова С. Деңгейлеп саралап оқыту. // Қазақстан мектебі. – 2004.- №10. - 63-67 бб.

Түйіндеме

Мақалада жалпы білім беретін мектепте иррационал теңсіздіктер және олардың жүйелері тақырыбын деңгейлеп оқыту мәселелері мен әдістері қарастырылып, әр түрлі мысалдар келтірілген. Аталмыш тақырыпты деңгейлеп, саралап оқыту мәселесі қарастырылып отырған ақпарат көлемін азайтумен емес, оқушыларды бұл тақырыпты игеруге қатысты әр түрлі талаптарға бағыттау негізінде жүзеге асырылады.

Кілт сөздер: иррационал теңсіздік, теңсіздіктер жүйесі, теңсіздікті шешу, деңгейлеп саралап оқыту, педагогикалық технология.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы и способы изучения уровневого обучения темы иррациональных неравенств и их систем в общеобразовательной школе, показаны различные примеры. Уровневая дифференциация данной темы осуществляется не за счет уменьшения объема изучаемой информации, а обеспечивается ориентацией школьников на различные требования к его усвоению.

Ключевые слова: иррациональное неравенство, система неравенств, решение неравенств, уровневая дифференциация обучения, педагогическая технология.

Summary

The article deals with the problems and level-training ways of irrational inequality and its systems at comprehensive schools. Various examples are also shown in this article. Level differentiation of this theme is carried out not at the expense of reduction of volume of studied information, and provided with orientation of pupils to various requirements to its assimilation.

Key words: irrational inequality, system of inequalities, solution of inequalities, level differentiation of training, pedagogical technology.

УДК 51:53

РОЛЬ МАТЕМАТИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ В ИЗУЧЕНИИ ФИЗИКИ

А.Е.КУЗЬМИЧЕВА, кандидат физико-математических наук, профессор,
Л.Г.ОРЛОВА, Р.М.СЕРИКОВА, магистрант
Западно - Казахстанский государственный университет им. М. Утемисова, г.Уральск,
Республика Казахстан

Система образования развивается одновременно с развитием общества и в соответствии с его запросами. Для современного этапа в развитии образования характерен переход от знаниецентристского подхода к компетентстному. В педагогической науке разработана классификация компетентностей, формирование которых должно стать одной из основных целей образования. В отдельную группу выделены ключевые компетентности, проявляющиеся в способах поведения. В иерархии компетентностей вершину представляют ключевые суперкомпетентноти. Для системы школьного образования выделяют несколько суперкомпетентностей, среди которых на первое место поставлена «математическая компетентность - умение работать с числом, числовой информацией - владение математическими умениями» [1].

Одной из актуальных проблем математического образования, на наш взгляд, является необходимость повышения роли математического аппарата в возрастании эффективности обучения различных предметов школьного цикла. В первую очередь, это относится к физике, в которой именно математический аппарат позволил описать состояния, явления и процессы в знаково-наглядной форме, позволяющей проводить их исследования. На основе эксперимента и математического аппарата сформулированы фундаментальные физические теории.

Математика для учителя физики является важным образовательным инструментом. От уровня владения учителем физики этим инструментом в значительной степени зависит реализация целей и задач обучения физики, определяемых Государственными общеобязательными стандартами образования [2,3].

Математика органически входит во весь курс физики. Одни из математических операций используются чаще, другие реже. В условии физических задач важное место занимают числа, которые в большинстве своем являются именованными.

Рассмотрим несколько примеров.

1. Большие и малые числа.

Понятия «большое» и «маленькое» непосредственно связано с понятием относительности. В быту эти понятия осознаются интуитивно. Низкий балл успеваемости может казаться большим несчастьем в одной ситуации и мелочью в другой. В физике для одних и тех же физических величин используются различные единицы измерения: системные, внесистемные, краткие, дольные. Отсюда проблема - преобразование значения, выраженных в одних единицах к другим.

У учащихся возникает вопрос - зачем такая сложность, нельзя ли договориться пользоваться только одними единицами (например, СИ). Их появление связанно с тем, что при изучении физики они встречают величины в различных единицах, в том числе в СИ (м, мм, км, парсек и т.д.), а, например, электроемкость конденсатора составляет только кратные доли единицы электроемкости в СИ.

В процессе решения учащимися задач, объекты которых реальны, можно показать относительность «большого» и «малого» и целесообразность использования единиц измерения в различных представлениях.

Задача 1. *Ученые подсчитали, что на корне растения пшеницы имеется 10 000 000 волосков (10 миллионов) служащих растению для питания. Какова общая длина этих волосков и какова площадь поперечного сечения волоска, если средняя длина его равна 2 мм, а общий объем их составляет 1,5 и 3? (Как получили среднюю длину и объем?) (20 км, 0,00075 мм^2)* [4].

Использование различных единиц измерения физических величин позволяет записывать их различными числами, удобными для конкретной задачи.

2. О конденсаторе.

Емкость конденсатора, как известно, зависит от его формы, размеров и диэлектрика, заполняющего пространство между обкладками. Можно оценить размеры конденсатора чтобы его электроемкость была ~1Ф. Оценку можно сделать на примере уединенного проводника. Простейшая система-шар. Его электроемкость $C=4\pi\varepsilon\varepsilon_0 R$. Оценим радиус шара, электроемкость которого была равна 1Ф. Примем $\varepsilon=1$.

$$R = \frac{C}{4\pi\varepsilon_0} \qquad \varepsilon_0 = \frac{1}{4\pi 9\times 10^9}\,\frac{\text{Ф}}{\text{м}}$$

$$R = \frac{1\times 4\pi\times 9\times 10^9}{4\pi} = 9\times 10^9 \text{ м} = 9\times 10^6 \text{ км}$$

Радиус Земли 6480 км $\rightarrow \frac{R}{R_З} = 1400$

Радиус шара оказался значительно больше радиуса Земли. Отсюда можно сделать вывод, что реальные конденсаторы, размеры которых значительно меньше $R_З$ могут иметь электроемкость C<<1Ф. Ее удобно измерять в дольных единицах.

Задача 2. *Тело бросают вертикально вверх в комнате с высотой потолка h. Найти зависимость времени полета от момента броска до удара об пол от начальной скорости ($t=t(\vartheta_0)$)*

Решение задачи требует внимательного анализа ситуации, проведение мысленного эксперимента. Представьте, что вы бросаете мяч к потолку. И сразу неопределенность - на какой высоте рука находится от пола. По видимому, для решения следует сделать предположение, что бросок делается от пола (предположим - отскакивает от пола)

Примечание: Такой анализ ситуации полезен, чтобы учащиеся приобрели навык применения физических законов к реальным ситуациям, выполняя операции абстрагирования и идеализации.

Ситуации:1) оно падает не долетев до потолка, или максимальная высота подъема совпадает с высотой потолка ($\frac{v_0{}^2}{2g} \leq$ h).

2) отражается от потолка и падает вниз $h \leq \frac{v^2}{2g}$

Решение для этих двух ситуаций различно.

Решение для ситуации 1. Тело движется вверх до остановки, а затем падает вниз. Время движения $t=\frac{2v_0}{g}$, то есть между t и v прямо пропорциональная зависимость. На графике $t=t(v_0)$- прямая проходящая через начало координат, тангенс угла наклона к оси v_0 $\quad tg \propto = 2/g$

Решение для ситуации 2. Полное время t движения будет состоять из двух слагаемых, так как движение вверх и вниз

$t= t_1+ t_2$

t_1-время движения вверх

t_2-время движения до пола после отражения от потолка

Удар о потолок считается упругим, то есть тело при столкновении с потолком изменяет скорость только по модулю. В этом случае по принципу обратимости движений продолжительность движения тела до отражения от потолка и после одинаковое, $t_2 = t_1$. Тогда $t=2t_1$

t_1-? Движение вверх равнозамедленное, с ускорением по модулю равным g.

$$h=v_0t_1 - \frac{gt^2}{2} \quad => \quad gt_1^2 - 2v_0t_1 + 2h = 0 \quad => \quad t_1=\frac{v_0 \pm \sqrt{v_0^2 - 2gh}}{g}$$

По условию $t_1<\frac{v_0}{g}$, так как $\frac{v_0}{g}$ равно времени подъема тела, брошенного вертикально вверх. Но тело не долетело до своей максимальной высоты. Поэтому из двух полученных значений выбираем значение со знаком «-» перед корнем.

Запишем $\mathbf{t_1} = \frac{v_0 - \sqrt{v_0^2 - 2gh}}{g} = \frac{v_0}{g} - \frac{\sqrt{v_0^2 - 2gh}}{g}$

Полное врем движения $t = 2t_1 = \frac{2v_0}{g} - \frac{2\sqrt{v_0^2 - 2gh}}{g}$

Итак, при условии $h<H_{max}$ зависимость $t=t(v_0)$ оказывается более сложной.

Примечание. Ситуация два может рассматриваться как общее решение. Анализ полученного результата позволяет сделать выводы о характере движения.

Решение. Под корнем не может быть число меньше нуля.

$v_0^2 - 2gh \geq 0$ => $v_0=\sqrt{2gh}$ - тело, долетев до потолка падает, и $v_0>\sqrt{2gh}$- тело отскакивает от потолка, максимальная высота подъема больше высоты потолка

К условию $v_0^2 - 2gh < 0$ => $v_0^2 < 2gh$ $v_0 < \sqrt{2gh}$ - второе слагаемое в ответе мнимое, не имеет физического смысла, и отбрасывается.

К ней общая формула неприменима, так как получение этой формулы заложено отражение от потолка.

Задача 3. Из *крайней точки вертикально расположенной окружности по желобам, установленным вдоль ее хорд, одновременно начинают скользить грузы. Показать, что все грузы достигнут окружности одновременно. Трения нет* [5].

Решение:



Задача относится к типу задач, о которых учащиеся спрашивают, как решать, если «ничего не дано», имея в виду отсутствие количественных данных. Однако, именно такие задачи позволяют учащимся приобретать навык анализа физической ситуации, и тем самым более глубоко понимать физические явления, процессы. Так что же дано в задаче? Задано движение в вертикальной плоскости, следовательно, под действие силы тяжести, которая сообщает грузу ускорение «g», не зависящее от его массы. Есть информация о траекториях- хорды окружности. Из состояния A груз может скользить по хордам, выберем одну из них, например, AB. Достроим до треугольника проведя линию BC.

Δ ABC – прямоугольный, так как угол ABC опирается на диаметр, пусть AB=d. Начальная скорость $v_0 = 0$ (по условию) =>$d = \frac{at^2}{2}$=>$t=\sqrt{\frac{2d}{a}}$. В любой траектории ускорение a -это проекция g на хорду, a= g cos φ, cos $\varphi = \frac{d}{2R}$ => $a = \frac{gd}{2R}$ => $\mathbf{t} = \sqrt{\frac{2d2R}{gd}} = \mathbf{2}\sqrt{\frac{R}{g}}$

Действительно, время одинаково для всех хорд, но почему одинаково, если длина хорд разная? Это следствие соотношения между a и d.

a=g cos φ, d=2Rcosφ =>$d=\frac{2Ra}{g}$, между d и a прямо пропорциональная зависимость.

Владение учащимися математическим аппаратом, знание свойств, формул и умение использовать их, во многих случаях позволяет сократить путь решения задачи.

Задача. *Два проводящих шарика емкостью C_1, C_2 зарядами q_1 q_2 соответственно, соединили тонкой проволокой. Определить установившийся потенциал после их соединения.*

Решение: После соединения проводящие шарики будут эквипотенциальными т.е их потенциал одинаков

$\varphi' = \frac{q_1'}{C_1} = \frac{q_2'}{C_2}$, q_1', q_2' - заряды шариков после соединения

Справа от φ_1' стоит пропорция. По свойству пропорции $\frac{q_1'}{C_1} = \frac{q_2'}{C_2} = \frac{q_1'+q_2'}{C_1+C_2}$

Но по закону сохранения заряда: $q_1' + q_2' = q_1 + q_2$ следовательно $\varphi_1' = \frac{q_1+q_2}{C_1+C_2}$

Решение без использования математического свойства отношений, сводится к нахождению зарядов q_1' и q_2'.

$q_1' + q_2' = q_1 + q_2 \Rightarrow q_2' = q_1 + q_2 - q_1'$

Подставим в отношение $\frac{q_1'}{C_1} = \frac{q1+q2-q_1'}{C_2}$

Находим q_1' и q_2', а затем потенциал φ_1',который оказывается одинаковым на шариках.

Приведенные примеры иллюстрируют роль математической компетентности учащихся в понимании физической ситуации и решении физических задач.

Литература:

1. Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий. - М.: НИИ школьных технологий. - 2006.

2. Государственные общеобязательные стандарты среднего общего образования Республики Казахстан. – Алматы: РОНД, 2002. – 368 с.

3. ГОСО РК 6.08.066-2010 по специальности 5В011000 «Физика». Бакалавриат. –Астана, 2010.

4. Лукашик В.И. Физическая олимпиада. - М.: Просвещение, 1987.

5. Истомин В.Л., Лукьянчиков Л.А., Карпов Д.И. Задачи по физике. - Новосибирск, 2009.

Резюме

Статья посвящена роли компетентностного подхода в образовании. Рассматривается математическая компетентность учащихся, как средство более эффективного изучения физики. Обращается внимание на особенность использования больших и малых чисел в физике. Показано применение знаний алгебры и геометрии при решении конкретных задач.

Ключевые слова: математический аппарат, физика, число, математическая компетентность.

Түйіндеме

Мақала білім берудегі құзыреттіліктің роліне арналға. Бұл мақалада физиканы оқытудың ең тиімді жолы ретінде оқушылардың математикалық құзыреттілігі қарастырылған. Негізгі коңіл физиканы оқытуда үлкен және кіші саңдарды қолдануға арналған. Нақты физикалық есеп шығаруда оқушылардын алгебра мен геометрия бойынша білімдерін қолдануы көрсетілген.

Кілт сөздер: математикалық аппарат, физика, саң, математикалық құзыреттілік.

Summary

The article dedicated to role of competent approach in the education. Mathematical competence considers as more effective way (method) of studying physics. The attention is drawn to the feature of using of large and small numbers in physics. The application of knowledge of algebra and geometry to solve specific problems is showed in the article.

Key words: Mathematical apparatus, physics, number, mathematical competence.

ӘОЖ: 330.832.1:371.84:5

ТУЫНДЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ МАЗМҰНДЫ ЭКСТРЕМУМДАРДЫ ТАБУ

Л.С.ҚАЙЫҢБАЕВА, педагогика ғылымдарының кандидаты,
Г.Қ.ЕШМҰРАТ, магистр,
Ғ.А.КҮДЕБАЕВА, магистр
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Базалық білімнің негізгі компоненті ретіндегі математиканың мәні практикалық іс-әрекетте қолдану үшін қажетті, басқа оқу пәндерін зерделеу үшін, үздіксіз білім беру жүйесінде оқуды жалғастыру үшін жеткілікті нақты математикалық білімді игерту арқылы оның адамзат өркениетін, ғылыми-техникалық прогресті дамытуға, қазіргі ғылымдағы және өндірістегі рөлімен, сондай-ақ өскелең ұрпақтың рухани ортасын қалыптастырудағы, олардың интеллектуалдық және басқа да сапаларын дамытудағы математикалық білімнің маңыздылығымен анықталады.

Математиканың басқа көптеген ұғымдары сияқты, туынды ұғымын оқытуды басынан бастап көрнекілік модельдермен байланыстырылса, онда оқушылар бұл ұғымды оңай меңгереді. Мұндай модель ретінде функция графигінің «көлбеуі» бола алады, дәлірек айтсақ, графиктің берілген нүктесіне жүргізілген жанаманың бұрыштық коэффициенті. Сондықтан, оқушылармен шығарылатын есептер жанаманы қарастырудан басталады. Екінші ерекшілік, туындының механикалық мағынасын ұғындыру үшін геометриялық иллюстрацияларды қолдану. Мұндай реттілік, біріншіден, туынды ұғымының ең кемінде екі неғұрлым нақты ұғымдарды жалпылау үшін пайда болғанын түсіндіруге көмектеседі: қисыққа жүргізілген жанама және лездік жылдамдық; екіншіден, туындының геометриялық мағынасын ертерек енгізу локальды жылдамдық ұғымын ұғынуға да көмектеседі және кейбір фактілерге геометриялық иллюстрация жасауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, бұл реттілік туынды ұғымының қолданбалылығына жаттығуларды енгізуді ертерек бастап және олардың мазмұнын көбірек түрлендіруге мүмкіндік береді.

Туындының көмегімен геометриялық есептерді шығарту - математикалық талдау элементтерінің геометрияда қолдануын көрсетудің тиімді формасынын бірі болып табылады. Ал бұл, өз кезегінде, оқушыларды математиканың ішкі байланыстарын нығайтуға, нақты білімін тереңдетуге мүмкіндіктер береді. Осыған орай, бұл мақалада, мысал ретінде үш есеп шешімдерімен көрсетілген. Бірінші есеп планиметриялық фигуралардың, екінші есеп стереометрия фигураларының экстремумдарын табуға арналған, ал үшінші есепте туындының қолданысы аналитикалық геометрия курсында қарастырылған.

1 есеп. Тастан қаланған қабырға жанындағы алаңды тік бұрышты етіп қоршау керек. Сонда алаңның бір қабырғасы тастан қаланған қабырға болады да, ал үш қабырғасы сымнан жасалған тор болсын. Барлығы *a* метр тор бар. Бұл алаңды қоршағанда оның ауданы ең үлкен болу үшін қабырғаларының арасында қандай қатыс болуы керек?

Шешуі: Алаңның қабырғалары 1-суретте қөрсетілгендей *x* пен *y* арқылы белгілейміз. Сонда ауданы $S = xy$ болады. Есептің шарты бойынша $a = 2x + y$, сонда $y = a - 2x$ болады және $S = x(a - 2x)$ шығады, мұнда $0 \le x \le \frac{a}{2}$ (функция S-тің бар болу облысы ені мен ұзындығы теріс сан болмайтындығынан анықталады). Енді өзімізге белгілі жолмен шешеміз:

$$S' = (x(a - 2x))' = a - 4x$$

$$S' = 0\,,\; a - 4x = 0\,;\; x = \frac{a}{4}$$

$$S'\left(\frac{a}{4} - \varepsilon\right) > 0,\; \left(\frac{a}{4} + \varepsilon\right) < 0$$

$$y = a - 2\left(\frac{a}{4}\right) = \frac{a}{2}$$



Сурет 1

Егер $x < \frac{a}{4}$ болса, $S' > 0$ болады, ал $x > \frac{a}{4}$, болса $S' < 0$, болады, яғни туынды S' таңбасын плюстен минусқа ауыстырады. Ендеше $x = \frac{a}{4}$ болғанда функцияның максимумы болады. Функцияның мәні

$$S\left(\frac{a}{4}\right) = \frac{a}{4}\left(a - 2\frac{a}{4}\right) = \frac{a^2}{8} \text{ квадрат бірлік.}$$

S функциясы $\left[0;\frac{a}{2}\right]$ кесіндіде үздіксіз және кесіндінің ұштарында $S(0)$ және $S\left(\frac{a}{2}\right)$ нольге тең, олай болса табылған мән функцияның ең үлкен мәні болады. Сонымен, есептің берілген шартына сәйкес алаңның қабырғалары арасындағы ең пайдалы қатыс $\frac{y}{x} = 2$ болады.

2 есеп. H биіктігі және жасаушының табан жазықтығымен жасайтын α көлбеу бұрышы белгілі. Конусқа іштей сызылған цилиндр қандай максимал көлемге тең болуы мүмкін?

Шешуі: ZO=H

$$\angle ZAO = \alpha,$$

Цилиндрге сызықтық элемент ендірейік. Мысалы: $FO = r$, $ZO_1 = r\,tg\alpha$, $OO_1 = H - r\,tg\alpha$, $V_ц = \pi r^2(H - r\,tg\alpha)$. Енді $y(r) = r^2H - r^3tg\alpha$ (1) функциясын қарастырамыз. $\max V_ц$ мәнін қабылдайтындай $y_{\max}$ -нан r -дің кризистік мәндерін табамыз.

$$y'(r) = 2rH - 3r^2tg\alpha$$

$$y'(r) = 0,\ 2rH - 3r^2tg\alpha = 0,\ r(2H - 3r\,tg\alpha) = 0$$

1. Шарт бойынша $r \neq 0$ болуы керек.
2. $2H - 3r\,tg\alpha = 0$

$$r = \frac{2H}{3tg\alpha} = \frac{2}{3}Hctg\alpha$$

,

$$y'\left(\frac{1}{3}Hctg\alpha\right) = r\left(2H - 3\cdot\frac{1}{3}H\right) = rH > 0$$

$$y'(Hctg\alpha) = r(2H - 3H) = -rH < 0$$

$$\frac{1}{3}Hctg\alpha < r < Hctg\alpha$$

Олай болса r-дің мәнінде функция (1) максимал мәніне ие болады және $V_ц = V_{ц\max}$;

Сонымен

$$V_ц = \pi\left(\frac{2Hctg\alpha}{3}\right)^2 \cdot \left(H - \frac{2Hctg\alpha}{3} \cdot tg\alpha\right) = \pi \cdot \frac{4H^2ctg^2\alpha}{9} \cdot \frac{H}{3} = \frac{4\pi H^3}{27}ctg^2\alpha .$$

3 есеп. $\frac{x^2}{8} + \frac{y^2}{18} = 1$ эллипске жүргізілген жанама мен координаталар осьтері арқылы жасалған үшбұрыштың ауданы ең кіші болу үшін жанаманы эллипстің қандай нүктесінен жүргізу керек?

Шешуі: Егер сол айтылған бір нүкте табылса, онда эллипстің симметриялылығы бойынша ондай нүкте төртеу болатындығын алдын-ала байқау қиын емес. Сондықтан тек бірінші ширектегі бір нүктені ғана іздейміз. Эллипстің теңдеуінен мынаны табамыз:

$$y = \frac{3}{2}\sqrt{8 - x_0^2}$$

Егер ізделініп отырған нүктенің абсциссасын x_0 арқылы таңбаласақ, онда ординатасы $y_0 = \frac{3}{2}\sqrt{8 - x_0^2}$ болады. Аналитикалық геометриядан белгілі $y - y_0 = k(x - x_0)$ формуласын пайдаланып $\left(x_0;\ \frac{3}{2}\sqrt{8 - x_0^2}\right)$ нүктеде эллипске жүргізілген жанаманың теңдеуін құрамыз.



Сурет 2



Сурет 3

Біздің жағдайымызда $y' = -\frac{3x}{2\sqrt{8 - x^2}}$

және $k = \frac{y'}{x} = x_0 = -\frac{3x_0}{2\sqrt{8 - x^2}}$. Сондықтан жанаманың теңдеуі:

$$y = -\frac{3}{2}\sqrt{8 - x_0^2} = -\frac{3x_0}{2\sqrt{8 - x_0^2}}(x - x_0)$$

болады.

Енді жанаманың координаталар остерінен өтетін кесінділерін табамыз:

$$x = 0,\ y = \frac{3}{2}\sqrt{8 - x_0^2} + \frac{3}{2}\frac{x_0^2}{\sqrt{8 - x_0^2}} = \frac{3(8 - x_0^2) + 3x_0^2}{2\sqrt{8 - x_0^2}} = \frac{12}{\sqrt{8 - x_0^2}}$$

$$y = 0, \quad \frac{3}{2}\sqrt{8 - x_0^2} - \frac{3}{2}\frac{x_0(x - x_0)}{\sqrt{8 - x_0^2}} = 0, \quad x = \frac{8}{x_0}$$

Тік бұрышты үшбұрыштың ауданы:

$$S = \frac{1}{2} \cdot \frac{8}{x_0} \cdot \frac{12}{\sqrt{8 - x_0^2}} = \frac{48}{x_0\sqrt{8 - x_0^2}}$$

Бұл жерде x_0-ді $0 < x_0 < \sqrt{8}$ аралықта қарастыру керек. Ауданы ең кіші болу үшін $x_0\sqrt{8 - x_0^2}$ өрнегінің мәні ең үлкен болуы керек екені айқын. Сондықтан $\delta = x\sqrt{8 - x^2}$

функциясының ең үлкен мәнін табу үшін зерттеу жеткілікті. Сонда $\delta' = \sqrt{8-x^2} - \frac{x^2}{\sqrt{8-x^2}} = \frac{8-2x^2}{\sqrt{8-x^2}}$, $8-2x^2=0$, $x=2$ болады.

Енді абсциссасы $x_0 = 2$ болатын нүкте ізделініп отырған нүкте екенін көрсету қалды. Бұл, мысалы, былайша ой қорытудан шығады.

Үшбұрыштың ауданын кескіндейтін функция $S = \frac{48}{x_0\sqrt{8-x_0^2}}$ теріс емес (сондықтан да төменнен шектелген аралықта үздіксіз және үздіксіз туындысы бар).

Ал, функция аралықтың ұштарында шексіздікке айналады, олай болса ол өзінен ең кіші мәнін осы аралықтың ішінде алады, ал аралықтың ішінде функцияның туындысы тек $x_0 = 2$ нүктесінде ғана нольге тең болады. Олай болса $x_0 = 2$ нүкте функцияның ең кіші мәнін беретін нүктесі болады деп қорытындылаймыз. Сәйкес y_0 мәні эллипстің теңдеуімен анықталады: $y_0 = \frac{3}{2}\sqrt{8-2^2} = 3$.

Сөйтіп эллипстің бойында ізделініп отырған нүкте (2; 3) болады.

Оқу процесінде оқушыларға осындай есептерді шығартқанда, олардың пәнге қызығушылығын қалыптастыруға, ізденімпаздығын арттыруға, өзінің білімін дамытуға ықпал ететіні анық.

Әдебиеттер:

1. Серікбаева В.Е. Математиканың пәнаралық байланыстары: оқу әдістемелік құрал. – Алматы, 2007.
2. Болтянский В.Г., Яглом И.М. Геометрические задачи на максимум и минимум. // Энциклопедия элементарной математики. - М., 1956.
3. Бляшке В. Круг и шар. - М., 1967.

Түйіндеме

Бұл мақалада туындының көмегімен геометриялық мазмұнды экстремумдарды табуға арналған есептер қарастырылған. Бірінші есеп планиметриялық, екінші есепте стереометриялық фигуралардың комбинацияларынан ең үлкенін табуға арналған. Ал үшінші есепте туындының қолданысы аналитикалық геометрия курсында қарастырылған. Осындай есептер математиканың ішкі байланыстарын нығайтуға, оқушылардың математикалық білімін тереңдетуге мүмкіндіктер береді.

Кілт сөздер: геометриялық есептер, туынды, ең үлкен және ең кіші мәндер, жанама, экстремумдар.

Резюме

В этой статье рассмотрены задачи на нахождение экстремумов геометрического содержания с помощью производного. В первом примере показано решение экстремальной задачи планиметрии, во втором примере - нахождение экстремумов стереометрических фигур. Также рассмотрено применение производной в решении задачи курса аналитической геометрии. Такие задачи показывают внутрипредметную связь математики, также способствуют повышению качества математических знаний и умений учащихся.

Ключевые слова: геометрические задачи, производная, наибольшие и наименьшие значения, касательная. экстремумы.

Summary

In this article tasks are considered on finding of extremums of geometrical maintenance by derivative. The decision of extreme task of plane geometry is rotined in the first example, in the second example finding of extremums of stereometry figures. Application of derivative in a decision task of course of analytical geometry is also considered. Such tasks show vnutripredmetnuyu connection of mathematics, also instrumental in upgrading mathematical knowledges and abilities of student.

Key words: geometrical tasks, derivative, most and the least values, tangent. extremums.

ӘОЖ 37.016.02.51

ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ МАМАН ДАЯРЛАУДАҒЫ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ЖАЙЫ

А.Қ.ҚОНЫС, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Н.С.ИСМАЙЛОВА, Ж.НУРМУШЕВА
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Жалпы орта және кәсіби жоғары мектептің негізгі міндеттерінің бірі – оқушы жастардың, болашақ маманның ғылыми дүниетанымын қалыптастыру және оны барынша тереңдету. Осы міндетті орындауға әрбір ғылыми пән өзіндік, әрі қайталанбас үлесін қосуы тиіс. Дүниетаным біздің қоршаған әлемге деген көзқарастарымыздың жүйесі ретінде адамның табиғат пен қоғамды, өзін-өзі тану мүмкіндіктерін қуаттайды. Бұл ретте Математиканың потенциалы орасан зор, оның ғылыми методтары қоршаған әлемді тануға мүмкіндік бере отырып, ғылым мен практика мәселелерін зерттеуде абстрактілі ойлаудың қуатты құралы болатындығын дәлелдеді және ол ғылыми ұғымдар мен теориялардың қалыптасу, өрлеу процесін түсінуге де жол ашады.

Бүгінгі күндері бүкіл әлемде XX – ғасырда-ақ өзекті мәселеге айналып үлгерген ғылым мен техника салаларын жаппай математикаландыру процесі қарқынды жүруде, өйткені әрбір ғылым саласы ендігі уақытта өзінің тұжырымдарын дедуктивтік әдісті қолдана отырып алуы тиіс және аксиомалау қажеттілігі де туындауда. Заманауи осы талаптың маңыздылығын 500 жыл бұрын сезінген ұлы ғұлама Леонардо да Винчи «Математикалық дәлелдеуден өтпеген Адам баласының ешбір зерттеуі шынайы ғылым боп атала алмайды» деген болатын.

Қазіргі күндері ғылым салалары үшін ортақ ғылыми тілдің қажетілігі де өте жоғары, себебі олардың әрбірі де танымның негізгі үш бағыты болып табылатын Табиғат әлемін, не Әлеумет әлемін, немесе Адамның ішкі әлемін тікелей, я жанамалап зерттеумен айналысады. Ал математика болса, бүгіндері «Материя қозғалысының кезкелген түрін абстрактілі – формальды тұрғыдан зерттей алатындай биікке көтерілген», сондықтан ол Танымның негізгі теориялық әдістерінің бірі модельдеу арқылы және басқаларын қолдана отырып жоғарыда аталған үш бағытта да зерттеулер жүргізе алады.

Ғылым тарихында, оның дамуының өткен және кешегі кезеңдерінде математиканың бүткіл Ғылымға ортақ тіл екендігіне басқалардан бұрын көз жеткізе алған Г.Галилей «Философия ұланғайыр кітапта – ұлы Табиғатта жазылған дүние. ... Бұл ұлы кітап математика тілінде жазылған, ал оның таңбалары – математикалық формулалар» деген болса, атақты Нильс Бор «Математика турасына келгенде ғылымнан да жоғары тұр, ол – тіл. Ол шындығына келгенде тілден де жоғары, өйткені ол үстінде дедуктивтік құрылымдары жасалған ерекше тіл» деп математиканың атқарар ролін асқақтата түсті. Математикаландырудың қажеттілігіне айтылатын тағы бір уәж – ғылым салаларында, білім беруде, тұтастай қоғамымызда жүріп жатқан ақпараттандыру процесінде, себебі ақпараттандырудың тілі де математикалық тіл, өзге тілді электрондық есептеу техникасы түсінбейді.

Міне, сондықтан білім алушы жастардың бойында ғылыми дүниетанымды тәрбиелеу өте күрделі және жауапты іс, бұл процесс ұзаққа созылуы, бізден тиянақтылық пен табандылықты, математикалық мәдениетті талап етуі заңды құбылыс.

Нарықтық экономика жағдайында адами қатынастардың кезкелген саласындағы құбылыстар мен процестердің стохастикалық сипаты басымдыққа ие болуда және кәсіби маман үшін көбінесе әртекті көрсеткіштермен күнделікті жұмыс істеу, оларды жинақтау мен топтау, өңдеу және әрі қарай белгілі бір деңгейде абстракциялай отырып талдау-бағалау жұмыстарын жүргізе білу қажет болуда. Қоғамның қатардағы мүшесінің математикалық мәдениетін қалыптастыру мәселесі де күн тәртібіне қойылуы тиіс. Өйткені математикалық мәдениеттің азаматтың бойында заңға бағыныштылықты тәрбиелеуде атқарар ролі ерекше. Математикадағы дедуктивтік, аксиоматикалық әдістермен етене таныс, оларды меңгерген азамат нарықтық қоғамның заңдық-құқықтық жүйесін, талаптарын терең түсіне алатындығы, жан-дүниесімен мойындап саналы түрде қабылдайтыны шындыққа айналуда.

Сондықтан о баста экономика ғылымына, экономист-маманға арнап айтылған Адамзат кемеңгерлерінің бірі Карл Маркстің «Экономика ғылымы сонда ғана өзінің кемелденген биігіне шығады, егер ол математиканы қолдана алса» деген қанатты сөздері бүгінгі күндері Ғылымның кезкелген саласында даярланатын жоғары білімді маманға да қатысты. Осыны мойындайтын күн келді.

Жоғарыда айтылғандардан барып республикамызда осы заманғы жоғары білімді кәсіби маман даярлаудың математикалық жеткілікті сауатты талап ететін жаңа моделін жасап қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Осынау ақиқатты сезінуіміз үшін бізге жақын көршілеріміз Ресей мен Беларусьта, мысал үшін, орта арнаулы және жоғары білімді медицина мамандарын, жоғары білімді экономист-маман, химик-маман даярлауда математиканы оқытудың мазмұнымен, оның көлемімен танысу және өзімізде қалыптасқан ахуалмен салыстыру жеткілікті.

ҚР БҒМ 2006ж. 23 желтоқсанда №779 бұйрығымен бекіткен экономикалық мамандықтардың мемстандарттарында «Математиканы» 3 кредит, ал «Эконометрика» пәнін 2 кредит көлемінде студенттерге оқыту міндеттелген, ал 050508 – «Есеп және аудит» мамандығында «Эконометрика» пәнін оқыту қаралмаған.

Ал Ресейде бакалавриаттың 080100.62 – Экономика бағытында типтік оқу жоспарының 2-блогы «Математикалық және ғылыми-жаратылыстану циклы» деп аталады және онда базалық пәндер ретінде:

- Математика (матанализ, алгебра және геометрия) – 144 сағат (I-курс);
- ЫТ мен МС және кездейсоқ процестер – 72 сағат (II-курс);
- Оптималды шешімдер қабылдау әдістері – 72 сағат (II-курс),

вариативтік пәндер ретінде:

- Басқару жүйелерін модельдеу – 72 сағат (III-курс);
- Экономикалық процестерді модельдеу - 72 сағат (III-курс);
- Басқарудағы жүйелік талдау – 72 сағат (III-курс);

ал «Кәсіби цикл» аталатын 3 блокта

- Эконометрика – 72 сағат (III-курс) пәндері аталған аудиториялық сағаттар көлемінде оқытылады екен [1]. Көріп отырғанымыздай, ҚР – да экономист-мамандар даярлауда олардың математикалық сауаттылығын көтеруге жөнді мән берілмеген. Соның айғағы болар, біздегі 050508 – «Есеп және аудит» мамандығы Ресейде толық және айқын түрде «Бухгалтерлік есеп, анализ және аудит» деп аталған. Осы айтылғандардың өзі біздің қоғамның күйі мен даму деңгейі маман-экономистің кәсіби даярлығы мен оның математикалық мәдениетін қай деңгейде қалыптастырғанын көрсетіп тұр. Не дегенде де, Қазақстан экономикасы мен қоғамы үздіксіз өзгеру мен даму үстінде, олай болса маман-экономистің кәсіби даярлығы мен математикалық сауатына жаңа талаптар қоятын уақыт келді. Олай деуіміздің тағы бір себебі – Еуропа университеттерінде бүкіл XX – ғасыр бойына экономистер даярлау I-курстан соңғы курсқа дейін экономикалық-математикалық методтарды қолдануға негізделіп жүргізілген. Сондықтан да болса керек, осы кезге дейін бірнеше математик өздерінің экономикалық талдауды математикалық методтар арқылы жүргізген үздік зерттеулерінің нәтижелері бойынша экономика саласында атақты Нобель сыйлықтарын иеленген.

ҚР денсаулық сақтау саласында қызмет атқаруы тиісті орта арнаулы және жоғары кәсіби білімді медицина мамандарын даярлауда оларға математиканы оқыту мазмұны мен көлемі де осы заманғы талаптарға сай емес деуге негіз бар. Өйткені XXI – ғасыр медицинасы техникалық үздік жабдықтарды, зерттеу мен емдеу практикасында жаңашыл технологиялар мен методикаларды, математикалық методтарды қолдануды өрістете түсу бағыттарын ұстанатыны белгілі. Өркениетті мемлекеттерде, оның ішінде жақын көршіміз Ресейде осы бағыттарда жүргізіліп жатқан зерттеулер мазмұнына үңілсек, біз оларда соңғы 30-40 жыл көлемінде математикалық методтарды жалпы биология мен медицинада, оның ішінде иммунологияда, биохимия мен генетикада, радиобиология мен физиологияда, биофизика мен эпидемиологияда, клиникалық практика мен медициналық генетикада, вирусология мен гендік инженерияда, цитологияда және басқа салаларда пәрменді түрде және жаппай қолдануға көшкендерін көреміз.

ҚР БҒМ 2005ж. бекіткен орта медициналық білім берудің мемлекеттік стандартында мамандықтардың негізгі мектеп бітірген оқушыларына Математика пәнін 136 сағат көлемінде, негізгі 10 тақырып бойынша оқыту міндеттелген, бірақ орта мектеп бітіргендерге математика пәнін оқыту қаралмаған. Бұдан, бас-аяғы 3-4 жыл ішінде Математика пәнін орта арнаулы оқу орындарында оқыту жайының күрт төмендегенін көреміз. Өйткені, мұның алдында, 2002ж. 9 тамызда бекітілген Математиканың типтік бағдарламасында бұл пәнді 176 сағат көлемінде оқыту қаралған болатын, ал Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясында даярланып, 2004ж. 19 желтоқсанында бекітілген типтік оқу бағдарламасы бойынша медицина колледждерінде «Жоғары математика негіздерін» оқыту 66 сағат көлемінде жоспарланған еді. Осы типтік оқу бағдарламасы «Математика» пәнін академияларда дәрігерлік мамандықтар студенттеріне 100 сағат көлемінде оқытуды міндеттейді, әрі жасалу сапасы бойынша ресейлік бағдарламалар деңгейінен көрінген. Салыстыру үшін біз 060103 – Педиатрия мамандығына Сібір мемлекеттік медицина университетінде (Томск) 2006ж. жасалған «Жоғары математиканың» жұмыс бағдарламасын қарасақ, онда аталған курсты оқытуға 20 сағат лекция мен 51 сағат практикалық сабақтар қаралған және курстың басты мақсаты «студенттердің ойлау логикасын дамыту, оларды фармация, физика, химия және биология есептерін шешуде математикалық методтарды қолдануға үйрету» деп нақтылап, «математиканың ортақ зерттеу инструменті екендігі» ашып айтылған [2].

Жоғары білімді маман даярлауда математиканы оқыту мен ғылым салаларында математикалық методтарды қолдану осы салалардағы білім мен теориялық нәтижелердің ғылыми деңгейін көтеретін болады, себебі математикада ғылыми танымның методтары барынша бірізділікпен және кеңінен қолданыс табатыны белгілі. Сондықтан да болса керек, XX – ғасырдың екінші жартысында өркениетті елдерде ғылым мен техникадағы, экономикадағы математиканың ролі мен маңызы өсе түсті, математиканы оқыту сапасы артты және ғалым-математиктердің саны көбейді. Мысалға, 1963ж. статистикалық мәліметтер бойынша АҚШ-та 42,1 мың математик болса, болжаммен 1975ж. олардың саны 87,2 мыңға дейін өсуі тиіс болды [3]. Франциядағы ахуал мемлекеттік құжаттарда былайша сипатталған: «Математиктердің еңбек ету жағдайына осыған дейін назар мүлдем аз аударылғаны мойындалады. Бесінші бесжылдық жоспар оларға көмекті ғылыми хатшылар, техникалық көмекшілер мен арнайы аудармашылар түрінде қамтамасыз етті. Әдебиеттер сатып алуға, математикадан еңбектерін жариялауды жеңілдетуге қаржылар бөлінді. Математиктердің шетелдерге шығуына және Францияға шетелдік белгілі мамандарды шақыруға көлемді қаржылар қаралған. Қазіргі уақытта математикалық методтарды қолданудың жаңа бағыттарына, оның ішінде іргелі ғылым саласына айнала бастаған праксеологияға және Адамзат келешегін айқындайтын әлеуметтік ірі жобаларды даярлауға бет бұру көзделуде» [4].

Енді жоғары білімді химик-маман даярлауда оларға математиканы оқыту қажеттілігін және біздегі қалыптасқан ахуалды көрсететін мәліметтерге тоқталайық. Химиядағы ең қарапайым көрінетін сутегіні оттегімен тотықтандыру реакциясының шындап келгенде қатаң реттелген 60 кезеңнен тұратыны кейініректе анықталып отыр және осы процесті математикадағы матрицалар теориясы барынша терең сипаттай алады. Ал химиялық кинетика есептерін модельдеуге матрицалар теориясын қолдану мүмкіндігін алғаш атап көрсеткен ағылшын математигі Джеймс Сильвестр болған. XIX – ғасырда химияда пайда болған қаныққан $C_k H_{2k+2}$ көмірсутектерінің изомерлер санын анықтау туралы күрделі есепті алғаш шешкен де ағылшын математигі, Кембридж университетінің профессоры Артур Кэли. Сол сияқты, математикадағы графтар теориясы химияда иондық, атомдық, молекулалық және металдық кристалдар структурасын зерттеуде, химиялық реакциялардың графтарын құруда, көп кезеңді күрделі химиялық реакцияларды зерттеуде, олардың маршруттарын анықтауда қолданыс табуда [5]. Биохимиядағы сандық талдау мен бағалауға комбинаторика аппаратын қолдану Адамзаттың гендік қорының мүмкін шекараларын анықтауға, басқа да күрделі есептерді шешуге мүмкіндік беруде. Келесі қадамда химиялық кинетика есептерін модельдеуге қарапайым және дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер теориялары қолданысқа түсті [6]. Химиялық реакторларда балқыған таза химиялық заттардың кристалдану процесіне сәйкес математикада Стефан есебі деп аталатын дифференциалдық модельдерді зерттеу жұмыстары басталды [7].

Химия пәнінің мұғалімі орта мектептегі жалпы химия курсының практикалық-лабораториялық есептерін шешу үшін математикадан пайыз бен пропорция құру, күрделі пайыздар формуласын пайдалану, бір және екі айнымалылы теңдеулер мен олардың жүйесін құрып-шешу біліктілігі мен дағдыларын меңгеруі қажет. Ал химия курсында ішінара жүргізілетін ғылыми эксперименттің қалыптасқан теориясы, оның нәтижелерін өңдеудің математикалық-статистикалық қатаң әдістері бар. Сондықтан химик-маман ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика методтарын қажетті деңгейде меңгеруі тиіс деп білеміз.

Ресейдің жоғары білім беру саласында химик-маманның математикалық даярлығына толымды көзқарас бар болғандықтан, мысалға, Кемерово МУ-нің химия факультетінде 020100.62-Химия мамандығына (2012ж.) математика пәнін оқыту мынадай тарауларды:

1) Аналитикалық геометрия және алгебра негіздері - 30 сағат лекция, 18 сағат практика;

2) Математикалық анализ - 62 сағат лекция, 62 сағат практика;

3) Дифференциалдық теңдеулер - 30 сағат лекция, 18 сағат практика;

4) Математикалық физика теңдеулері - 30 сағат лекция, 30 сағат практика;

5) ЫТ мен МС - 30 сағат лекция, 30 сағат практика - көлемде қамтиды [8].

Бұл математикалық пәндердің 1-4 – оқу семестрлерінде оқытылуы және олар бойынша 4 емтихан, 1 сынақ алынуы көрсетілген. Математиканы оқытудың өзектілігі мен маңызы жұмыс оқу бағдарламасында «Ғылымның дамуының бүгінгі күнгі деңгейі маман-химиктердің жеткілікті жоғары математикалық даярлығын талап етеді» деп тиянақталған. Ал ҚР-да жоғары білімді химия пәнінің мұғалімін даярлау саясатын анықтайтын 5В011200 – Химия мамандығының мемстандартында (Астана, 2010) аталған мамандық студенттеріне математика пәнін оқыту мүлдем қаралмаған.

Әрине, жоғары білімді экономист, химик және басқа мамандарды даярлауда математикадан қажетті сапалық және сандық әдістерді, тиісті математика тарауларын мамандық иелері таңдауы, ал математиктер оқу материалын оқытудың әдістері мен педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін анықтауы тиіс. Бұл бағытта, әсіресе бүгінгі күндері жинақталып отырған мәселелер баршылық. Ең бастысы, басқа мамандықтар тобына математиканы оқытуда мынадай талаптарды ұстану қажет:

а) оқу материалын математикаға тән формальды-теориялық деңгейде және кәсіби бағдарлап беру;

б) оқытуды студенттердің психологиялық-педагогикалық қабілетін дамыта отырып мотивация қалыптастыру жағдайында жүргізу.

Математика курсында сызықтық алгебра тарауын оқытқанда химик-студенттерге көпкезеңді химиялық реакциялардың сипатын ашуға стехиометриялық, атомдық матрицалардың қолдануын көрсету, қажетті сызықтық алгебралық теңдеулер жүйесін шешу, сөйтіп ізделінді химиялық реакцияларды құру студенттердің математика пәніне қызығушылығын, олардың ғылыми таным деңгейін арттырары анық. Мысалға, атомдар ретінде H, C, O, ал химиялық заттар ретінде CH_4, CH_2O, O_2, H_2O алайық. Онда $n=3$ (атомдар саны), $N=4$ (заттар саны), ал

$$B=\begin{pmatrix} H \\ C \\ O \end{pmatrix},\ \ A=\begin{pmatrix} CH_4 \\ CH_2O \\ O_2 \\ H_2O \end{pmatrix},\ \ \beta=\begin{pmatrix} 4 & 1 & 0 \\ 2 & 1 & 1 \\ 0 & 0 & 2 \\ 2 & 0 & 1 \end{pmatrix},\ \ A=\beta\cdot B.$$

β атомдық матрицасының рангі $r(\beta)=3.$ Сондықтан тәуелсіз химиялық реакциялардың саны $N-r=1.$ Осы жалғыз реакцияның

$$\alpha_1 CH_4+\alpha_2 CH_2O+\alpha_3 O_2+\alpha_4 H_2O=0$$

стехиометриялық $\alpha_1, \alpha_2, \alpha_3, \alpha_4$ коэффициенттері

$$\begin{pmatrix} \alpha_1 & \alpha_2 & \alpha_3 & \alpha_4 \end{pmatrix}\cdot\begin{pmatrix} 4 & 1 & 0 \\ 2 & 1 & 1 \\ 0 & 0 & 2 \\ \hline 2 & 0 & 1 \end{pmatrix}=0$$

теңдігінен, яғни

$$\begin{cases} 4\alpha_1 + 2\alpha_2 + 2\alpha_4 = 0, \\ \alpha_1 + \alpha_2 = 0, \\ \alpha_2 + 2\alpha_3 + \alpha_4 = 0 \end{cases}$$

біртекті теңдеулер жүйесін шешу нәтижесінде $\alpha_1 = 1, \alpha_2 = -1, \alpha_3 = 1, \alpha_4 = -1,$ яғни $(1, \quad -1, \quad 1, \quad -1)$ түрінде табылады. Олай болса ізделінді реакция

$$CH_4 - CH_2O + O_2 - H_2O = 0$$

яғни

$$CH_4 + O_2 = CH_2O + H_2O$$

болатыны алынды.

Дәл осылайша, математика курсындағы негізгі ұғым «функция» арқылы химиялық мазмұндағы есептерді шешуге графиктік тәсілді қолдануға болады. Жоғары білімді химик-маманды даярлауда химиялық кинетика есептерінің дифференциалдық модельдерін құрып-зерттеу студенттердің ғылыми таным көкжиегін одан әрі кеңейте түсетін болады.

Осы кезге дейін математиканы ЖОО-да оқытуда теориялық-формальдық оқу материалына барынша басымдық беріліп келді, ал математикалық емес мамандықтың иесі өзінің практикалық кәсіби қызметіне қажетті қолданбалы сипаты басым математикалық білім алуды қажетсінеді. Сондықтан аталған санаттағы студенттерге математика пәнін өз саласындағы қолданбалы мазмұндағы және стандартты емес есептерді қолдана отырып оқыту қажет.

Қалай дегенде, «ҚР-да білім беруді дамытудың 2011-2020 ж.ж. арналған Мемлекеттік Бағдарламасында» көрсетілген индикативті көрсеткіштерге қол жеткізу үшін болашақ жоғары білімді мамандарды математика бойынша тиянақты және жүйелі даярлықтан өткізетін мемлекеттік ұстаным тез арада қалыптастырылуы қажет деп есептейміз.

Әдебиеттер:

1. Учебные планы подготовки бакалавра по направлению 080100.62 – Экономика. Московский технологический институт (2011г.). http://www.mti.edu.ru.
2. Рабочая программа по ВМ для студентов специальности 060103 – Педиатрия. Сибирский государственный медицинский университет (Томск, 2006).//Интернет.
3. Политика США в области науки. –М.: Прогресс, 1971.
4. Илечко Б. Научные исследования во Франции. –М.: Мир, 1971.
5. Оре О. Теория графов. – М.: Мир, 2000.
6. Гильдерман Ю.И. Вооружившись интегралом... – Новосибирск: Наука, 1980.
7. Мейрманов А. Задача Стефана. – Новосибирск: Наука, 1986.
8. Рабочая программа дисциплины «Математика» для направления 020100.62 - Химия.//Федер. госуд. бюдж. образов. учрежд. «Кемеровский гос. университет». – Кемерово, 2012.

Түйіндеме

Мақалада білім алушы жастың, ертеңгі маманның ғылыми дүниетанымын қалыптастыру мен тереңдетудегі математиканың рөлі туралы айтылады. Жоғары білімді маманды даярлау бағдарламасында ҚР-да математиканы оқытуға заманауи талаптарға сай мән берілмейтіні Ресейдегі ахуалмен салыстыра отырып көрсетіледі.

Кілт сөздер: ғылыми дүниетаным, математикаландыру, ақпараттандыру, атомдық матрица, дифференциалдық модель.

Резюме

На примере сравнительного анализа состояния преподавания математики при подготовке специалиста с высшим образованием в России сделан вывод о несоответствии качества этой составляющей требованиям сегодняшнего дня в РК. Приведены общеизвестные роль и значение математики в дальнейшем углублении научного мировоззрения учащейся молодежи, будущего специалиста.

Ключевые слова: научное мировоззрение, математизация, информатизация, атомная матрица, дифференциальная модель.

Summary

On the example of a comparative analysis of the teaching of mathematics in the preparation of specialists with higher education in Russia concluded that the quality of this component of the non-compliance of the requirements of today in Kazakhstan. Given the well-known role and importance of mathematics in further deepening the scientific outlook of students, future specialist.

Key words: Scientific outlook, mathematicization, informatization, nuclear matrix, differential model.

УДК 517.9

ПРИМЕНЕНИЕ ЗАДАЧ ПРАКТИЧЕСКОГО СОДЕРЖАНИЯ В КУРСЕ ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫХ УРАВНЕНИЙ

А.А.КУЛЬЖУМИЕВА, кандидат физико-математических наук, доцент,
С.А.ЛУКЬЯНОВ, студент
Западно-Казахстанский государственный университет им. М. Утемисова, г.Уральск,
Республика Казахстан

Теоретические сведения

Математическое образование как область исследования является междисциплинарной: изучение образовательной политикой, учебных планов, проблем преподавания и изучения математики означает принятие методов и понятий из других дисциплин, таких как психология образования и методика преподавания, для изучения собственных вопросов. В полной мере это касается и вопроса оценки результатов обучения. Этой проблемы касались К. Дуэк (неявная связь между процессом обучением и его результатами), Дж. Пеллегрино, Р. Глейзер (разработка методов неформального оценивания) и др.

Исследования в области математического образования весьма разнообразны: начиная от локальных исследований до интернациональных и крупномасштабных экспериментальных разработок [1]. В данной работе будет представлено локальное исследование на уровне учебного заведения. *Оценка* учебных программ является неотъемлемой частью изысканий в области математического образования. Она представляет собой широкое понятие, определявщее как процесс получения информации, использующейся для принятия решения о качестве учебных программ и образовательной политики [2]. *Контроль* определяется как инструмент или систематическая процедура для наблюдения и описания одной или более характеристик обучаемого. Процесс оценки включает в себя *объект оценки, шкалу значений,* и *способ сбора информации* таким образом, что объект может быть помещен в шкалу величин для оценки [3]. Конечной целью исследований в области образования, разработки учебных программ и их содержания является повышение успеваемости обучаемых. Таким образом, оценка программы на студенческом уровне имеет весомое значение. Для оценки достигнутого уровня освоения учебной программы рассматриваются различные аспекты математического мышления [4]. Смешанные методы, такие, как наблюдение за студентами на занятиях, выполнение заданий и тестирование, могут быть использованы для сбора информации по оценке достигнутого уровня освоения учебной программы. В частности, при оценке мы должны обратить особое внимание на выбор заданий итогового контроля.

Заинтересованность в долгосрочном исследовании природы изучаемых явлений обозначила необходимость выработки метода, показывающего значимые связи между этими явлениями. Это - основная проблема таксономии: упорядочить явления таким способом, который свидетельствовал бы о некоторых из основных свойств, а также взаимосвязях между ними. Б. Блум предложил метод упорядочения образовательных результатов, основываясь на возрастающей сложности учебных задач. «Его таксономическая структура описывает, как, опираясь на предшествующее обучение, мы развиваем более сложные уровни обучения» [5]. Результаты обучения делятся на три области: *когнитивную* (запоминание, понимание, применение, анализ, оценка, синтез), *аффектную* (обращение внимания, реагирование, оценка, организация, характеризация), *психомоторную* [6]. Устоялось мнение, что результаты обучения должны описываться всеми тремя областями: 5 результатов из когнитивной области, 2 — из аффектной, 1 — из психомоторной [5].

В период с 16.09.13 по 21.09.13 в ЗКГУ, на кафедре физики и математики физико-математического факультета проводился педагогический эксперимент, направленный на выявление связи уровня освоения учебной программы с увеличением использованного объема задач практического содержания. Основной гипотезой в исследовании выступало следующее положение: *активное использование задач практического содержания на занятиях улучшает результаты обучения из когнитивной области: не только на более высоких уровнях (применение, анализ и синтез), но и на низших – запоминания и понимания*.

Описание эксперимента и результаты

В эксперименте принимали участие студенты гр. 04302 специальности «Математика». Было проведено три занятия, основой для которых послужил материал разрабатываемой блочно-модульной программы «Дифференциальные уравнения»:

Б1. Обыкновенные дифференциальные уравнения первого порядка.

М2. Основные виды дифференциальных уравнений первого порядка.

Из-за ограниченности во времени мы выбрали материал, касающийся только уравнений с разделяющимися переменными.

Тематика занятий: 1. Решение уравнений с разделяющимися переменными.

2. Задачи, приводящие к уравнениям с разделяющимися переменными.

3. Моделирование простых систем с помощью уравнений с разделяющимися переменными.

Последние два занятия проводились с половиной группы (Группа А), в то время как вторая (Группа Б) занималась в соответствии с текущим учебным планом.

По окончании занятий всей группе была предложена проверочная работа, направленная на выяснение достигнутого уровня освоения учебного материала. Поскольку занятия касались ограниченного круга вопросов теории обыкновенных дифференциальных уравнений, мы выделили следующие результаты обучения:

Когнитивная область

1. Находить общее, частное, особое решения уравнений с разделяющимися переменными (*запоминание*).

2. Сводить уравнения к уравнениям с разделяющимися переменными (УРП), нахождение решения задачи Коши (*понимание*).

3. Анализировать данные задачи, уметь интерпретировать их, сводить решение к решению уравнения в частных производных (*применение*).

Аффектная область

1. Понимать значение УРП в описании природных процессов (*оценка*).

2. Понимать ограниченность применимости УРП к моделированию простых систем (*организация*).

Психомоторная область

1. Активное выделение процессов, описываемых с помощью УРП.

Для их проверки итоговая работа имела следующую структуру: 5 заданий, определяющих достижение результатов в когнитивной области, 2 — в аффектной, 1 — психомоторной (таб.1, таб.2)

Таблица 1 - Структура итоговой работы

Область	№	Вопрос задания (*примечание*)	Балл
Когни-тивная	1	Из приведенных уравнений найти уравнение с разделяющимися переменными и решить его	0,3
			решение уравнения
	2	Решить уравнение (*решить заменой переменного*)	0,2 + 0,3
			замена переменного+ решение уравнения
	3	Решить задачу Коши. Определить интервал, на котором определено решение.	0,3 + 0,1
			решение уравнения + определение интервала
	4	Решить задачу (*задача, решение которой основано на изученных закономерностях – законе радиоактивного распада, ньютоновском законе охлаждения и нагрева, логистической и мальтусовской моделях роста*)	0,3 + 0,3 + 0,2
			известный алгоритм решения + решение уравнения + интерпретация результата
	5	Решить задачу (*выявление незнакомой закономерности по аналогии с решаемыми ранее задачами*)	0,5 + 0,3 + 0,2
			составление уравнения + решение уравнения + интерпретация результата
			3
Аффект-ная	6	Решить задачу (*задача приводит к решению дифференциального уравнения иного типа; здесь важно продемонстрировать умение интерпретировать данные задачи*)	0,5
			составление уравнения
	7	Из приведенных процессов выделить описываемый с помощью УРП. Решить его уравнение.	0,5 + 0,3 + 0,2
			составление уравнения + решение уравнения + интерпретация результата
			1,5
Психо-моторная	8	Привести собственный вариант процесса, описываемого с помощью УРП, доказать	1 + 0,5 + 0,3 + 0,2
			нахождение процесса, описываемого УРП + составление уравнения + решение уравнения + интерпретация результата
			2,5

Таблица 2 - Содержание варианта итоговой работы.

№	Задание
1	Из приведенных уравнений найти уравнение с разделяющимися переменными и решить его $.y' = \frac{t-y}{t+y}$ 1 ; 2. $y'' + y' = x$; 3. $y = xy' - 3y'^3$; 4. $y' = -3x(1+y)^3$; 5. $y' - 3xy = e^{x^4}$
2	Решить уравнение $y' = \cos(y - x)$
3	Решить задачу Коши. Определить интервал, на котором определено решение. $(x^2 - 5)y' + 3xy^2 = 0;\ \ y(0) = 2$
4	Население г. Алматы в 2012 г. составило 1 472 866 чел., с годовым приростом в 2011 г. порядка 1,2%. Население г. Астаны составляло в то же время порядка 742 918 чел. с годовым приростом порядка 5%. Предполагая темпы прироста населения этих городов установившимися, определить время, по истечении которого численность населения этих городов сравняется.
5	Сумма в 500 000 тг. положена в банк на 9% в год. Найдите закон изменения суммы при условии, что доход начисляется непрерывно. Через сколько лет вклад двоится?
6	Тело массы m падает под действием силы тяжести в среде, оказывающей сопротивление, пропорциональное квадрату скорости падения. Найти закон движения тела.
7	Из приведенных процессов выделить описываемый с помощью УРП. Составить и решить уравнение. 1. По наклонной плоскости длиной l = 12 м скользит тело A. Угол наклона плоскости α = 50°. Коэффициент трения тела по поверхности плоскости k = 0,5. Определить закон движения тела и время, в течение которого тело пройдет вдоль всей наклонной плоскости, если в начальный момент оно находилось в покое на верхней грани этой плоскости. 2. Найдите уравнение кривой железнодорожного пути, переходящей плавно от прямого направления к круговому, если длина переходной кривой l, а радиус кругового пути r. 3. Скорость размножения бактерий пропорциональна их количеству. В начальный момент имелось 350 бактерий, а в течение 2 ч их число удвоилось. Найти зависимость количества бактерий от времени. Во сколько раз увеличится количество бактерий в течение 24 ч?
8	Привести собственный вариант процесса, описываемого с помощью УРП. Доказать.

Каждое задание имело балловый эквивалент — совокупность оценок действий, необходимых для решения (таб.3). По итогам выполнения работы были получены следующие данные (таб.4)

Таблица 3 - Балловые эквиваленты действий

Активность	Балл
Решение задачи Коши. Определение интервала	0,1
Замена переменного	0,2
Интерпретация результата	0,2
Решение уравнения	0,3
Применение известного алгоритма решения задачи	0,3
Составление уравнения по условиям задачи	0,5
Нахождение процесса, описываемого УРП	0,5

Таблица 4 - Результаты выполнения итоговой работы

Группа А.						
№ задания	1	2	3	4	5	Ср. оценка по заданию
1	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3
2	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5
3	0,4	0,3	0,4	0,4	0,4	0,38
4	0,6	0,8	0,8	0,6	0,8	0,72
5	0,5	0,8	1	0,8	1	0,82
6	0,5	0	0,5	0,5	0,5	0,4
7	1	0,8	0,8	0,8	1	0,88
8	0	0	1,5	1	0	0,5
Общая оценка студента	3,8	3,5	5,8	4,9	4,5	
Общая оценка, переведенная в 100-балловую систему	54,29	50,00	82,86	70,00	64,29	
Группа Б.						
№ задания	1	2	3	4	5	Ср. оценка по заданию
1	0	0,3	0,3	0,3	0,3	0,24
2	0,5	0,2	0,2	0,5	0,2	0,32
3	0,4	0,4	0,3	0,3	0,4	0,36
4	0,6	0,3	0,3	0,6	0,6	0,48
5	0,5	0,8	0,5	0,8	0,5	0,62
6	0,5	0	0	0,5	0,5	0,3
7	0,8	0,5	0,5	0,8	0,5	0,62
8	0	0	0	0	0	0
Общая оценка студента	3,3	2,5	2,1	3,8	3	
Общая оценка, переведенная в 100-балловую систему	47,14	35,71	30,00	54,29	42,86	

На схеме 1 видно, что Группа Б не справилась ни с одним заданием лучше, чем Группа А. Выясним, существует ли взаимосвязь между лучшими результатами Группы А и введением большого количества задач практического содержания в программу.



Обратимся к выдвинутому ранее предположению. Рассмотрим первые 5 заданий, проверяющие результаты обучения в когнитивной области. Задания первой категории (№№ 1 — 3) направленны на проверку запоминания и понимания, второй (№№ 4, 5) — применения и анализа. Обозначим через X_i и Y_i сумму результатов для каждого студента по этим двум категориям соответственно. В результате мы получим некоторый набор объектов (обучаемых), обладающих двумя качественными признаками [7], что позволит нам найти коэффициент линейной корреляции Пирсона (таб.5).

Таблица 5 - Нахождение коэффициента линейной корреляции

	X	Y					
1	1,20	1,10	0,15	-0,22	-0,033	0,0225	0,0484
2	1,10	1,60	0,05	0,28	0,014	0,0025	0,0784
3	1,20	1,80	0,15	0,48	0,072	0,0225	0,2304
4	1,20	1,40	0,15	0,08	0,012	0,0225	0,0064
5	1,20	1,80	0,15	0,48	0,072	0,0225	0,2304
6	0,90	1,10	-0,15	-0,22	0,033	0,0225	0,0484
7	0,90	1,10	-0,15	-0,22	0,033	0,0225	0,0484
8	0,80	0,80	-0,25	-0,52	0,13	0,0625	0,2704
9	1,10	1,40	0,05	0,08	0,004	0,0025	0,0064
10	0,90	1,10	-0,15	-0,22	0,033	0,0225	0,0484
Σ					0,37	0,225	1,016

Оценим полученное нами эмпирическое значение коэффициента Пирсона, сравнив его с соответствующим критическим значением для заданного уровня значимости из таблицы критических значений коэффициента корреляции Пирсона. При нахождении критических значений для вычисленного коэффициента корреляции Пирсона число степеней свободы рассчитывается как $k = m - 2$. Для выборки с числом элементов $m = 10$ и уровнем значимости $p = 0.05$ критическое значение коэффициента Пирсона , с уровнем значимости $p = 0.01$

Так как абсолютное значение, полученного нами коэффициента корреляции больше критического значения, взятого из таблицы, мы отклоняем гипотезу H_0 об отсутствии корреляционной зависимости между выборками и принимаем альтернативную гипотезу о статистической значимости на 1% уровне (вероятность ошибки 0.01) отличия коэффициента корреляции от нуля, и наличии связи между выборками.

Таким образом, между признаками X и Y найдена корреляционная зависимость. Оценим степень связи качественных признаков, используя коэффициент ранговой корреляции Спирмена.

Таблица 6 - Нахождение коэффициента линейной корреляции

	X	Y	d_i	d_i^2
1	2,50	6,00	-3,50	12,25
2	2,50	1,00	1,50	2,25
3	2,50	4,00	-1,50	2,25
4	2,50	2,00	0,50	0,25
5	5,50	3,00	2,50	6,25
6	5,50	5,00	0,50	0,25
7	8,00	7,00	1,00	1,00
8	8,00	8,00	0,00	0,00
9	8,00	9,00	-1,00	1,00
10	10,00	10,00	0,00	0,00
Σ				25,50

$$\rho_{\text{в}} = 1 - \frac{6\sum d_i^2}{n^3 - n} = 0,85$$

Найдем критическую точку двусторонней критической области распределения Стьюдента а уровне значимости $\alpha = 0,05$ и числу степеней свободы $k = 8$,

Таким образом, между качес-твенными признаками существует значимая ранговая корреляционная связь.

Обсуждение и заключение

На основании полученных данных, возможно, была найдена некоторая взаимосвязь между улучшением результатов обучения из когнитивной области и введением большого количества задач практического содержания в курс дифференциальных уравнений для будущих учителей математики. Обучаемые, показывающие хорошие результаты в практике решения задач прикладной направленности показывали лучшие результаты в решении тривиальных заданий: решении уравнений, задачи Коши и т.д., тогда как ранее представлялось, что студенты обеих групп должны были показывать одинаковые результаты в решении простых заданий. Для подтверждения или опровержения полученного результата требуется более широкая выборка, которая позволит произвести более точное исследование.

Коснемся использования полученных результатов в обучении. Учитель в современных условиях должен обеспечивать индивидуализацию и личностную ориентацию образовательного процесса, проектировать образовательные траектории учащихся, практически ориентировать образовательный процесс в профильной школе, формировать способности, необходимые для продолжения образования в выбранной старшеклассником сфере [8]. Поэтому становится актуальным вопрос выбора новой модели содержания образования будущего учителя. Теперь введение задач практического содержания, возможно, оправдано не только новыми требованиями, предъявляемыми к подготовке будущего учителя математики, но и дидактическими соображениями.

Литература:

1. Cai J. Evaluation of Mathematics Education Programs. International Encyclopedia of Education (Third Edition), 2010
2. NCTM (National Council of Teachers of Mathematics). Assessment Standards for School Mathematics, Reston, 1995.
3. Fitzpatrick, J. L., Sanders, J. R., and Worthen, B. R. Educational Evaluation: Alternative Approaches and Practical Guidelines, Boston, MA: Pearson. 2004.
4. Sternberg, R. J. and Ben-Zeev, T. The Nature of Mathematical Thinking. Hillsdale, NJ: Erlbaum, 1996.
5. Назарбекова С.П., Абдижаппарова Б.Т., Адырбекова Г.М., Абуова И.А. О формулировании результатов обучения для модульных образовательных программ. // Инновации в образовании. - 2013. - № 6.
6. Benjamin S. Bloom. Taxonomy of Educational Objectives. The Classification of Educational Goals. Handbook 1: Cognitive Domain, Longmans, 1956, 15-20
7. Гмурман В.Е. Руководство к решению задач по теории вероятностей и математической статистике. - М.: Лань, 2004.
8. Концепция профильной подготовки учащихся и профильного обучения старшеклассников. - Астана, 2006.

Резюме

Настоящая работа касается оценки результатов обучения при модульном построении курса дифференциальных уравнений для будущих учителей математики. Исследуется влияние на эти результаты применения в курсе задач практического содержания. Показывается, как изменение в усвоении материала практической направленности влияет на умения в решении простых заданий. Намечена возможность использования результатов в обучении будущих учителей.

Ключевые слова: результаты обучения, оценка, контроль, когнитивные процессы.

Түйіндеме

Бұл мақалада біз болашақ математика пәні мұғалімдері үшін дифференциалды теңдеулер курсының модульдік құрылымы кезінде оқыту нәтижесінің бағалау мәселесіне көңіл бөлеміз. Бұл нәтижелерге есептер курсының практикалық мағынада ықпалын зерттейміз. Практикалық бағыттағы материалды үйрену үрдісінің өзгерісі қарапайым есептерді шығарып үйренуге әсер ететіндігін көрсетеміз. Болашақ мұғалімдердің оқыту үрдісінде нәтижелерді қолдану мүмкіншілігі ескерілді.

Кілт сөздер: оқыту нәтижесі, баға, бақылау, когнитивті процестер.

Summary

This article deals with the teaching results` evaluation at modular assemblies of the differentical equations courses for future teachers of mathematics. The influence is researched upon these results of the practical contents. We try to show how practical material assimilation ingluences upon skills in solving simple tasks. The future teachers` possibility of results use is discussed. Marked possibility of the use result in learning the future teachers.

Key words: results of the education, estimation, checking.

ӘОЖ 37.022:512:514:373.5

АЛГЕБРА ЖӘНЕ ГЕОМЕТРИЯ КУРСТАРЫН КІРІКТІРУ НЕГІЗІНДЕ БІРНЕШЕ БЕЛГІСІЗДІ СЫЗЫҚТЫҚ ТЕҢДЕУЛЕР МЕН ТЕҢСІЗДІКТЕР ЖҮЙЕЛЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

С.Қ.МЕҢЛІҚОЖАЕВА, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
У.Б.САПАКОВА, магистрант
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Оқытудағы алгебра мен геометрия пәндерінің интегративтік функциясын көрсетудің бір мысалы ретінде сызықтық теңдеулер мен теңсіздіктерді қарастырамыз. Сызықтық теңсіздіктер жүйесіне қатысты сұрақтар бірнеше рет таза математикалық, яғни үйлесімсіз теңдеулер жүйелерін барынша жуықтап шешу, көпмүшеліктерді құру мен жиындар теориясы және т.б. мәселелермен қатар туындады.

Екі және үш белгісізді сызықтық теңсіздіктерді оқыту теориясы алгебра мен геометрия курстарының пәнішілік байланыстарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, яғни геометриялық денелер – көпбұрыштар немесе көпжақтарды аналитикалық түрде сызықтық теңсіздіктер жүйесі арқылы өрнектеуге болады.

Қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптарда екі айнымалылы сызықтық теңсіздіктер жүйесін оқыту оқу бағдарламасына енгізілгенімен, әлі күнге дейін осы материалды тиімді түрде оқытудың әдістемелік жүйесі жасалмаған және алгебра мен геометрия курстарының пәнішілік байланыстарын сызықтық теңсіздіктер арқылы жүзеге асыру көзделмеген.

Осы материалды оқытуда алгебра мен геометрия курстарының кіріктірілуін геометрия пәні негізінде көрсету қажет. Мысалы, «Көпжақтар» тақырыбында дөңес денелерге қатысты нүктелер мен көпмүшелерді қосуға арналған материалдар қарастырылады. «Координаттар мен векторлар» бөлімінде мынаны оқытуға болады: кесіндінің аналитикалық түрде берілуі; жазықтық пен кеңістіктің аналитикалық түрде берілуі; көпбұрыштар мен көпжақтардың аналитикалық түрде берілуі. Алгебра курсының «Теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелерін шешуді қайталау» бөлімінде салыстыру әдісі бойынша бірнеше белгісізді сызықтық теңсіздіктердің негізгі ұғымдарына талдау жасау және көп белгісізді сызықтық теңсіздіктерді белгісіздерден біртіндеп құтылу әдісімен шешуді оқыту, сонымен қатар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешуде фундаментальды шешімдер жиынын ауыстыру әдісіне өзіндік жұмыстар өткізу тиімді. [1]

Сызықтық теңсіздіктерді оқыту алгебра мен геометрия курстарының пәнішілік байланыстарын жүзеге асыру мәселесін ғана шешуге мүмкіндік беріп қоймай, сонымен қатар планиметрия мен стереометрияның және алгебра курсындағы негізгі тақырыптардың байланысын жүзеге асырады. Сызықтық теңсіздіктерді геометриялық тұрғыда түсіндіру оқушыларға оқу бағдарламасының жазықтық, кеңістік сияқты ұғымдарын терең түсінуге көмектеседі, оларды геометриялық әдіспен шешуге дағдыландырады. Аталған материалдарды оқыту орта мектеп бағдарламасының белгілі талаптарын барынша терең ұғынуға және игеруге мүмкіндік береді.

Математиканы тереңдетіп оқытатын сынып оқушылары үшін бір және екі айнымалылы теңдеулер мен теңсіздіктер туралы алған білімдерін жалпылайтын теңсіздіктер, оның ішінде көп белгісізді сызықтық теңсіздіктер тақырыптарын мазмұнды-әдістемелік жағынан толықтыру қажет. Көпөлшемді кеңістіктердің графикалық модельдерін сызбада көрсетуге болғанымен, уақыт тапшылығына және оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты толық қарастырылмайды. Бірнеше белгісізді сызықтық теңсіздіктерді графикалық тәсілмен шешуді үйретуге алдын ала даярлық ретінде, алдымен бірнеше белгісізді сызықтық теңсіздіктер мен олардың жүйелерін аналитикалық әдіспен шешуді көрсеткен жөн.

Оқушылар теңдеулер мен теңсіздіктер тақырыбын толық меңгерулері үшін бір, екі және үш белгісізді сызықтық теңдеулер мен теңсіздіктер ұғымдарын еске түсіріп, содан соң сызықтық теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелері, бірнеше белгісізді сызықтық теңдеулер мен теңсіздіктер ұғымдарын жалпылау және сызықтық теңдеулер мен теңсіздіктер ұғымдары арасында салыстыру жүргізу керек. [2, 3] (Кесте 1)

Кесте 1 - Теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың негізгі қасиеттері

Теңдеулер	**Теңсіздіктер**
Анықтама 1. $x_1, x_2, ..., x_n$ белгісізді *сызықтық теңдеу* деп мына түрдегі қатынасты айтамыз: $a_1x_1 + a_2x_2 + ... + a_nx_n = b,$ мұндағы $a_1, a_2, ..., a_n, b$ – теңдеудің коэффициенттері, кез келген нақты сан.	**Анықтама 1.** $x_1, x_2, ..., x_n$ белгісізді *сызықтық теңсіздік* деп мына түрдегі қатынасты айтамыз: $a_1x_1 + a_2x_2 + ... + a_nx_n \geq (\leq) b,$ мұндағы $a_1, a_2, ..., a_n, b$ – теңсіздіктің коэффициенттері – кез келген нақты сан.
Анықтама 2. Бірнеше белгісізді *сызықтық теңдеудің шешуі* деп осы теңдеуді дұрыс санды теңдікке айналдыратын реттелген сандар жиынын $(x_1^0,\ x_2^0,\ ...,\ x_n^0)$ айтамыз. *Теңдеуді шешу,* яғни оның барлық мүмкін шешімдерін табу.	**Анықтама 2.** Бірнеше белгісізді *сызықтық теңсіздіктің шешуі* деп осы теңсіздікті дұрыс санды теңсіздікке айналдыратын реттелген сандар жиынын $(x_1^0,\ x_2^0,\ ...,\ x_n^0)$ айтамыз. *Теңсіздікті шешу,* яғни оның барлық мүмкін шешімдерін табу.
Анықтама 3. n белгісізді сызықтық біртекті теңдеу мына түрде болады: $a_1x_1 + a_2x_2 + ... + a_nx_n = 0. \ (1)$	**Анықтама 3.** n белгісізді сызықтық біртекті теңсіздік мына түрде болады: $a_1x_1 + a_2x_2 + ... + a_nx_n \geq 0. \ (2)$
Сөйлем 1. *Егер X –* (1) *теңдеуінің қандай да бір шешімі және k – кез келген сан болса, онда kX –* (1) *теңдеуінің шешімі болады.*	**Сөйлем 1.** *Егер X –* (2) *теңсіздігінің қандай да бір шешімі және k – оң сан болса, онда kX –* (2) *теңсіздігінің шешімі болады.*
Сөйлем 2. *Егер X және Y* (1) *теңдеуінің екі шешімі болса, онда X+Y те* (1) *теңдеуінің шешімі болады.* $\begin{cases} a_{11}x_1 + a_{12}x_2 + ... + a_{1n}x_n = b_1, \\ a_{21}x_1 + a_{22}x_2 + ... + a_{2n}x_n = b_2, \\ .... \\ a_{m1}x_1 + a_{m2}x_2 + ... + a_{mn}x_n = b_m. \end{cases}$	**Сөйлем 2.** *Егер X және Y –* (2) *теңсіздігінің екі шешімі болса, онда X+Y те* (2) *теңсіздігінің шешімі болады.* $\begin{cases} a_{11}x_1 + a_{12}x_2 + ... + a_{1n}x_n \geq b_1, \\ a_{21}x_1 + a_{22}x_2 + ... + a_{2n}x_n \geq b_2, \\ .... \\ a_{m1}x_1 + a_{m2}x_2 + ... + a_{mn}x_n \geq b_m. \end{cases}$
Анықтама 4. *Сызықтық теңдеулер жүйесінің шешімі деп* жүйеге кіретін барлық теңдеулерді қанағаттандыратын мынадай $(x_1^0,\ x_2^0,\ ...,\ x_n^0)$ реттелген сандар жиыны аталады. *Сызықтық теңдеулер жүйесін шешу,* яғни осы жүйенің барлық мүмкін шешімдерін табу.	**Анықтама 4.** *Сызықтық теңсіздіктер жүйесінің шешімі деп* жүйеге кіретін барлық теңсіздіктерді қанағаттандыратын мынадай $(x_1^0,\ x_2^0,\ ...,\ x_n^0)$ реттелген сандар жиыны аталады. *Сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу,* яғни осы жүйенің барлық мүмкін шешімдерін табу.
Анықтама 5. *Сызықтық теңдеулер жүйесі үйлесімді* деп аталады, егер берілген жүйенің ең болмағанда бір шешімі бар болса.	**Анықтама 5.** *Сызықтық теңсіздіктер жүйесі үйлесімді* деп аталады, егер берілген жүйенің ең болмағанда бір шешімі бар болса.
Анықтама 6. *Екі сызықтық теңдеулер жүйесі теңкүштес деп аталады, егер бірінші жүйенің әрбір шешімі екінші жүйенің де шешімі болса, және керісінше екінші жүйенің кез келген шешімі – бірінші жүйенің шешімі (яғни екі жүйе де бірдей мүмкін шешімдер қабылдайды).*	**Анықтама 6.** *Екі сызықтық теңсіздіктер жүйесі теңкүштес деп аталады, егер бірінші жүйенің әрбір шешімі екінші жүйенің де шешімі болса, және керісінше екінші жүйенің кез келген шешімі – бірінші жүйенің шешімі (яғни екі жүйе де бірдей мүмкін шешімдер қабылдайды).*

Теорема 1. *Егер* $X = (x_1, x_2, \dots, x_n)$ *нүктесі сызықтық біртекті теңдеулер жүйесінің шешімі және k – кез келген сан болса, онда kX нүктесі де осы жүйенің шешімі болады.*	**Теорема 1.** *Егер* $X = (x_1, x_2, \dots, x_n)$ *нүктесі сызықтық біртекті теңсіздіктер жүйесінің шешімі және k – кез келген теріс емес сан болса, онда kX нүктесі де осы жүйенің шешімі болады.*
Теорема 2. *Егер X, Y – біртекті теңдеулер жүйесінің екі шешімі болса, онда X+Y те осы жүйенің шешімі.*	**Теорема 2.** *Егер X, Y – біртекті теңсіздіктер жүйесінің екі шешімі болса, онда X+Y те осы жүйенің шешімі.*

Математикалық білім беру бағдарламаларына сәйкес оқушылар екі және үш белгісізді сызықтық теңдеулер жүйесін шешудің келесі әдістерін меңгерулері қажет: алгебралық қосу тәсілі, ауыстыру әдісі, белгісіздерден біртіндеп құтылу әдісі (Гаусс әдісі). Сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешуде белгісіздерден біртіндеп құтылу әдісін меңгерту сабақтарының негізгі мақсаты: сызықтық теңдеулер жүйесі мен сызықтық теңсіздіктер жүйесін белгісіздерден біртіндеп құтылу әдісін қолданып шешуді салыстыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырату.

Жоғарыда айтылғандарды басшылыққа ала отырып, берілген тақырып бойынша сабақтарды мақсатқа сай жүргізуді келесі тапсырма арқылы бастаймыз.

Мысал-1. Үш белгісізді сызықтық теңдеулер жүйесін шешіңіз:

$$\begin{cases} 2x - 3y - z = 1, \\ x - y + 2z = 6, \\ 4y - z = 2. \end{cases}$$

Берілген жүйені шешу әдісін оқушылар өздері таңдайды. Тәжірибе көрсеткендей, оқушылар негізінен мұндай жүйелерді салыстыру әдісі бойынша шешеді.

1. Берілген жүйенің әрбір теңдеуінен *z* белгісізін *x, y* белгісіздері арқылы өрнектеген. Алынған (*x, y* белгісіздерінен тұратын) өрнекті бір-бірімен теңестіру арқылы *x, y* екі белгісізінен тұратын жаңа жүйе алған. Осы әдісті қолданып, алынған бір белгісізді теңдеуді шешіп, *x*-ті тапқан, сол арқылы *y, z*-тің мәндері анықталған. Ашып көрсетсек:

$$\begin{cases} z = 2x - 3y - 1, \\ z = \dfrac{6 - x + y}{2}, \\ z = 4y - 2, \end{cases} \quad \text{немесе} \quad \begin{cases} 7y = 2x + 1, \\ 7y = 10 - x, \\ z = 4y - 2, \end{cases} \quad \text{және} \quad \begin{cases} 7y = 2x + 1, \\ 2x + 1 = 10 - x, \\ z = 4y - 2, \end{cases} \quad \text{осыдан:}$$

$x = 3,\ y = 1,\ z = 2.$

Әдістемелік әдебиеттерде бұл әдісті салыстыру әдісі деп атайды.

2. Кейбір оқушылар белгісіздердің санын азайту үшін, кез келген екі теңдеуге қосу тәсілін қолданған. Мысалы, жүйедегі теңдеулерді тұрақты санға көбейтіп, қосу арқылы оқушылар екі белгісізді жүйені алған: $\begin{cases} 2x - 7y = -1, \\ 5x - 7y = 8 \end{cases}$. Содан соң $x = 3$, $y = 1,\ z = 2$ мәндерін тапқан.

Осыған ұқсас есептеулерді бірнеше белгісізді сызықтық теңсіздіктерге де қолдануға болады. Яғни, $x_1, \dots, x_n$ n белгісізді сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешуді $x_1, \dots, x_{n-1}$ $n-1$ белгісізді теңсіздіктер жүйесін шешуге әкелеміз, содан соң алынған жүйені $x_1, \dots, x_{n-2}$ $n-2$ белгісізді жүйені шешуге әкелеміз және т.с.с., x_1 бір белгісізді теңсіздіктер жүйесіне келгенше жүргіземіз. Енді бір белгісізді сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу оңай. Осындай жолмен біз кез келген сызықтық теңсіздіктер жүйесінің шешімін таба аламыз.

3. Берілген үш белгісізді теңдеулер жүйесінің кеңістікте графикалық кескінін тұрғызу үшін Maple11 бағдарламасының *plot3d* операторы пайдаланылады. Бұл оқушылардың кеңістіктік ойламын қалыптастырады.



Сурет 1

Бұл операторды қолданғаннан кейін оқушылар өздері қарастырған жүйенің шешімдері дұрыс екендігіне көз жеткізеді.

Математика сабағында шешімдері әртүрлі геометриялық фигураларды аналитикалық түрде көруге мүмкіндік беретін есептер кездеседі. [4]

Мысал-2. $\begin{cases} y \le x+3, \\ y \le -x+3, \\ y \ge 0 \end{cases}$ теңсіздіктер жүйесімен берілген үшбұрыштың ауданын табыңыз.



Сурет 2

Шешуі: Берілген үшбұрыш координаталық жазықтықта бейнеленген. (2-сурет)
$A,\ B,\ C$ нүктелерінің координаталарын анықтап, $|AC| = 6,\ \ |OB| = 3$ аламыз.
Бұдан

$$S_{ABC} = \frac{1}{2}|AC| \cdot |OB| = \frac{1}{2} \cdot 6 \cdot 3 = 9\ (ш.б.)$$

Мұндай мысалдар алгебра және геометрия курстарының өзара байланыстарын екі айнымалылы теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелері арқылы берілген геометриялық фигуралардың аудандарын есептеуде қолданылады.

Әдебиеттер:

1. Математика оқу бағдарламасы. // Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы. – Астана, 2010.
2. Старков С.Н. Справочник по математическим формулам и графикам функций для студентов. - М.: Питер пресс, 2009.
3. Цыпкин А.Г., Пинский А.И. Справочное пособие по математике. - М., 2005.
4. Сборник задач по математике. В.К.Егерев, В.В. Зайцев, Б.А. Кордемский и др. / Под. ред. М.И. Сканави. – М., 2004.

Түйіндеме

Мақалада екі және үш белгісізді сызықтық теңсіздіктер элементтерін оқытуда алгебра мен геометрия курстарының пәнішілік байланыстарын жүзеге асыру мүмкіндіктері жайлы айтылады. Оқушыларға бірнеше белгісізді теңдеулер мен теңсіздіктерді терең меңгерту үшін олардың қасиеттері арасында салыстыру жүргізіле отырып көрсетіледі.

Кілт сөздер: алгебра және геометрия курстарының кіріктірілуі, бірнеше белгісізді теңдеулер мен теңсіздіктер.

Резюме

В статье рассматриваются возможности реализации внутрипредметных связей курсов алгебры и геометрии посредством элементами системы линейных неравенств с двумя и тремя неизвестными. Для глубокого изучения уравнений и неравенств с несколькими неизвестными проведена аналогия между их основными свойствами.

Ключевые слова: интеграции курсов алгебры и геометрии, уравнения и неравенства с несколькими неизвестными.

Summary

The article deals with implementing possibility of algebra and geometry courses intrasubject connections by means of linear inequalities system elements with two and three unknows. The analogy between the basic properties has been conducted for the profound study of equations and inequalities with several unknowns.

Key words: the integration of algebra and geometry courses, the equations and inequalities with several unknowns.

УДК 681.513.6:37:536

МАТЕМАТИЧЕСКИЙ ПОДХОД ПОСТРОЕНИЯ НЕЧЕТКИХ ОЦЕНОК В ВИРТУАЛЬНЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПОРТАЛАХ

А.Ж.РАХМЕТОВА, магистрант,
Н.Ж.ИБРАГИМОВА, кандидат педагогических наук
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

В настоящее время с развитием информационных технологий автоматизированные обучающие системы получили возможность усовершенствованию по разным категориям. Одним из видов автоматизированных обучающих систем нового поколения являются адаптивные обучающие системы, моделирующие работу преподавателя. Эти системы позволяют повысить эффективность процесса обучения. В статье предлагается рассмотреть помимо традиционной «внутренней» адаптивности (к выбору специальности, к уровням усвоения обучающихся и т.д.) так называемую «внешнюю» адаптивность процесса обучения к рейтинговой системе и требованиям конкретного преподавателя.

Успешное развитие теории нечетких множеств позволяет описывать вербальные понятия и знания, оперировать ими и делать определенные выводы на основе нечетко-сформулированных требовании. Одним из перспективных направлений использования методов и алгоритмов теории нечетких множеств является применение их в задачах связанных с оценкой знании обучающихся и получением рейтинговой оценки [1].

В виртуальном портале по курсу «Информатика» производится адаптация к выбору языка, к уровням усвоения обучающихся, к требованием и представлением обучающегося о шкалах рейтинговых оценок. Адаптация используют весовые коэффициенты, учитываеющие важность различных элементов обучения в общей процедуре получения знании. Разрабатываемая система может быть модифицированы за счет дополнительных устройств для обучающихся с дефектом зрения. Процесс обучение представляется в виде иерархической структурой (Рис.1) и разрабатывается соответствующий алгоритм, связывающий элементы обучающей системы.



Рис.1 - Иерархическая структура оценивание обучающихся.

На каждом уровне обучающей системы и для каждого элемента обучение и оценка знания производится в терминах принадлежности, значение которой показывают с какой степенью успешности усвоен данный учебный материал. Оценивание знания обучающихся с самого нижнего уровня для всех элементов обучения в соответствии самим процессом обучение. Принципы оценивания элементов устанавливаются в процессе диалога с обучающимися. Для основных элементов обучения таких как, усвоение лекционного материала, овладение навыками решение задач на практических занятиях и овладение навыками практических лабораторных работ производится путем свертки соответствующих функции принадлежности, построенных для каждого учебного элемента с целью получения обобщенной оценки уровня усвоения по данному элементу. Например, $\mu_{лек} = \frac{1}{n}\sum_{i=1}^{n}\mu_i$, $\mu_{сем} = \frac{1}{m}\sum_{i=1}^{m}\mu_i$ где n-количества тестовых заданий по лекциям, m-количества семинарских занятий с учетом выполнения контрольных работ, μ_i - степень усвоения знании, проверяемых i-тестовым и семинарским заданиям. $\mu_i = 0$ соответствуют к случаи отсутствие знание, $\mu_i = 1$ - соответствуют полному усвоению знания или овладению практических навыкам [2]. Оценивание овладения практическими навыками в лабораторных работах для Рис.1. вводится как среднегеометрическая оценка значение функции принадлежности каждой отдельной работы к полному овладению необходимым навыком. Выбор среднегеометрической свертки определяется требованиями допуска обучающегося к экзаменам только в случае выполнения всех лабораторных работ. $\mu_1 = \mu_2 = 0$, если соответствующие работы не выполняется, $0 < \mu_1; \mu_2 \le 1$ если эти работы выполнены с определенными требованиями. $\mu_{лаб} = \prod(\mu_1^{1/2} \cdot \mu_2^{1/2})$

Сворачивание обобщенной оценки усвоение знание или теоретического и практического материала вычисляется по формуле $\mu_{лек.сем} = \omega_{лек}\mu_{лек} + \omega_{сем}\mu_{сем}$ где, $\omega_{лек}$, $\omega_{сем}$ -весовые коэффициенты оценивающие важность усвоение лекционногои семинарского знания учебного материала $\left(0 < \omega_{лек}, \omega_{сем};\ \ \omega_{лек} + \omega_{сем} = 1\right)$.

Различие выборе свертывающих операторов для теоретических и лабораторных работ определяется самим процессе обучение и процедуры оценивание выполнении задании, не выполнение хотя бы одну лабораторных работ является не допустимым, в то время как не выполнение или не усвоении отдельных тестовых задании или контрольных работ не приводят к оцениванию знание на нулевом уровне.

Оценивание текущей успеваемости производится путем композиции нечетких функции принадлежности. В виртуальном портале получение оценки используются средне взвещенная сумма $\mu_{текущая} = \omega_{лек.сем}\mu_{лек.сем} + \omega_{лаб}\mu_{лаб}$. После прохождения экзамена и получение соответствующей не нулевой оценки общая совокупная оценка усвоения учебного материала и выполнения всех необходимых элементов в процессе обучение получается как среднеарифметическое значение

$$\mu_{общая}(S) = 0{,}6\mu_{текущая} + 0{,}4\mu_{экзамен}$$

Таким образом, применение теории нечетких множеств дает широкие возможности для построении гибкой иерархической системы, учитывающей индивидуальные особенности процесса обучения по курсу, мнения и требование обучающегося и привлечение для оценивания знаний уже разработанные системы тестов.

Построения структуры виртуального портала, в частности по курсу "Информатика", в первую очередь, осуществляется моделью освоения. Построение модели производилось [2] в четыре этапа:

- формирование матрицы отношений очередности учебных материалов;
- обработка матрицы отношений очередности и построение последовательности изучения учебного материала в виде списка учебного материала;
- формирование матрицы логических связей учебных материалов;
- построение граф логических связей учебного элемента.

Кроме того, с помощью анкетирования преподавателя разрабатывается модель уровня сложности учебного материала. Модель освоения учебного материала определяет последовательность его изложения в учебном пособии, варианты траекторий его освоения в обучающей системе [2]. Обучающиеся после выбора своей специальности проходят входной тест для определения базовых знаний. После прохождения входного теста, по которому оцениваются базовые знания, необходимые для усвоения предмета, обучающийся приступает к освоению курса. При успешной сдаче входного теста обучающиеся начинают изучать курс, а, в противном случае они должны пройти тест еще раз после повторения базовых знаний, которые необходимы для изучения данного предмета.

Способы оценивания выполнения задании и взаимодействие и взаимовлияние различных этапов обучение на конечный результат.

Разработка спецификации программного обеспечения, определяющей все функции и действия, которые будет выполнять система, является одним из фундаментальных процессов технологии разработки программных продуктов. Этот процесс формирования, анализа, документирования и проверки функциональных возможностей и ограничений системы, называется в терминологии программной инженерии «разработкой требований». Он является критическим этапом в создании всех видов программных продуктов, в том числе и виртуальных порталов с адаптацией к полиязычному обучению, поскольку ошибки, допущенные на этой стадии, ведут к возникновению проблем на этапах проектирования и разработки [4]. На данном этапе развития технологии разработки виртуального портала с адаптацией к полиязычному обучению целесообразно совершенствовать методы представления информации о требованиях к проекту будущих программных комплексов. Это обусловлено тем, что, как правило, разработчики приложений для образовательной сферы не являются пользователями, а в процесс разработки вовлечены различные категории участников проекта. При этом все участники должны прийти к соглашению о том, какая система должна быть создана, чтобы в ней воплотилась необходимые дидактические и технологические свойства. Поэтому разумно создавать документ требований к программе, с которым могут сверяться и на который могут ссылаться все участники проекта [4].

Таким документом может являться интегрированная спецификация требований, созданная на основе сбалансированного подхода к совместному использованию традиционной спецификации и модели вариантов использования системы. При специфицировании требований осуществляется формализация всей совокупности информации по требованиям с пошаговым наращиванием уровня детализации моделей системы. При этом целесообразно представить исходную информацию в виде текстового документа-концепции, а детальное описание того, какие функции системы предполагаются реализовывать в решении, представить в модели вариантов использования.

Реализация «внешней» адаптивности достигается путем учета дидактических представлений преподавателя о роли отдельных элементов контроля в конечном результате обучения. Для этого предлагается использовать идеи теории нечетких множеств [3], обеспечивающих адекватное построение в диалоге с преподавателем функций принадлежности отдельных элементов обучающей системы к результатам их выполнения, соответствующим полному овладению учебным материалом. При этом введение соответствующих весовых коэффициентов отражает важность отдельных элементов обучения в общей системе.

Исследование показывает, что разработка виртуальных порталов с адаптацией к полиязычному обучению необходимо для самостоятельной обучений и определений уровня освоения обучаемого по индивидуальной траектории обучении.

Литература:

1. Домрачев В.Г., Полещук О.М., Ретинская И.В., Рыбников К.К. Нечеткие модели рейтинговых систем оценки знаний// Труды XV Всероссийской научно-методической конференции «Телематика’2001». - Спб, 2001. - С.245-246.
2. Дауренбеков К.К., Ретинская И.В., Калинина Э.В. Разработка алгоритма построения нечетких оценок в компьютерных обучающих программах // Научно-практическая конференция профессорско-преподавательского состава и аспирантов Московского государственного университета леса. - Москва, 2008.
3. Поршаков Б.П., Калинин А.Ф., Шотиди К.Х., Лопатин А.С., Купцов С.М. Теоретические основы теплотехники. - Москва, 2005.
4. Черткова Е.А., Ретинская И.В., Дауренбеков К.К. Разработка спецификации требований к компьютерным обучающим системам // Качество. Инновации. Образование. – 2008. - №1. – С.52-57.

Резюме

Данная статья предусматривает разных подходов разработки и проектирование автоматизированных систем, назначение которых позволяет реализовать виртуальный портал с адаптацией к полиязычному обучению. Использование функций принадлежности позволяет построить гибкий обучающий портал, учитывающий особенности рейтинговой системы и опыт преподавателей.

Ключевые слова: теория нечетких множеств, функция принадлежности, виртуальный портал, адаптация.

Түйіндеме

Бұл мақалада көптілді білім беруге бейімделген виртуалды портал арқылы оқытудың автоматтандырылған жүйесін жобалау және өңдеудің түрлі әдістері қарастырылған. Тәуелділік функциясы рейтингтік жүйелердің ерекшеліктері мен оқытушының эксперименттік тәжірибесіне негізделген бейімделген портал құруға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: тақ жиындар теориясы, тәуелділік функциясы, виртуалды портал, бейімдеу.

Summary

This article deals with different design approaches and automated systems desing for educational purpose, which allows for virtual portal vealiration with adaptation for multilingual education. Using the function allows you to build a flexible learning portal that takes into account features of the rating system and the experiment of teachers.

Key words: theory of fuzzy sets, the membership function, the virtual portal, adaptation.

ӘОЖ. 101.8: (001+6)

ҚОҒАМДЫҚ, ЖАРАТЫЛЫСТАНУЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ӨЗАРА ИНТЕГРАЦИЯЛАНУЫ МЕН СИНТЕЗДЕЛУІНЕ МАТЕМАТИКАНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Б. СЕЙСЕНОВ, философия ғылымдарының докторы, профессор
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Қазіргі ғылымдардың көптеген даму заңдылықтарының ішінде ғылым-білімді синтездеу мен интеграциялауға айрықша мән беріледі. Ғылыми білімнің бірлігі бүгінгі күні шындыққа айналып, техникалық ғылымның маңызды даму заңдылығына айналып отыр.

Техникалық ғылымға біртұтас көзқарасты орнатудағы өзгерістердің бәрін математика ұсынады, өйткені, ол ғылымдардың, ғылыми-техникалық білімдердің синтездік бірлігін сандық призманың саңлауынан қарауға негізделеді. Бірақ, ғылымды математикаландыруды қарастырғанда оның басқа „сыртқы“ формаларын қозғамай, тек интегративтік функциясын орындайтын мәнін, яғни негізгі ғылыми танымға бара-бар тарихи формасын сипаттаумен ғана шектелу, толық болмас еді. Бұл арада француз ғалымы Р.Томның: „Механика мен физикада басты рөл математикада жатыр“, – деген сөзін еске түсірген жөн болар еді. Физика заңдарының кереметі, „физиканың ерекше көтеріңкі математикалық статусы“ жөніндегі сұраққа жауап табуға әрекеттеніп, Ж.М.Леви-Леблонға сүйене отырып, Р.Том физикада математика қолданылмайды, ол соның ішінде деп тұжырымдайды. Физика мен механиканың мәні құбылыстардың (жылдамдық, күш, энергия, кинетикалық момент) себептерін ашуға байланысты, ал бұл болса өздерінің бастапқы анықтамаларында-ақ математиканы талап етеді. Физикалық заңдардың математикалық өрнектелуі оның өз өмір сүруіне тән анықтамасының қажетті салдары болып табылады. Р.Том „физиканы ғылымдар парадигмасы“ жасайтын „физика заңдарының кереметін“ математиканың басқа ғылымдарда қолданылуына қарсы қойып, оларда математиканың рөлі тез төмендейді деген ой айтуы еді. „Химияда, – деп жазады Р.Том, – аздаған екі молекулалардың жергілікті өзара әрекеті ешқандай сандық модельде игерілмейді және химияның басым көпшілігі „сапалы“ қорытындыларға назар аударады. Ал, биологияда халықтың тұрғыншылық теориясын есептемегенде...математиканы қолданудың үлкен практикалық маңызы жоқ және аз ғана теориялық мүдделікке саятын жергілікті құбылыстарды ғана модельдеуге тіреледі. Қазіргі математиканы пайдалануда қарапайым ғана статистиканы қолдану «шегінен шықпайтын физиология, экология, социология ғылымдарында да осы сияқты жағдайлар қалыптасқан»- деп көрсетеді [1]. Осыған ұқсас пікірді математиканың қоғамдық ғылымдарға енуіне сенімді бола тұра америка ғалымы Р.Уайлдор да білдіреді. Олардың арасындағы байланыстың болмауын түсіндіре келіп, оның сөзіне қарағанда, қоғамдық ғылымдар физикамен салыстырғанда өзінің ғылыми дамуының есігі алдынды аша алмай тұр деп көрсетеді. Біздің көзқарасымыз бойынша, мұндай пессимизмдік бағыт толық ақтаған жоқ.

Жоғарыда келтірілген пікірлер аталған білім салаларының математикаландырылуы біркелкі емес екендігін дұрыс көрсеткенімен, мұнда көптеген қайшы пікірлер бар деп санаймыз. Мысалы, Р.Том материя қозғалысының физикалық формасынан басқа түріне математиканы қолдана зерттеуді үзілді-кесілді жақтырмайтын пікір айтады. Біздің көзқарасымызша, математика қазіргі заманғы ғылыми-танымдық қызмет структурасында физикадан да күрделі басқа ғылым объектілерін зерттеуде де аса маңызды рөл атқара алады. Қазіргі заманғы ғылыми білімді, әсіресе әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық білімдердің математикаландыру процесінің қазіргі уақыттағы күшеюін адамның өзі және шындық туралы терең рефлексин тудыратын, өзінен жоғары жалпы адамдық проблематика демдеп тұрған қоғамдық, жаратылыстанулық және техникалық ғылымдардың интеграциялану контексінде қарау керек болады.

Ғылыми-техникалық прогрестің шапшаң дамуы, оның қарама-қайшылығы, күрделілігі, көлемділік сипаты қоғам мен табиғат өзара әсерінің біртұтас жүйесінде көп аспектілі, көп деңгейлі глобальді проблемаларды туғызады. Ал бұлар тура не жанамалап болсын түптеп келгенде, адам мәселесіне, оның мәні, дамуы, оның қазіргісі мен әлеуметтік болашағы туралы мәселелерге тіреледі. Осы объективті шындықтың негізгі сипаты болатын тұтастығына жауап беру, тек бірыңғай кешенді ғылыми пәндердің қолынан келеді, ол қазіргі жүзеге асуында байқалаып отыр. Адамға байланыссыз ғылым немесе ғылыми теория жоқ, қайсы болмасын оның тірі организмінің атомдық бөлшектерінен бастап әлеуметтік жүйелерге және олардың өзара қатынастарына дейін қай аспектіде қарасақ та да бәрі де адамға келіп тіреледі. Адам проблемасы жаратылыстану мен қоғамтануды біріктіруге мүмкіндік беретін негізгі іргетасы болады. Бұл аспектіде туатын мәселелерді, осы ғылыми пәндер әдістерінің тірі бірлігіндегі өзара әсерін қажет етіп, өзінің шындық көрінісін ғылыми білімнің күрделі интеграциялану процесінде пайда болатын синтезделген ғылымдардың шешімді процесі, тек қана қоғамдық дамудың жоғары техникалық деңгейінде – өндірісті автоматтандыру деңгейінде жүзеге аса алады. Олардың өзара іс-әрекеттері мен өзара араласып енуі көп жақты болған сайын, ғылыми-техникалық білімнің даму деңгейіне ғылымның әсері тиімді бола бермек. Соңғысының барысында өндіріс процесін басқару заттың ақыл-ой функциясына айналып, ой қызметін техникалық құрылымдар орындайтын болады. Бұл маңызды жағдай техниканы түбірінен қайта жаңартудың алғышарты қызметін атқарып, адам мен машинаның өзара байланысын принципті түрде өзгертіп, ал, тереңірек ойласақ, жаңа әлеуметтік-мәдени қатынасты қалыптастырады.

Автоматтандырудың жағдайы тарихта алғаш рет адамды машина өндірісінің техникалық жүйесіне оның құрамдас бөлігі ретінде қатысудан босатып отыр. Өндіріс учаскелерінің барлығын түгел автоматтық қызмет қамтамасыз ететін автоматтандырудың толық сатысында Ресей ғалымы В.С.Швырев: „Жобалаудан бастап, дайын өнімді бергенге дейін, оған қоса оптималдық шешімді таңдауға дейін, өнімнің қандай болмасын басқа түрін шығаруға берілген бағдарлама бойынша өзіндік жобалауға дейін... адам технологиялық бостандық баспалдағына көтеріледі“ [2], – деп көрсетеді.

Автоматтандырудың деңгейінде кибернетика, логика, физика, химия, биология, лингвистика, әлеуметтік және т.б. ғылымдардың математикамен тығыз байланыстылығы артып, өздерінің қарқынды дамуына мүмкіндік алады. Бұл жерде, ең алдымен, ішкі математикаландыру маңызды рөл атқарып, барлық жаратылыстану ғылымы жемісті түрде өзара әсер жасауға, техникалық ғылымның өрістеуіне мүмкіндік береді. Бұл өзара әсер бүгінгі күнде математикаландырылған ғылымдардың интеграциялануының жаңа сапалық деңгейіне көтерілген кезі болып, ғылыми сипаты жағынан өздерінде үлкен интеграциялық потенциалы бар терең техникалық ғылыми күшке ие болуда.

Қазіргі уақыттағы ғылымдардың синтезінен туындайтын нағыз төңкеріске бергісіз жаңалықтардың бірі химияның технологиялық жаңалықтары бірқатар халық шаруашылығы салалары мен өнеркәсіпке аса зор маңызы бар пайда тигізіп отыр. Егер бұрын химиядағы математика басқамен салыстырғандағы рөлі аз болса, енді математиканың әдістері физикалық химияға еніп отыр. Химиялық термодинамика, статистикалық химия, химияны элементарлық математика шеңберінен шығарып, теориялық химияны дифференциалды және интегралды есептеу деңгейіне жеткізді. XX ғасырдағы кванттық теория және оған байланысты жаңа математикалық аппарат- операциялық есептеу кванттық химияның жасалуына жағдай жасады. Математикалық моделдеу әдістерінің көмегімен химия қазіргі кезде эмульсиондық полимерлеудің жылдамдығын реттейтін нәтижеге ие болды. Бұл полимерлік материалдарды өндірісте өндірудің негізгі тәсілі болып табылады.

Соңғы кезде химияға математикалық статистиканың идеялары, информация теориясы мен топтық теория да қарқынды ене бастады. Математиканың топтық теория әдістерін пайдалану химиялық және күрделі химиялық-технологиялық мәселелерді шешуде аса бағалы нәтижелерге жеткізіп отыр. Мұны, әрине, басқа жолдармен табу мүмкін болмас еді. Демек, математика, химия арқылы өндіргіш күштің негізгі элементі болатын, еңбек заңының жаңа түрін жасауға әсер етеді. Химияны математикаландыру химиялық заңдардың (заттардың сақталу заңы, Дальтон заңы, т.б.) ашылуына жағдай жасады. Сондай-ақ, атомдық масса, молекулалық масса, т.с. сияқты химиялық түсініктерді жасап, химияны дәл ғылымға айналдырды.

Егер де математика сирек те болса химияда қолданыс тапса, физикада оны қолданудың көп ғасырлық тарихы болса, ал биология жөнінде мұны айтуға болмайды. Өйткені биология ғылымында математика, механика мен физикаға, химияға қарағанда өте аз мөлшерде пайдаланылып келген болатын. Ал, қазіргі заманғы ғылыми танымның ең басты озық бағытының бірі - биология. Нәтижесінде, биология саласының физика, химия мен математика сияқты ғылым салаларымен өзара әсерлесу процесінен физикалық-математикалық биология деген білімнің жаңа кешенді саласы пайда болып, қарқынды даму үстінде. Бұл сала интеграциялаушы негіз есебінде бірнеше ғылыми бағыттарды, мысалы, биохимияны, биофизиканы, биоорганикалық химияны, молекулалық биологияны, молекулалық генетиканы, цитологияны, иммунобиологияны және т.б. біріктіреді. Биологияның осы кешенді жаңа салалары негізінен екі бағыттағы зерттеулерді – клетка биологиясын және организмдер қауымдастықтарын бірге зерттейтін биологияның тағы бір саласын қолдап, келешекте жақындаса түсуіне, медицинаның дамуына әсер ететіндігі сөзсіз. Осындай танымның аса күрделі саласында математиканың маңызы көбінесе ішкі мүмкіндігі арқылы анықталып, ең бастысы оның ажыратылмайтын бөлігі болған физикалық танымға, белең алып, қарқынды дамып келе жатқан компьютерлі математиканың жаңа құралдарымен тиімді әдістерін көптеп қолданылуы болады. Онсыз математикаландыру процесі осы кезеңдегі маңызды міндеттерін орындай алмас еді. Практикалық жағынан қазіргі заманғы ғылыми білімді математикаландыру феноменін шын іске асыру абстрактылықтан нақтылыққа қарай өрлеу диалектикалық принципіне сәйкес іске асып келеді. Математика өзінің теориялық құрылым саласында абстракцияның бұрын болмаған шыңына жетіп, қолданбалы математика түріндегі нақты объектілерді зерттеуге яғни теориялық таным қорытындыларын практикада қолдану, білімдерді заттандыру процесіне қайтып оралады. Бұл практикалық қолдану математикалық аппаратпен математикаланған ғылымның түсіндірмелі аппартын қосуға бейімдейтін әдіске айналатын конструктивті математиканың көмегімен орындалады [3].

Конструктивті математиканың шығу пункті болып табылатын „алгоритм“ ұғымы, математикалық білімнің тарихи дамуының жемісі. Ерте заманда математиканың көптеген есептерінің қайсысы болмасын конструктивті әдістерді іздестіруден тұрған. Бұл іздестірулер, әсіресе, қолайлы символиканың құрылуына байланысты күшейіп, сонымен бірге бара-бар әдістердің принципиальді түрде болмауын ескерсек, кейбір жағдайда (квадратура туралы есептер және соған ұқсас) ғылыми-білімнің дамуының қуатты стимулы болатындығын айта аламыз. Есептерді тікелей шығару мүмкін болмайтындығын түсіну – XIX ғасырда теориялық-жиындық концепцияның шығуына әкеп соқтырады. Бұл XX ғасырдың ортасында қайта қарқынды дамуы нәтижесінде осы конструктивті мәселеге жаңа деңгейде қайта оралу мүмкін болды. Бұл жаңа кезеңде алгоритм ұғымы әбден байытылған, тиянақты ұғымға айналған болатын. Конструктивті математиканың құрылуы, математикалық объектілердің өмір сүруі туралы тұжырымының, оның құрылуы мен жоққа шығару мүмкіндігін байланыстыруға тырысатын дүниеге конструктивті математикалық көзқарас тұрғысында іске асырылған болатын. Нәтижесінде дәстүрлі жиындық математиканың бірқатар негізгі ережелері таза теоремалардың шығарылуына мүмкіндік берді. Конструктивті математика үшін өзекті болатын шексіздік идеясын толығымен жоққа шығару арқылы потенциялды жүзеге асатын абстракция шеңберінде қарау – тән қасиет. Алгоритмнің дәл ұғымында келісіп алынған интуитивті ұғымның конструктивтік арнаулы логикасын конструктивтік процестердің ерекшелік-терін ескере отырып пайдаланылады. ЭЕМ-ді математикалық және рухани өндірістің әр түрлі шеңберінде тиімді пайдалануы, қазіргі заманғы математикалық аппараттың осындай сапалық ерекшеліктеріне байланысты. Мұнсыз өлі немесе тірі табиғаттың заңдылықтарын толық тану мүмкін емес. Танымның биологиялық жағынан да, сондай-ақ, материя қозғалысының әлеуметтік формасына, сыртқы сипатының қосылуын сақтай отырып, объектіні терең зерттеуде белгілі бір нәтижеге жетуге мүмкіндік туғызады.

Айтылғандарымызды нақтылайық. Биологияда математикалық әдістер аса көп эксперименттен алынған мағұлыматтарды жазып, бір жүйеге келтіру үшін пайдаланылады. Көптеген тірі организмдердің заңдары математикалық бейнелеуге ие болды. Биологияда барған сайын ықтималдық теориясы, автоматтардың абстракциялық теориясы, зерттеудің статистикалық әдістері, жанды жүйелерді модельдеу әдістері кеңінен қолданылады. Математикалық модельдеу биологияны математикаландырудың жалпы процесінің негізгі бөлегі бола отырып, эмпирикалық биологиялық материалдарды элементар математикалық теңдеулерге қарағанда жоғары дәрежелі теориялық деңгейде ашуымен көрінеді. Биологиядағы математикалық модельдеу – бұл математикалық құралдардың, айтайық, символдар, теңдеулер, теоремалар және т.б. көмегімен биологиялық объектілерді немесе процестерді баяндау мәселелері ғылымның экспериментальды мәліметтермен байланыс бірлікте қарастырылады болып табылады. Биологиялық білімнің қазіргі кезеңде ең көп математикаландырылған бөлімі – генетика. Абстрактылы математикалық кеңістікті пайдалану және объектілердің метрикалық сипатын бейнелейтін ұғымдардан жалпы да тереңірек ұғымдарға өту негізінде абстрактылы математикалық биологияны жасау процесі жүріп жатыр. Мұнда алдымен жеке алынған биологиялық процестердің әр түрлі формальді математикалық модельдерін құрудан бастап, онда да тек биологияның теориялық-жиындық түсініктерін ғана пайдаланып қоймай, сонымен бірге алгебра, комбинотарлық топологияны, структуралық бейнелеу және т.б. пайдаланылуда. Қазіргі заманғы математиканың даму деңгейі биологиялық білімнің бағытын, теориялық синтезін анықтап, іздестіруге мүмкіндік береді және таза биологиялық заңдарды топологиялық тілмен, топтық теориясым ен және теориялық информация структуралары тілімен жүйелі сипаттап бере алады. Математика мидың биотогын орталық нерв жүйесін, тұқым қуалаушылықтың жолдарын молекулалық деңгейде зерттеуде аса бағалы нәтижелер беріп генетикалық кодты анықтап өз мүмкіндігін көрсетті.

Қазіргі уақытта ғылымда, жекелеп алғанда биологияда, табиғат құбылыстарында жиі кездесетін үздікті немесе секірмелі сипаттағы процестерді зерттеудің өте қажеттілігі туып отыр. Бұл турасында табиғаттағы өзгерістердің секірмелі түрін зерттеуге қажетті жаңа теория – катастрофалар теориясына ерекше назар аударуға болады. Бұл теория туралы одан оншақты жыл бұрын зерттеу жұмыстарына қолдануға қарсы аса тілмарлықпен сенімді түрде сақтандырған сын-ескертпе толқыны болды. Шындығына келсек, бұл теорияны қолдану мүмкіндігін дұрыс ойлап, объективті түрде ақыл–ойды салмақтау арқылы шешкен жөн болар. Себебі, оның ең басым қолданылуының нәтижелі өріс шеңбері білімнің физикалық саласын, материя қозғалысының ең жоғары түрін зерттеуде оған көп сенім артуға болады. Сонымен бірге, генетикада ол жүйке импульстерін зерттеп, таратуда аса табыспен пайдаланылып отыр. Мұндай теорияны қолдану мүмкіндігі кең әрі жан-жақты. Оның ең басты қолданылатын жері – биология, медицина саласы болуы ықтимал. Бұл әзірге секірмелі түрдегі процестерді зерттейтін бірден-бір теория, сондықтан да ол алдағы уақытта теориялық жағынан өңдеуді талап ететін және келешекте үлкен үміт күттіретін теорияның бірі. Дегенмен, қазіргі зерттеліп жатқан биологияның молекулалық деңгейінің өзі өте күрделі болғандықтан, ол білімді математикаландыру жолында белгілі бір дәрежеде қиындықтардың кездесуі сөзсіз. Математикалық әдістердің биологиялық зерттеулерге терең еніп, әрі қарай қолданылуы биология ғылымының гүлденуіне, теориялық деңгейі артып, дәл ғылымға айналуына (биофизика, биоинженерия, бионика т.б.) қазіргі кездегі ғылыми–техникалық танымның алғы шебіне шығуына жағдай жасады.

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың зерттеу объектісінің физикалық-химиялық және биологиялық зерттеу объектілеріне қарағанда анағұрлым күрделі болғандықтан, айтайық, қоғамдық құбылыстар мен процестердің көп факторлылығы, субъективтік фактордың болуы оның схоластикалық сипатын анықтап, математиканы қолдану қиындай түседі. Нәтижесінде математикалық модельдер де әдетте детерминді емес, схоластикалық сипат алатын. Онымен бірге әлеуметтік құбылыстарды анықтайтын факторлар мен шартты жағдайлар, кәдімгі жаратылыстану ғылымдарындағыдай сандық қатынастар арқылы көрсетуге қиындық келтіретін, тек сапалық белгілерден ғана тұрады. Бұл математиканы қолданудың жаңа әдіс-тәсілдерін зерттеуді қажет етеді. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар зерттейтін құбылыстар мен процестердің мәнін аса толық көрсету мақсатында орыс философы Г.И.Рузавин атап көрсеткендей, қазір „метрикалық емес“ математикалық модельдерді қолдану проблемасы шешіліп жатыр. Олардың басты ерекшеліктері: „Бұларда мөлшер, сандық қатынастар арасындағы тәуелділіктер таза сандық жағынан емес, әр түрлі структуралық қатынастармен бейнеленеді. Мысалы: ұжымдағы бағыныштылық пен иерархиялық қатынастарды анықтауда, шешім қабылдауда, қандай болмасын альтернативтік жағдайда бағалу дәрежесін белгілеуде немесе қандай болмасын әрекеттердің пайдалылығын салыстырмалы бағалауда, т.с.с көрініс табады“ . Бұл жерде Г.И.Рузавин : „Теориялық көзқарас бойынша, абстрактылы структуралар мен категориялар... мөлшерлер арасындағы кәдімгі сандық қатынастардың қорытылуы, демек өзінің мәні жағынан аса терең, қолдану өрісі жағынан аса кең“, – деп атап көрсетеді [4].

Мамандардың ескертпесі бойынша, категорияның алгебралық теориялары мен функциялары математиканың басқа теорияларындай емес, өзінің формасы мен мазмұны жағынан нағыз жалпы социологиялық зерттеулерге бейімделген. Біз бұл жерде қазіргі заманғы математикалық құралдардың әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарды зерттеудегі қолдану дәрежесін арттыратын жаңа математикалық тәсілдер мен әдістер жасалуда. Бұл жерде ең маңыздысы: біріншіден, қаралған материал барлық үшбірліктегі ғылыми комплекстің – жаратылыстанулық, гуманитарлық және техникалық білімді жалпы математикаландырудың мүмкіндігінің жеткілікті жоғары деңгейде екенін атап көрсетеміз. Бұған математика мен техникалық ғылымдар аралығында пайда болған кибернетикалық, информатикалық және компьютерлік әдістердің пайда болуы бүкіл ғылыми танымның қоғамдық, жаратылыстанулық және техникалық салаларды түгел қамтып өзара синтезделуіне ықпалын күшейтіп, қазіргі өркениеттің жағдайында ақпаратты-техникалық қоғам дамуының жағдайын жақсартып, ең қажетті кепіліне айналып отыр. Ғылым мен техниканың сапасын жақсартып, ақпараттық қоғам дамуының ауқымды мәдени үдерістерінің адами-гуманистік бағытын арттыруға жол ашады. Ең бастысы, осы глобальды синтездеу қоғамға арналған көп жақты жобалар мен болжамдар, соның ішінде күнделікті саналы ой мен талғамның молдығы және қозғалысы жаңа теориялық ой шешімдердің негізінде зерттеушілер мен ізденушілерге адам өміріне қажетті нақтылық пен орайлылықты табуға көмектеседі.

Дегенмен, бұл жерде математикаландыру процесінің әлі де болса жетілу үстінде екенін мойындауымыз қажет, ондай болмаған жағдайда олардың сыртқы формаларын шартты түрде белгілеуге болмас еді.

Қазіргі заманғы математиканың кейбір биологиялық процестерді, тіршілік процестерін тұтасымен зерттеуге бара-бар қолданатын математиканың тарауы шықпай тұрғанда да қабілетті болғанын қазіргі ғылым толығымен мойындайды. „Биологияда математика көп, бірақ жанды дүние туралы меншікті теориялық білімді құратын математика жоқ“ [5],– деп, В.В.Налимов әділ көрсетеді. Гуманитарлық ғылымдарда да жағдай осындай. Шындығына келсек, қазіргі заманда ғылыми білімді математикаландырудың екінші формасының жүруіне қажетті математикалық құралдар жөнінде айту әлі ертерек болып отыр. Мұнда, әзірге жұмыс істеп тұрған математикалық аппарат оның мазмұнына енбеген“, білімнің нақты салаларында қолданыс тауып жүрген амалдар болып табылады. Осыған орай, материя қозғалысының жоғары түрін зерттейтін жеке пәндер әзірге өздері үшін бара-бар болатын, өлшемдері сәйкес келетін сапалық және сандық диалектиканы әлі шығарған жоқ. Бұл ғылымдардың түпкілікті математикаландырылуы болашақтың ісі екендігін көрсетеді. Бұл тұрғыдан алғанда, жаңалық рефлексінің жеке ғылыми деңгейінің оғаштығын жоққа шығарып, ал қоғамдық практикадан туған глобальді проблематикалық мәнін түсінуге байланысты оның дамуы мен тереңдей түсуін жорамалдауға болатын контекстен тыс білімді математикаландыру феноменінің маңызы, өзектілігі мен қажеттілігі өз мәнін жоғалтады. Бұл адамды әлеуметтік-мәдени болмысының мәнін ұғыну мен одан да тереңдей ұғынуға, оның ішкі терең диалектикасын ашуға жетелейді. Осындай танымның күрделі де, шексіз даму процестері жолында жалпы философиялық, методологиялық және жеке ғылыми сипаттағы көптеген проблемалар туындайды. Бұлар алдағы арнайы жеке зерттеулердің тақырыбы болып табылады.

Еліміздің индустриалды өндірісін дамытуға қажетті, ғылыми-техникалық прогрестің шешуші салаларында ең алғы шепке шығу үшін информатика мен есептеу техникасын, халық шаруашылығын электрлендіру мен роботтандыру, роторлы және роторлы-конвейрлік желілерді, бионанотехнологияны, ғаламтор интернетті, осы заманғы ғылым мен техниканың басқа да бірқатар жетістіктерін бірге қолдану қажеттілігі туындап отыр. Техника мен технология саласын алдағы уақытта дамыту, бұрынғы және қазіргі кездегі, қоғам дамуының заңдаылықтармен анықталатын болады. Адамзат қоғамы жүйесінде қызмет атқаратын техниканың бионика, психология заңдарының іске асып, сондай-ақ ЭЕМ-мен, компьютермен, жаңа медициналық әр түрлі автоматты құрылғылармен жабдықталған соңғы „адам-машина“ жүйелерін одан әрі жетілдіре түсетіні сөзсіз. Өзін-өзі басқарып, ұйымдастыра алатын техникалардың пайда болуы, синэнергетика ілімінің іске асуымен бірге адамзат қызметі және жеке алғанда жалпы ғылыми нәтижелер сапалылық жағынан өз дамуының жаңа белесіне өрлейді деп күтілуде.

Қорыта келе, қазіргі ғылыми танымның тұтас дамуында жаратылыстанулық, техникалық және қоғамдық ғылымдар бір-бірімен жақындасып, синтездеу процесі басымдық танытуда. Техникалық ғылымдар аралық буын есебінде, бір жағынан, өзінде екі жақтың да сипатын біріктірсе, екінші жағынан, оларды бір-біріне жалғастырушы болып белсенді рөл атқаруда. Осыған орай, математикаландыру осы глобальды синтездеудің формасына айналып, өзінің шығармашылықтық және гуманистік потенциалын толығынан көрсетуде.

Әдебиеттер:

1. Thom R. Roze et limites de la Mathematisation en Seinces/ Pensee.P., 1977.P.37.
2. Wilder R. Mathematics as a cultural Sustem.-Oxford, 1981.-P.156-159.
3. Рузавин Г.И. Математизация научного знания.- М., 1984.

4. Шанин А.Н. Интегративные функции физико-химической биологии. // Природа. - 1986. - №12. – С.3-10.
5. Налимов В.В. Является ли знание научным в той степени, в какой оно математизировано? // Математизация современной науки: предпосылки, проблемы, перспективы. - М., 1986.
6. Сейсенов Б. Математика және техникалық ғылымдардың дамуы. - Алматы, 1997.
7. Розин В.М. Техника и социальность // Вопросы философии.-2005.-№5.-С.95-107.
8. Сейсенов Б. (қаз. тіліне аударма) Әлемдік философиялық мұра. Ғылым мен техниканың батыстық философиясы. – Алматы, 2006. – Т.10. - 422-557 бб.

Түйіндеме

Бұл мақалада техникалық ғылымдардың өзара интеграциялану мен олардың жараты-лыстану және қоғамдық ғылымдармен бірлесе тұтасып өзара синтезделуінде математикаландырудың ықпалы күшейетіндігі, ғылым мен техниканың ақпараттық қоғам дамуының ауқымды мәдени үдірістерінің артуына жол ашатындығы көрсетіледі.

Кілт сөздер: білімді математикаландыру, ақпараттық қоғам, интеграция, автоматтандыру, кибернетика, физика, ғылымдардың синтезі, математикалық әдістер, математикалық модельдеу.

Резюме

В данной статье рассматриваются интеграция технических наук и повышенное влияние математизации в их взаимном синтезе с естественными и общественными науками, а также раскрытие пути культурных процессов развития информационного общества, улучшения качества науки и техники.

Ключевые слова: математизация знаний, информационное общество, интеграция, автоматизация, кибернетика, физика, синтез наук, математические методы, математическое моделирование.

Summary

The integration of technical sciences and enhanceable influence of mathematisation in their mutual synthesis with natural and public sciences, and also disclosure of cultural processes development ways, informative society, improving qualities science and techniques are considered in this article.

Key words: mathematisation knowledge, the information society, integration, automation, cybernetics, physics, synthesis of science, mathematical methods, mathematic modeling.

УДК 37.016.02.51

ПРИМЕНЕНИЕ ПРИКЛАДНЫХ ЗАДАЧ В ОБУЧЕНИИ МАТЕМАТИКЕ КАК ОДНОЙ ИЗ СОСТАВЛЯЮЩИХ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩЕГО СПЕЦИАЛИСТА

З.Т. СЕЙЛОВА, кандидат педагогических наук, доцент,
А.А.ИБРАЕВА, З.А.ЕРГАЛАУОВА - магистры
Кызылординский государственный университет им. Коркыт Ата, Республика Казахстан

Современный темп развития всех сфер деятельности человека предъявляет к профессиональному образованию инженеров-специалистов высокие требования такие, как профессиональная компетентность, способность анализировать, способность учиться и самообразовываться, рассудительность, творческий подход к нестандартным ситуациям и др. Решение в процессе обучения математике на практических занятиях прикладных задач способствует формированию профессионально важных качеств будущего специалиста. Для развития вышеперечисленных профессиональных качеств, студентам необходима глубокая, всесторонняя подготовка по циклу общенаучных дисциплин, одной из базовых единиц которой является «Высшая математика». Признаками их развития являются логичность, доказательность, умение доказывать, аргументировать суждения, навыки постановки задачи, анализировать поставленную задачу, находить приемлемые методы решения, провести анализ решения.

Математика для инженера – это метод мышления. Известный математик, Гнеденко Б.В. пишет: «За последние двести пятьдесят лет инженерное дело широко использовало математические методы для решения своих задач. Одновременно оно оказало мощное воздействие на прогресс самой математики. Легко можно указать десятки направлений математической мысли, появившиеся только за последние шестьдесят лет, большинство которых испытало воздействие инженерной практики, как при постановке первичных вопросов, так и при развитии теории. Инженерное дело также не осталось в накладе: без широкого использования математических методов прогресс техники в последние десятилетия, как у нас, так и за рубежом был бы невозможен» [1].

Потребности в высококвалифицированных специалистах в различных отраслях промышленности РК, в частности, в нефтегазовой отрасли, обладающих качественной профессиональной подготовкой, разбирающихся в новейших технологиях, возрастают с каждым днем. Особенно это актуально для Кызылординского региона, где по последним данным 86% промышленной продукции, произведенной в Кызылординской области приходится на нефть. В свою очередь, математическая компетентность будущего специалиста нефтегазовой промышленности как составляющая единица профессиональной компетентности формируется в ходе реализации в обучении математике принципа прикладной направленности.

Математические исследования, моделирование и проектирование особенно влияют на развитие науки, техники и развитию экономики. В связи с этим расширяется и круг применения математических методов для решения реальных задач. Целесообразность использования прикладных задач в преподавании математике на инженерно-технических специальностях вуза объясняется следующими *положениями*, которые взаимосвязаны между собой и их деление чисто условно:

1) Математические методы применяются при изучении дисциплин общенаучного и специального циклов профессионального обучения будущих инженеров, являясь реализацией межпредметных и междисциплинарных связей.

В настоящее время нет ни одной области науки, где бы ни применялись методы математики. Это объясняется их универсальностью. Известный математик прошлого Р. Декарт говорил о том, что «математику отличает не столько предмет ее исследований, сколько метод»

Для реализации данного положения на инженерно-технических специальностях вуза следует в первую очередь пересмотреть содержание математического курса. С целью осуществления потребностей общенаучных и специальных дисциплин необходимо соответственно с этим формировать содержание курса математики, то есть обеспечить студентов обязательной системой математических знаний (системой понятий, методов исследований и анализа), на которых базируется специальная подготовка студентов - нефтяников.

Прикладные задачи раскрывают связь высшей математики со смежными естественно научными и специальными дисциплинами, как физика, химия, гидравлика, теплотехника, теоретическая и строительная механика, сопротивление материалов, механика жидкости и газа, теплогазоснабжение и другие.

Анализ учебников, типовых учебных программ, стандартов, анкетирование студентов и преподавателей выпускающей кафедры РЭНГМ показал, что использование математического аппарата не прерывается, более того, из курса в курс потребности в математических знаниях возрастают.

Проведенный анализ также установил, какие именно задачи необходимо включать в содержание курса высшей математики. По окончании первого года обучения студент-нефтяник, согласно типовому плану, должен уметь (относительно курса высшей математики):

- использовать методы математического анализа и моделирования задач естествознания в инженерной деятельности;

- методы математической статистики (теоретического и экспериментального исследования);

По окончании второго курса студент-нефтяник должен уметь:

- рассчитывать давление жидкости и газа (иметь навыки вычисления определенного интеграла);

- законы нагревания жидкости и газа (применение производной)

После третьего года обучения студент-нефтяник должен:

- уметь производить расчеты по основным свойствам жидкостей и газа, различным видам движения жидкости и газа (уметь составлять и применять общие дифференциальные уравнения первого порядка);

- иметь навыки расчетов по статике и кинематике жидкостей и газа.

- формулировать инженерную задачу и составлять соответствующую математическую модель;

- иметь навыки подсчета геологических запасов

После четвертого года обучения студент-нефтяник должен уметь и знать:

- применять пакеты прикладных математических программ для решения инженерных производственных задач;

- проводить статистический анализ теоретических и экспериментальных исследований;

- численные методы моделирования и измерения нефтегазовых пластов;

- интерполирование функций;

- методы вычисления двойных интегралов;

- методы решения дифференциальных уравнений первого и второго порядка на основе построения разностных аналогов этих уравнений.

Как мы видим, требования к математической подготовке каждого года обучения на специальности «Нефтегазовое дело» возрастают, в связи с этим в содержание курса высшей математики необходимо вводить прикладные задачи, удовлетворяющие вышеназванным потребностям.

2)Прикладные задачи усиливают положительную мотивацию изучения студентами математики, повышая познавательный интерес к самой математики, способствуют самообразованию, саморегуляции, самоконтролю.

Мотивация в обучении является важнейшим условием процесса познания. Положительная мотивация на успех направляет, заставляет самостоятельно действовать, осуществлять задуманное, несмотря на трудности и препятствия. Математика для большинства студентов, представляется наиболее сложным предметом, потому многие из них даже не пытаются изначально овладеть математическими знаниями, ссылаясь на трудность предмета и на пробелы в знаниях школьного курса математики [2]. Для успешной математической подготовки очень важно желание самого студента в получении знаний. Студент с первых дней пребывания в стенах университета должен понимать, что без фундаментальной математической подготовки будет проблематично осваивать общенаучные и специальные дисциплины

Теоретическая математическая подготовка в вузе базируется на школьном курсе математики, а для решения прикладных задач и задач с профессиональной ориентацией студенту-нефтянику еще необходимы знания из других дисциплин (физики, химии и т.п.). Зачастую низкий уровень подготовленности студента по школьному курсу математике и другим смежным дисциплинам, отсутствие умений и навыков в логическом построении рассуждений, а также элементарных математических моделей практических задач, усугубляется сокращением аудиторных часов в вузовском обучении в пользу самостоятельной работы, навыков которой у студента первого курса почти отсутствуют и, тем самым, тормозит весь учебный процесс. Преподавателю математики приходится «закрывать пробелы» в знаниях бывших школьников, теряя на объяснения нового материала больше отведенного по плану времени. Часть студентов, не имея в своем интеллектуальном багаже достаточной школьной математической подготовки, вовсе теряют интерес к высшей математике, стремясь обойти этот предмет, не понимая его значимости при изучении специальных дисциплин. Здесь очень важна роль преподавателя математики как наставника и психолога в формировании положительной мотивации к обучению.

Преподаватель на занятиях по математике через прикладные задачи и задачи, связанные с их будущей профессиональной деятельностью, может и должен показать перспективы, которые дают умения и навыки в математическом моделировании этих задач, тем самым стимулируя познавательный интерес слабых студентов. Задача преподавателя состоит не столько в передаче готового знания, сколько в организации такого процесса обучения, при котором у студента возникла бы необходимость и готовность самообразовываться. Конечно, в обязанность преподавателя вуза не входит закрывать пробелы учащегося в знаниях по школьной программе, но он обязан так организовать самостоятельную работу студента, чтобы во внеаудиторных занятиях учащиеся были заинтересованы в самообразовании.

3)Прикладные задачи развивают математические способности и способствуют активизации мыслительной деятельности студентов.



Важной задачей преподавания, решаемой в процессе обучения, является развитие у учащихся активного, самостоятельного и творческого мышления [3]. По мере решения прикладных задач студент осваивает приемы анализа, синтеза, делает выводы и т.д. Обучение решению прикладных задач отличается от простой тренировки вычислительных операций, присущей формальной стороне математики. Это отличие заключается в том, что у него не только постепенно накапливаются умения и навыки, но и формируются математические способности. Мыслительный процесс активизируется в деятельности. В математике этой деятельностью становится решение прикладных задач. Включение таких задач в содержание обучения является условием для реализации творческого потенциала учащегося.

Рассмотрим задачу по теме «Применение определенного интеграла к вычислению работы».

Задача. Определить работу A, необходимую для выкачки нефти из цистерны высотой 4м. и диаметром 1м. Плотность нефти p=700кг/м^3, g=9,8м/с^2.

Решение.

Нарисуем чертеж задачи (см. рис.1) На глубине x выделим слой нефти высотой dx.

$$dA=6860\pi R^2dx$$

Для того чтобы выкачать слой нефти весом P на высоту x, затрачивается работа $A=Px$. Как известно, объем цилиндра $V=\pi R^2H$. Если глубина x изменится на глубину dx, то объем V изменится на величину $dV=\pi R^2dx$.

Так как плотность нефти равна p=700кг/м^3, то его вес в объеме 1м^3 равен

$$P=pg=700\bullet 9{,}8=6860H$$

Следовательно, вес P изменится на величину

$$dP=6860\,\pi R^2dx$$

Тогда совершенная работа изменится на величину

$$dA=6860\pi R^2dx$$

Интегрируем данное равенство. x изменяется от 0 до H.

$$A=\int_0^H 6860\pi R^2xdx=3430\pi\cdot 0{,}5^2\cdot 4^2=13720\pi\ (Дж).$$

Литература:

1. Гнеденко Б.В. Научно-технический прогресс и математическое образование во втузах. Сб. научно-методических статей по мат.-М., 1978. - С.6-11.

2. Колягин Ю.М., Пикан В.В. О прикладной и практической направленности обучения математике // Математика в школе. - 1985.- № 6. - С. 27 - 32.

3. Шапиро И.М. Использование задач с практическим содержанием в преподавании математики. Книга для учителя. — М.: Просвещение, 1990. - 96 с.

Резюме

В формировании профессиональной компетентности будущего специалиста нефтегазовой отрасли необходима глубокая, всесторонняя подготовка по циклу общенаучных дисциплин, где «Высшая математика» является одной из базовых дисциплин. В данной статье освещается проблема реализации прикладной направленности математического курса для студентов нефтегазовых специальностей. Показана целесообразность использования прикладных задач в преподавании математике на инженерно-технических специальностях вуза. Рассмотрены требования к математической подготовке студента по специальности «Нефтегазовое дело» на каждом году обучения.

Ключевые слова: прикладная направленность, межпредметные связи, математическая компетентность, содержание образования.

Түйіндеме

Мұнай-газ саласындағы болашақ маманның кәсіптік құзіреттілігін қалыптастыруда «Жоғары математика» базалық пәндердің бірі болатын, жалпы ғылыми пәндер циклы бойынша, терең, жан-жақты дайындықты қажет етеді. Бұл мақалада мұнай-газ мамандығының студенттері үшін математикалық курсының қолданбалық бағытын жүзеге асыру мәселесі қарастырылған. ЖОО-дағы инженерлік-техникалық мамандықтарға математиканы оқытуда қолданбалы есептерді пайдаланудың мақсаттылығы көрсетілген. Оқытудың әрбір жылындағы «Мұнайгаз ісі» мамандығы бойынша студенттердің математикалық дайындығына қойылатын талаптар туралы баяндалады.

Кілт сөздер: қолданбалы бағыттылық, пәнаралық байланыстар, математикалық құзіреттілік, білім беру мазмұны.

Summary

“High mathematics” was one of the basic subjects, in the professional competence formation of specialist of oiland gas industry specialist, of future oil and gas industry requires a deep, a cycle of scientific disciplines, where the "Higher Mathematics". This article highlights the issue of the direction of applied mathematics course for students of oil and gas fields. The expediency of the applications in the mathematics teaching to engineering and technical specialties of the university is shown. The requirements for the mathematical preparation of students of "Oil and Gas Business" at each grade level are discussed in the article.

Key words: application oriented, interdisciplinary communication, mathematical competence, the content of education.

ӘОЖ 510.57:517.31

MAPLE ЖҮЙЕСІНІҢ ГРАФИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІН ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРДІ ШЕШУДЕ ПАЙДАЛАНУ

З.Т.СЕЙІЛОВА, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
А.Ә.ЫБРАЕВА, магистрант, **С.ЕЛДЕСБАЕВА**
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Maple - типтік бағдарламалық жүйе. Оны өзге бағдарламалық тілдерден ерекшелейтін мынадай қасиеттерін атап өтуге болады:

- Қуатты бағдарламалау тілі;
- Құжаттар мен бағдарламаларды дайындаудың және редакциялаудың тамаша редакторы болуы;
- Заманауи диалогтық режимде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін көп терезелік тұтынушылық интерфейс ;
- Мыңдаған мысалдарды көруге болатындай қуатты анықтамалық жүйеден тұратындығы;
- Алфавиттік ретпен орналастырылған словарь математикалық түсініктер мен терминдердің сөздігін пайдалану мүмкіндігі;
- алгоритмдердің негіздері мен математикалық өрнектерді өзгерту ережелерінің берілуі;
- сандық және символдық бағдарламалық процессорлары;
- диагностикалық жүйесі;
- ішкі кітапханалық және қосымша функциялары;
- ішкі кеңейту бумаларымен қатар өзге шығарушылардың бумаларын да пайдалана алу мүмкіндігі;
- Кейбір бағдарламалау тілдерінің жабдықтарын пайдалана алуы.

Maple бағдарламасында символдық өзгертулер жұмыстарының негізін жүйе түйіні құрайды. Жүйе түйіні көптеген жүздік негіздік функциялар мен символдық өзгертулер алгоритмдерінен құралған. Жүйе түйіні әрбір келесі нұсқаларда жетілдіріліп отырылады.

Maple-дің жаңа нұсқаларындағы жүйе түйіндерінде көптеген кемшіліктер түзетіліп, анықталған қателіктер жаңа нұсқаларды тестілеу кезінде өзгертілуде.

Сонымен қатар Maple-де операторлар, командалар мен функция-процедуралардың негіздік кітапханасы бар. Ондағы көптеген функциялар, түйін функциялары сияқты, кейбіреулері ешбір бейнелеусіз пайдаланылса, ал керісінше кейбіреулері міндетті түрде бейнелеуді қажет етеді. Сонымен қатар Maple құрамында мәселелеге проблемалық-бағытталған бумалар (packages) да кездеседі және олардың тақырыптары классикалық және заманауи математиканың көптеген бөліктерін қамтиды.

Maple - бағдарламалау тілі ретінде математикалық есептерді бағдарламалаудың ең қуатты да үздік тілі болып есептеледі.

Стохастикалық есептердегі дифференциалдық теңдеулердің шешімдерін қарапайым графиктер түрінде бейнелеу үшін **Plots** бумасындағы **Odelplot** функциясы пайдаланылады. Мысалы,

$$y'(x)=\cos(x^2y(x))$$

дифференциалдық теңдеуінің $y(0)=2$ және $x=-5$ пен 5 аралығында өзгеру функциясының графигінсалу үшін дифференциалдық теңдеулердің сол жағы туындыны есептейтін **Diff** функциясын пайдалануға болады.

Ал екі теңдеуден тұратын сызықтық емес дифференциалдық теңдеулер жүйесінің шешімін бейнелеу кезінде Odelplot функциясы арқылы бір координаталар осінде $y(x)$ пен $z(x)$ функцияларын сызуға болады.

Қарастыратын мысалды $y'(x) = z(x)$

$$z'(x) = 3\sin(y(x))$$

теңдеулер жүйесі ретінде алып, $y(0) = 0$, $z(x) = 1$ бастапқы мәндеріне байланысты және x-тің мәні -4 пен 4 аралығында өзгеретіндей, ал пайдаланылатын нүктелерінің саны 25 болатын жағдайда қарастыруға болады.

Кей жағдайларда екі дифференциалдық теңдеуден тұратын жүйені фазалық портреттер арқылы бейнелеуге болады, сонымен қатар $y(x)$ пен $z(x)$ нәтижелерінің мәндерін график осьтерінде көрсетуге болады.

Дифференциалдық теңдеулер жүйесі Лотка - Вольтерр моделінің шешімін табу мысалын қарастырайық.

Популяция динамикасының бір моделі Лотка - Вольтерр моделі деген атпен белгілі және ол биологиялық популяция ортасында жыртқыш құрбан өзгерісі жүйесін бейнелейді. Бұл модель құрбандар мен жыртқыштар санының периодтық тербелмелі өзгерісін бейнелеуге мүмкіндік береді.

Лотка - Вольтердің мынадай түрдегі дифференциалдық теңдеулер жүйесі берілсін.

$x'(t) = x(t)(1 - y(t))$

$y'(t) = 0{,}3\, y(t))\, (x(t) - 1).$

Бұл жүйенің шешімі векторлық өріс ретінде көрсетіліп, ондағы стрелкалар шешім болатын қисық сызықтарға жанама ретінде (қисықтардың өздері графикте көрсетілмеген) бейнеленген.

Векторлық өрістің функционалдық бояуы арқылы шешімді өте көрнекі түрде бейнелеуге болатынын мынадай графиктен байқауға болады.



Ал енді мына мысалда екі теңдеуден тұратын дифференциалдық теңдеулер жүйесінің шешімін көлемдік фазалық портрет түрінде бейнелеу нұсқасы келтірілген. Бұл жағдайда үш өлшемді координаталар жүйесі мен сәйкес параметрлік тәуелділіктері x(t), y(t), z(t) графиктерін салу қарастырылған. Мұндағы фазалық портрет кеңістікте көлемді спиральдық жазу түріне ұқсас түрде бейнеленген. Функционалдық бояуының көрсетілімі функцияның өте көрнекі түрде болуын қамтамасыз етуде.



Графиктік функция **dfielplot** дифференциалдық теңдеулер нәтижесін векторлар көмегімен өріс ретінде көрсету үшін пайдаланылады. Бұл функция Deplot функциясының бөлігі болғанымен, тек қажетті жағдайларда ғана пайдаланылады. Бірақ оны бөлек те пайдалана болатынын мынадай дифференциалдық теңдеулер жүйесін шешу мысалынан-ақ көруге болады:

x‘(t) = x(t) (1-y(t))
y‘(t) = 0,3 y(t)(x(t) - 1)



Жалпы алғанда дифференциалдық теңдеулерді визуальдық түрде көрсетудің мүмкіндіктері өте көп. Қарастырылған мысалдар солардың тек кейбір бөліктері ғана болып есептеледі.

Әдебиеттер:

1. Фихтенгольц Г.М. Курс дифференциального и интегрального исчисления. 3 тома. -М.: Изд. «Лань», 2005.
2. Понтрягин Л.С. Обыкновенные дифференциальные уравнения. – М., 1994.
3. Дьяконов В.П. Maple 9 в математике, физике и образовании. - Москва: СОЛОН-Пресс, 2004.
4. Дьяконов В.П. Maple 10/11/12/13/14 в математических расчетах. – Москва, 2011.

Түйіндеме

Maple жүйесі процедуралық бағдарламалаудың типтік жабдықтарымен қамтылғанымен, бұл жүйе тіл ретінде математикалық есептерді шешуге бағытталған. Сондықтан Maple жүйесі жоғары деңгейлік проблемалық бағытталған бағдарламалау классына жатады. Әсіресе Maple жүйесін пайдалану математика мен физика пәндерін оқытуда аса тиімді болып есептеледі. Символдық математиканың кеңейтілген мүмкіндіктері математикалық сандық модельдеу мен есептеулердің графикалық визуалды бейнелеулерімен керемет ұштастырылған. Дифференциалдық теңдеулер түрлі жүйелер мен жабдықтарды математикалық модельдеудің негізін құрайды. Сондықтан бұл мақалада Maple жүйесінің графикалық мүмкіндіктерін дифференциалдық теңдеулерді шешуде пайдалану жайы қарастырылған.

Кілт сөздер: Maple жүйесі, математикалық сандық модельдеу, есептеулердің графикалық визуалды бейнелеулері, дифференциалдық теңдеулерді шешу.

Резюме

Несмотря на то, что система Maple содержит типовые средства процедурного программирования, однако как язык она ориентирована на решение математических задач. Поэтому система Maple относится к классу проблемно-ориентированных языков программирования сверхвысокого уровня. Особено эффективно использование системы Maple при обучении математике и физике. Обширные возможности символьной математики объединяются в ней с прекрасными средствами математического численного моделирования и просто потрясающими возможностями графической визуализации вычислений. Дифференциальные уравнения лежат в основе математического моделирования различных систем

и устройств. Поэтому в статье рассмотрено использование графических возможностей системы Maple при решении дифференциальных уравнений

Ключевые слова: система Maple, математическое численное моделирование, возможности графической визуализации вычислений, решение дифференциальных уравнений.

Summary

Although the Maple system contains typical means of procedural programming, but the language is aimed to solving mathematical problems. Therefore, the Maple system belongs to a class of problem-oriented programming languages of very high level. Particulary it is effective to use Maple for teaching mathematics and physics. Extensive opportunities of symbolic mathematics are combined with excellent means of mathematical modeling and numerical possibilities of graphical visualization of calculations. Differential equations are on the basis of mathematical modeling of various systems and devices. Therefore, this article deals with the use of Maple graphics capabilities in solving differential equations.

Key words: The Maple system, mathematical and numerical modeling, possibilities of graphical visualization of calculations, solvig of differential equations.

ӘОЖ 37.011-31-051:51:16:37.025

МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

В.Е.СЕРІКБАЕВА, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,
К.Ж.АЛМАЕВ, магистрант
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Білім берудегі орта білім беру деңгейі үздіксіз білім беру жүйесінің базалық буыны екені және осы деңгейдің жастарға саналы тәрбие, сапалы білім беріп елжанды азамат етіп қалыптастыруда атқарар ролі зор екені анық.

Математика пәнін орта мектепте оқытудың негізгі мақсаттарының бірі – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту.

Оқу процесіндегі басты мақсат – оқушыға дайын білімдерді беру ғана емес, оларды дербес ойлауға үйрету. Ал бұл мақсат барлық таным процесін ақиқатты іздеп табуға бағыттай білгенде ғана жүзеге асып, оқушыларды логикалық ойлау әдісі арқылы сол ақиқатты дәлелдеу процесімен таныстыруға міндеттейді.

Математикалық теорияларды дәлелдеу тек дедуктивтік негізде жүргізіледі, яғни дәлелденетін ой (тұжырымдама, пайым) бұрын дәлелденген немесе дәлелдеусіз қабылданған сөйлемдерге сүйенеді. Математикада тәжірибе нәтижесі, мысалдар, т.б. дәлелдеудің негізі бола алмайды.

Математикалық дәлелдеу – бастапқы аксиома, анықтама, бұрын дәлелденген теорема және дәлелденетін теореманың шарттарынан қорытындыға келетін логикалық салдарлар тізбегі болып табылады.

Математикалық обьектілер жөніндегі пайымды (немесе пікірді) өрнектейтін логикалық сөйлем математикалық сөйлем деп аталады. Сөйлемнің субьекті және обьекті, сәйкесінше математикалық сөйлемнің шарты (негізі, сілтемесі (тиянағы)) және қорытындысы (салдары, нәтижесі) дәлелденеді.

Математикалық сөйлемдерге теорема, аксиома, анықтама, формулалар, теңдеулер мен теңсіздіктер және есептер, т. б. жатады.

Ақиқаттығы дәлелдеусіз ақиқат деп қабылданған математикалық сөйлем – аксиома. Аксиома гректің «axioma» – «бедел», «құрмет» деген сөзінен шыққан.

Аксиомалар мен алғашқы (анықталмайтын) ұғымдар математикалық теорияның негізгі іргетасын қалайды. Кез келген ұғымды немесе ұғымдар арасындағы қатысты қанағаттандыратын талаптарды баяндайтын сөйлемді постулат дейміз. Постулат латынның «postulatum» – «талап», «ұсыныс» деген сөзінен шыққан.

Анықтама деп ұғымның қажетті және жеткілікті белгі-шарттарын көрсететін сөздік немесе символдық сөйлемді айтады.

Математикалық сөйлемнің ең маңызды түрлерінің бірі – теорема.

Теорема ұғымын қатаң түрде анықтау тек формальды теорияларда кездеседі. Формальды емес теорияларда (оның ішінде мектеп математика курсында) теорема ұғымына түсініктеме ғана беріледі: қисынды пайымдаулар арқылы дұрыс немесе бұрыстығы дәлелдеу нәтижесінде белгілі болатын пайым (сөйлем) теорема делінеді. Теорема грек сөзі, оның қазақша мағынасы «көз жеткіземін», «ойлап көремін».

Мектеп бітіруші оқушылардың математикалық сөйлемдердің мазмұнын жете түсінбейтіндігі, әдетте жаттығушылықпен шұғылданатындығы байқалады. Ұғымдардың анықтамасындағы келтірілген елеулі белгілерін көрсете алмаушылықты, теореманың шарты мен қорытындысын ажырата білмеушілікті, кері теореманың барлық жағдайда дұрыс бола бермейтіндігін түсінбеушілік студенттердің арасында да кездеседі. Оған қоса орта мектепті бітірушілердің ішінде теореманың түрлері туралы тіпті түсінік алмай шығатындары да кездесіп отырады; айтылған пікірді дәлелдеудің қажеттілігін түсінбеушілік, соның салдарынан теореманың дәлелдеуін жаттаушылыққа әдеттену болып табылады. Соңғы кезде қалыптасқан тестілік жүйе де бұған (мұғалімдердің түсінбеушілігінен), кері әсерін тигізуде. Себебі тестілік сұрақтарға бейімдеп, теореманы дәлелдеудің орнына, есеп шығартуды жөн көреді. Ал бұл кемшіліктердің барлығы математиканы сапалы түрде түсіне білуге кері әсерін тигізеді.

Оқушылардың математикалық білімдерді саналы игеруін қамтамасыз ету, олардың логикалық ойлауын жетілдіру, мысалы, математикалық ұғымдарға дәл анықтама беруге үйрету арқылы іске асырылады. Математика курсында ұғымдарды қалыптастыру барысында олардың көлемін кеңейтіп, мазмұнын тереңдетіп, құрылымын дәлдеп анықтап қиыстыруды қамтамасыз ету керек.

Математикалық ұғымдарды қалыптастыру оқушылардың белсенді іс - әрекетінсіз мүмкін емес. Математикалық ұғымдарды игеру таным процесінің жалпы және нақтылы іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Оларға жалпылау, нақтылау, анализ, синтез, салыстыру, аналогия, жіктеу және бір жүйеге келтіру іс-әрекеттері жатады.

Өкінішке орай, оқушылар ауызша жауап беру барысында немесе жұмысты жазбаша орындау кездерінде әртүрлі математикалық қателіктер жібереді. Мәселен теориялық қателіктер. Мұндай қателер көбінесе оқушылардың математикалық ұғымдарды дұрыс түсінбеуінен, сол сияқты математикалық ауызекі сөздерінде тіл білімінің ережелерін қолданбауынан туады. Мысалы:

1. Оқушылар түзу мен кесіндіні шатыстырады. «Кесіндінің сан мәні» деу орнына «түзудің сан мәні» деп оқитын кездері болады.

2. Теңдеу мен тепе-теңдікті шатыстырады.

3. Кейде «тең бұрыштарға қарсы тең қабырғалар жатады» дейді. Мұнда «тең үшбұрыштарда» деген сөзді қалдырып кететіндіктен математикалық сөйлем қате болып тұр.

4. «Тең көлбеулердің проекциялары да тең болады» дейді. Мұнда да дұрыс математикалық логика жоқ. Себебі сөйлем дұрыс құрылмаған. Дұрысында бір нүктеден берілген түзуге жүргізілген тең көлбеулердің проекциялары ғана өзара тең болады.

Оқушыларға сапалы білім беру мақсатында қазіргі күннің математика мұғалімі оларды оқыту барысында математикалық материалды тек абстрактілі тұрғыдан баяндап қоймауы тиіс және ол оқушылардан айқындалған амалдарды, түрлендірулерді орындаудағы, теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудегі білімдерін, біліктерін және дағдыларын қалыптастырумен де шектелмеуі қажет. Мұғалім оқушыларға олардың білімдерінің сабақтас оқу пәндеріндегі, практикадағы қолданбалылығын әрдайым көрсетіп отыруы керек. Себебі математикалық ұғымдар, аксиомалар мен анықтамалар және қорытындылар (теоремалар және салдарлар) нақтылы өмірде бар болатын әртүрлі заттардың, онда болып жатқан құбылыстар мен өтіп жатқан процестердің өздеріне тән жалпы қасиеттерінің біздің санамызда бейнеленуі болып табылады. Академик А.Н.Колмогоров: «Математик әрқашан реалды құбылыстардың әртүрлі модельдерімен жұмыс жасайды. Оны, математик ретінде, қабылданған модель аясында қорытындылар орынды ма деген сұрақ ғана ойландырады. Егер де ол реалдылық пен оның математикалық моделінің арасындағы диалектикалық байланысты түсіндіру міндетінен бас тартса, бұл әсте жақсы емес» - деп көрсеткен болатын [2].

Стереометрия курсын бастағанда жазықтық аксиомасына есептер:

1. A, B, C, D төрт нүкте берілген. Бұл нүктелердің өзара орналасуы қандай? Бұл нүктелер қанша жазықтықты анықтайды?

2. Фотоаппарат пен геодезиялық құралдардың тірек аяқтары неге үшеу? Төрт аяғы бар столдар неге әрдайым орнықты емес?

3. Кітап немесе қатты картонның бөлігін алыңыздар. Оларды екі калам ұшына қозғамайтындай етіп қоюға бола ма? Бұл үшін кем дегенде қанша калам керек?

Геометриялық фигураларды салуға қатысты келесі нақты мысалдарды келтіруге болады:

1. Көз алдыңызға кубты елестетіңіздер. Қай жақтары көрінбейді? Қай қырлары көрінбейді?

2. Үшбұрышты пирамиданы елестетіңіздер. Қандай жақтары көрінбейді? Қай қырлары көрінбейді?

3. а) кубтың тек бір жағы; б) кубтың тек екі жағы; в) кубтың тек үш жағы көрінетіндей кубты қалай орналастырамыз? Әр жағдайда кубты қалай орналастырғандарыңызды айтып беріңіздер.

4. Төмендегі суреттердің қайсысында куб дұрыс бейнеленген?



а б в г д

5. Барлық қырлары көрінетіндей пирамиданы орналастыра аламыз ба?

6. Үшбұрышты пирамиданың кем дегенде қанша қыры көрінеді?

Геометрия курсының негізгі үш ұғымын – нүкте, түзу, жазықтықты оқығанда «синтез» және «анализ» ойлау әдістерін қалыптастыратын сұрақтар жүйесін келтіру керек.. Бұл кезде есептеп, салып, өлшеп жатудың қажеті жоқ, тек көру, елестету, болжау, ойлау, сезіну керек. Бұлардың бәрі ойлаудың негізі - синтез және анализбен байланысты.

Математикадан сапалы білім беру үшін оқыту процесінде жаңа педагокалық (инновациялық) технологияларды қолдануды жетілдіру, көрнекті оқу құралдары мен оқытудың техникалық құралдарын жасау мен зерттеу және оқу процесін тиімді ұйымдастыруға ықпал ететін құрал – жабдықтарын қолдану міндеті қойылады.

Білім беруді жалпы компьютерлендіру мен информатикаландыру бірынғай түсінікті құрылғылар мен мүмкіндігінше жақындастырылған пәндік байланыстар негізінде іске асырылуы қажет.

Алматыдағы Ұлттық ақпараттандыру орталығында 2012 жылы ұлттық электрондық оқыту (e-learning) жүйесі, сонымен қатар, мектепте және техникалық-кәсіптік білім беру мекемелерінде өтетін пәндерді мазмұнды цифрлық білім беру ресурстарымен толық қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

2011 жылдан бастап, Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы іске асырылып жатыр. Соның ішінде, білім берудегі инновация болып саналатын электронды оқыту жүйесіне бағдарламада айырықша мән берілген.

Цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) – электрондық оқыту жүйесінің негізгі бір құрамды бөлігі. Олар, әр оқылатын пәндердің әр тақырыбындағы жаңа материалдарды мультимедиялық көріністермен түсіндіріп, интер-белсенді тапсырмалар мен тестер арқылы бекітеді. ЦБР пайдалану оқушының әр тақырыпты есте сақтап, оны терең түсінуіне мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан мұғалімі. – 2010. - 26 қазан.

2. Колмогоров А.Н. Современная математика и математика в современной школе // Математика в школе. – 1971. – №6. – С.2-3.

3. Серікбаева В.Е. Математиканың пәнаралық байланыстары: Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Экономика, 2007. – 199 б.

Түйіндеме

Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін математикалық ұғымдарды қалыптастыру әдістемесі қарастырылады. Математиканы оқыту барысында, сабақтас пәндерден және нақтылы өмірден оқушыларға түсінікті түрде келтірілген фактілер ғылыми білімдердің пайда болу негізін, қоршаған орта мен табиғат құбылыстарының танымалы екендігін көрсетуге мүмкіндік береді. Осы жағдайда ғана оқушылар оқытылатын жеке пәннің – математиканың ұғымдары мен абстрактілі жағдайларын оңай сезіне біледі, түсіне алады.

Кілт сөздер: таным процесі, логикалық ойлау, математикалық сөйлем, математикалық дәлелдеу.

Резюме

Рассматривается формирование математических понятий для развития логического мышления учащихся. При обучении математике приведенные в доступной форме факты из курсов смежных дисциплин и из реальной жизни создают возможность для формирования основ научных знаний, познаваемости явлений окружающей среды и природы. Только в этом случае обучающиеся смогут легко уяснить понятия математики и её абстрактные положения.

Ключевые слова: процесс познания, логическое мышление, математическое предложение, математическое доказательство.

Summary

The article deals with the formation of mathematical notions for the development of logical thinking of the pupils. While teaching mathematics the facts from the courses of the related subjects and from the real life which are given in the simple form, enable to demonstrate the principles of appearing the scientific knowledge, the cognity of phenomena of the environment and nature. Only in this case the learners can understand the notions of mathematics and its abstract situations easily.

Key words: Process of learning, logical thinking, mathematical sentence, mathematical proof.

ӘОЖ 378.851

ВЕКТОРЛЫҚ ТЕҢСІЗДІКТІҢ КЕЙБІР ҚОЛДАНЫСТАРЫ

Б.ТҰРБАЕВ, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент,
М.БЕГАЙДАРОВ, Н.САЛҚЫНБАЕВА – магистранттар
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Векторлар геометрияда, алгебраның кейбір есептерін шешуде: теңдеу шешу, теңдеулер жүйесін шешу, теңсіздіктерді дәлелдеу, функцияның экстремумдарын іздеу, сонымен қатар геометриялық теңсіздіктерді дәлелдеуде қолданылуы мүмкін.

Жұмыста бұл тәсілмен шешудің дәстүрлі тәсілдерге қарағанда тиімді және шешу ұзақтығының қысқа болатынын көрсетеміз.

Ол үшін біз Коши-Буняковский теңсіздігі және оның салдарын қолданамыз. Ол былайша

$$(x_1y_1 + x_2y_2 + x_3y_3)^2 \le (x_1^2 + x_2^2 + x_3^2)(y_1^2 + y_2^2 + y_3^2)$$

өрнектеледі.

Төмендегі қарастыратын есептерде мына түрдегі Коши-Буняковский теңсіздігін

$$|\vec{v} \cdot \vec{u}| \le |\vec{v}| \cdot |\vec{u}| \qquad (1)$$

$$\vec{v} \cdot \vec{u} \le |\vec{v}| \cdot |\vec{u}| \qquad (2)$$

қолданатын боламыз. Мұнда: а) егер $\vec{v}$ және $\vec{u}$ векторлары коллинеарлы болса (1) теңсіздік; б) егер $\vec{v}$ және $\vec{u}$ векторлары қарама-қарсы бағытталған болса (2) теңсіздік тепе-теңдікке айналады.

$n = 3$ үшін Коши-Буняковский теңсіздігі мынадай түрде болады:

$$|x_1y_1 + x_2y_2 + x_3y_3| \le \sqrt{x_1^2 + x_2^2 + x_3^2} \cdot \sqrt{y_1^2 + y_2^2 + y_3^2} \qquad (3)$$

$$x_1y_1 + x_2y_2 + x_3y_3 \le \sqrt{x_1^2 + x_2^2 + x_3^2} \cdot \sqrt{y_1^2 + y_2^2 + y_3^2} \qquad (4)$$

Бұл теңсіздікті оңай дәлелдеуге болады.

$\vec{v} = (x_1; x_2; x_3)$ және $\vec{u} = (y_1; y_2; y_3)$ екі векторды қарастырайық. (3) теңсіздіктің сол жағында $\vec{v}$ және $\vec{u}$ векторларының скаляр көбейтіндісінің абсолют шамасы, ал оң жағында $|\vec{u}| = \sqrt{x_1^2 + x_2^2 + x_3^2}$, $|\vec{v}| = \sqrt{y_1^2 + y_2^2 + y_3^2}$ ұзындықтарының көбейтіндісі жазылған.

Векторлардың скаляр көбейтіндісі деп осы векторлардың ұзындықтары мен олардың арасындағы бұрыштың косинусының көбейтіндісін айтамыз; осы анықтамадан $|\cos(v,u)| \le 1$ екенін ескеріп, (1) теңсіздігін аламыз.

(1) және (2) теңсіздіктері теңдікке айналған жағдайда $\vec{v} = \lambda\vec{u},\ \lambda \ne 0$ теңдігі орындалады және ол сәйкесінше

$$\begin{cases} x_1 = \lambda y_1 \\ x_2 = \lambda y_2 \\ x_3 = \lambda y_3 \end{cases}$$

болады.

Коши-Буняковский векторлық теңсіздігін қолдану есепті тез шешуге жағдай жасайды және ол арқылы шешудің жаңа әдістерін табамыз.

Енді қарастырып отырған әдісті есептер шешуде қолдануға мысалдар келтірейік.

Теңдеу шешу

1-мысал. Теңдеуді шеш:

$$\sqrt{a^4 + b^2} = \frac{3a^2 + 4b - 2}{5}$$

Шешуі: теңдеуді мына түрде жазамыз: $5\sqrt{a^4 + b^2} = 3a^2 + 4b - 2$

$\vec{v} = (3;4)$ және $\vec{u} = (a^2; b)$ векторларын қарастырамыз. Олардың скаляр көбейтіндісі мынаған тең: $\vec{v}\vec{u} = 3a^2 + 4b$.(2)-ші $\vec{v} \cdot \vec{u} \le |\vec{v}| \cdot |\vec{u}|$ шарты бойынша

$$5\sqrt{a^4 + b^2} \ge 3a^2 + 4b > 3a^2 + 4b - 2$$

Бұл теңдеудің шартын қанағаттандырмайды. Демек теңдеудің шешімі жоқ.

Теңдеулер жүйесін шешу

2-мысал. Теңдеулер жүйесін шеш:

$$\begin{cases} x + y + z = 1 \\ x^2 + y^2 + z^2 = \dfrac{1}{3} \end{cases}$$

Шешуі: Бір қарағанда берілген жүйенің шексіз көп шешімі бар секілді көрінеді (үш айнымалы екі теңдеу). Алайда мұндай ой қате болып табылады.

$\vec{u}(x, y, z)$ және $\vec{e}(1,1,1)$ векторларын қарастырайық. Сонда

$\vec{u} \cdot \vec{e} = x + y + y = 1$

$|\vec{u}| = \sqrt{x^2 + y^2 + z^2}$ және $|\vec{e}| = \sqrt{3}$ болғанда $|\vec{u}| \cdot |\vec{e}| = 1$ болады.

(3) және (4) теңдіктерді ескере отырып

$\vec{u} \cdot \vec{e} = |\vec{u}| \cdot |\vec{e}|$

аламыз. Демек, (3) $x = y = z$ негізінде, сонымен қатар (1) теңсіздікті ескере отырып $x = y = z = \dfrac{1}{3}$ аламыз.

Жауабы: $\left(\dfrac{1}{3}; \dfrac{1}{3}; \dfrac{1}{3}\right)$.

3-мысал. Теңдеулер жүйесін шеш:

$$\begin{cases} 4x^4 + 64y^2 + 16z^6 = \dfrac{21}{64} \\ x^2 + y + z^3 = \dfrac{24}{64} \end{cases}$$

Шешуі: $\vec{v} = \left(\dfrac{1}{2}; \dfrac{1}{8}; \dfrac{1}{4}\right)$ және $\vec{u} = \left(2x^2; 8y; 4z^3\right)$

Енді $\vec{u}$ және $\vec{v}$ векторлары үшін Коши-Буняковский теңсіздігін қолданамыз:

$$\vec{v}\vec{u} = x^2 + y + z^3 \le |\vec{v}| \cdot |\vec{u}| = \sqrt{4x^4 + 64y^2 + 16z^6} \cdot \sqrt{\frac{1}{4} + \frac{1}{64} + \frac{1}{8}}$$

$$x^2 + y + z^3 \le \sqrt{\frac{21}{64}} \cdot \sqrt{\frac{21}{64}} = \frac{21}{64} < \frac{24}{64}$$

Демек, жүйенің шешімі жоқ.

4-мысал. Теңдеулер жүйесін шеш:

$$\begin{cases} x^2 + y^2 + z^2 = 2^{1999} \\ xz + xy + zy = 2^{2000} \end{cases}$$

Шешуі: $|\vec{v}| = (y; z; x)$ және $|\vec{u}| = (x; y; z)$. (2)-ші $\vec{v} \cdot \vec{u} \le |\vec{v}| \cdot |\vec{u}|$ шарты бойынша $xz + xy + zy \le \sqrt{x^2 + y^2 + z^2} \cdot \sqrt{y^2 + z^2 + x^2}$. Яғни $2^{2000} \le 2^{1999}$.

Демек, жүйенің шешімі жоқ.

Теңсіздікті дәлелдеу

5-мысал. Оң нақты a, b, c сандары үшін $abc = 1$, мына теңсіздіктің дұрыстығын дәлелде:

$$\frac{1}{a^3(b+c)} + \frac{1}{b^3(a+c)} + \frac{1}{c^3(a+b)} \ge \frac{3}{2}$$

(Бұл есеп математикадан 1995 жылы өткен халықаралық олимпиада сұрағында келтірілген).

Шешуі: Мәндер берейік: $x = \dfrac{1}{a}, y = \dfrac{1}{b}, z = \dfrac{1}{c}$. Әрі қарай, $xyz = 1$ екенін ескеріп,

$$\frac{1}{a^3(b+c)} + \frac{1}{b^3(a+c)} + \frac{1}{c^3(a+b)} = \frac{x^2}{z+y} + \frac{y^2}{x+z} + \frac{z^2}{x+y}$$

$$\vec{U} = \left(\frac{x}{\sqrt{y+z}}, \frac{y}{\sqrt{x+z}}, \frac{z}{\sqrt{x+y}}\right) \text{ және } \vec{V} = \left(\sqrt{y+z}, \sqrt{x+z}, \sqrt{x+y}\right)$$

тең болатындай $\vec{U}$ және $\vec{V}$ векторларын алайық. Векторлық теңсіздікті қолдана отырып

$$(x+y+z)^2 \le \left(\frac{x^2}{y+z} + \frac{y^2}{z+x} + \frac{z^2}{x+y}\right) \cdot 2(x+y+z)$$

теңсіздігін аламыз. Бұл мына теңсіздікке

$$\frac{x^2}{y+z} + \frac{y^2}{z+x} + \frac{z^2}{x+y} \ge \frac{x+y+z}{2}$$

эквивалентті. $A \ge G$ арифметикалық және геометриялық орталардың теңсіздігін пайдаланып,

$$\frac{x^2}{y+z} + \frac{y^2}{z+x} + \frac{z^2}{x+y} \ge \frac{x+y+z}{3} \cdot \frac{3}{2} \ge \sqrt[3]{xyz} \cdot \frac{3}{2}$$

Демек, x, y және z сандары өзара тең, яғни $a=b=c=1$ болған жағдайда ғана теңсіздік белгісі теңдікке айналады.

6-мысал. Теңсіздікті дәлелде:

$$abc(a+b+c)\le a^3b+b^3c+c^3a; \quad a,b,c\ge 0$$

Шешуі: $\vec{U}=\left(\frac{a}{\sqrt{c}},\frac{b}{\sqrt{a}},\frac{c}{\sqrt{b}}\right)$ және $\vec{V}=\left(\sqrt{c},\sqrt{a},\sqrt{b}\right)$ векторларына Коши-Буняковский теңсіздігін қолдана отырып

$$\left(\frac{a}{\sqrt{c}}\cdot\sqrt{c}+\frac{b}{\sqrt{a}}\cdot\sqrt{a}+\frac{c}{\sqrt{b}}\cdot\sqrt{b}\right)^2\le\left(\frac{a^2}{c}+\frac{b^2}{a}+\frac{c^2}{b}\right)\cdot(a+b+c)$$

аламыз.

Енді $(a+b+c)\le\frac{a^2}{c}+\frac{b^2}{a}+\frac{c^2}{b}$ болатынын ескеріп, $abc(a+b+c)\le a^3b+b^3c+c^3a$ түрлендіруін аламыз. Дәлелдеу керегі де осы еді.

7-мысал. a,b және c оң нақты сандары үшін мына теңсіздіктің орындалатынын дәлелде:

$$\frac{a^3}{bc}+\frac{b^3}{ac}+\frac{c^3}{ab}\ge a+b+c$$

(Бұл есеп 2002 жылы Канадада өткен оқушылар олимпиадасы сұрағында келтірілген)

Шешуі. Берілген теңсіздікті түрлендіреміз:

$$a^4+b^4+c^4\ge a^2bc+b^2ac+c^2ab$$

$\vec{V}=\left(a^2,b^2,c^2\right)$ және $\vec{U}=(bc,ac,ab)$ векторларын аламыз. Коши-Буняквский теңсіздігін пайдаланып

$$\sqrt{a^4+b^4+c^4}\cdot\sqrt{a^2b^2+a^2c^2+b^2c^2}\ge a^2bc+b^2ac+c^2ab$$

аламыз.

$$a^4+b^4+c^4\ge a^2b^2+b^2c^2+a^2c^2$$

теңсіздігінің орындалатыны белгілі. Арифметикалық және геометриялық орталардың теңсіздігін пайдаланып мына теңсіздікті аламыз:

$$\begin{cases}a^4+b^4\ge 2a^2b^2\\ a^4+c^4\ge 2a^2c^2\\ b^4+c^4\ge 2b^2c^2\end{cases}$$

Осы теңсіздіктердің көмегімен бізге қажетті теңсіздікті аламыз, яғни

$$\sqrt{a^4+b^4+c^4}\cdot\sqrt{a^4+b^4+c^4}\ge\sqrt{a^4+b^4+c^4}\cdot\sqrt{a^2b^2+b^2c^2+a^2c^2}\ge a^2bc+b^2ac+c^2ab$$

Бұдан

$$a^4+b^4+c^4\ge a^2bc+b^2ac+c^2ab$$

Дәлелдеу керегі де осы еді.

Функцияның ең үлкен және ең кіші мәндерін анықтау

8-мысал. $a,b>0$ үшін $f(x)=a\sin x+b\cos x$ функциясының ең үлкен және ең кіші мәндерін анықта.

Шешуі: $\vec{U}=(a,b)$ және $\vec{V}=(\sin x;\cos x)$ векторларын қарастырамыз. Векторларға Коши-Буняковский теңсіздігін қолданып,

$$|a\sin x+b\cos x|\le\sqrt{a^2+b^2}\cdot\sqrt{\sin^2 x+\cos^2 x}$$

теңсіздігін аламыз. Демек

$$-\sqrt{a^2+b^2}\le f(x)\le\sqrt{a^2+b^2}$$

9-мысал. Функцияның ең үлкен мәнін анықта: $F(x)=12x+5\sqrt{4-x^2}$

Шешуі: $\vec{U}=\left(x,\sqrt{4-x^2}\right)$ және $\vec{V}=(12;5)$ векторларын қарастырамыз.Векторларға Коши-Буняковский теңсіздігін қолданып, $\left|\vec{U}\right|=2;\ \left|\vec{V}\right|=13$ мәндерін табамыз. Бұл векторлар қарама-қарсы бағытталған

$$\frac{x}{13}=\frac{\sqrt{4-x^2}}{2}$$

болуы мүмкін. Бұдан

$$169\cdot 4-169x^2=4x^2$$

$$x=\frac{26\sqrt{173}}{173}$$

Сондықтан $x=\dfrac{26\sqrt{173}}{173}$ болған жағдайда $\vec{U}$ және $\vec{V}$ векторлары қарама-қарсы бағытталған болады, бұдан $f(x)\le 26$ екені шығады.

Ең үлкен және ең кіші мәндерді анықтауға берілген есептерді шешуде туынды әдісін жиі қолданады. Алайда, бұл жоба арқылы біз есепті туынды әдісін қолданбай шешу жолын көрсеттік.

Геометриялық теңсіздіктерді дәлелдеу

Коши-Буняковский теңсіздігі көмегімен шешілетін геометриялық теңсіздіктерді дәлелдеуге берілген есептерге бірнеше мысалдар қарастырайық.

10-мысал. Қабырғалары *a,b,c* болатын кез келген үшбұрыш үшін мына теңсіздіктің орындалатындығын дәлелде:

$$a^2b(a-b)+b^2c(b-c)+c^2a(c-a)\ge 0$$

(Бұл есеп 1983 жылы математикадан өткен оқушылардың халықаралық олимпиада сұрағында кездеседі).

Шешуі: Геометриялық теңсіздіктерді дәлелдеу үшін үшбұрыштар теңсіздігін қолданған дұрыс. Біздің жағдайымызда ABC үшбұрышына іштей сызылған шеңберді аламыз. Шеңбер үшбұрыштың қабырғаларымен *x,y,z* оң сандары үшін $a=x+y;b=y+z;c=x+z$ түрінде жанасады.



Осы мәндерді бастапқы теңсіздікке қойып, бірнеше түрлендірулерден кейін мынаны аламыз:

$$x^3z+y^3x+z^3y\ge x^2yz+y^2xz+z^2xy$$

x,y,z-терді теңсіздіктің бір жағына шығарамыз:

$$\frac{x^2}{y}+\frac{y^2}{z}+\frac{z^2}{x}\ge x+y+z$$

Енді $\vec{V}=\left(\dfrac{x}{\sqrt{y}},\dfrac{y}{\sqrt{z}},\dfrac{z}{\sqrt{x}}\right)$ және $\vec{U}=\left(\sqrt{y},\sqrt{z},\sqrt{x}\right)$ векторларын аламыз.

$\vec{V}, \vec{U}$ векторларына Коши-Буняковский теңсіздігін қолдана отырып,

$$\left[\left(\frac{x}{\sqrt{y}}\right)^2+\left(\frac{y}{\sqrt{z}}\right)^2+\left(\frac{z}{\sqrt{x}}\right)^2\right]\cdot\left[\sqrt{x^2}+\sqrt{y^2}+\sqrt{z^2}\right]\geq\left(\frac{x}{\sqrt{y}}\sqrt{y}+\frac{y}{\sqrt{z}}\sqrt{z}+\frac{z}{\sqrt{x}}\sqrt{x}\right)^2 \longrightarrow$$

$$\left(\frac{x^2}{y}+\frac{y^2}{z}+\frac{z^2}{x}\right)(x+y+z)\geq(x+y+z)^2$$

Демек, $\frac{x^2}{y}+\frac{y^2}{z}+\frac{z^2}{x}\geq x+y+z$

Теңсіздік дәлелденді.

Аталған мысалдар арқылы біз геометрияның және векторлық математиканың күрделі есептерін жеңіл, аз уақыт жұмсап есептейтін жолын, яғни Коши-Буняковский әдісімен шешуді көрсеттік.

Әдебиеттер:

1. Беккенбах Э., Беллман Р. Неравенства - Москва: Мир, 1965.
2. Курош А.Г. Курс высшей алгебры - Москва: Наука, 1975.
3. Журнал Математика в школе. - 1991. - №2.
4. Гомонов С.А. Замечательные неравенства: способы получения и примеры применения. 10-11кл. Методические рекомендации к элективному курсу. – М., 2007. - 160с.

Түйіндеме

Мақала қиындығы жоғары теңдеулер мен теңсіздіктер және геометрияның кейбір есептерін Коши-Буняковский теңсіздігі арқылы шешуге арналған. Векторлық математиканы пайдаланып, эстремумдарды жеңіл табуға, теңсіздіктерді дәлелдеуге болады, сонымен бірге күрделенген геометриялық есептердің шешімін таба аламыз.

Кілт сөздер: векторлық математика, теңсіздік, теңдеу, Коши-Буняковский теңсіздігі, теңсіздікті дәлелдеу.

Резюме

Работа посвящена упрощению решения задач повышенной сложности, связанных с неравенствами, и некоторых геометрических задач с помощью неравенства Коши-Буняковского. Применяя векторную математику можно наилегчайшим путем находить экстремум, доказывать неравенства, находить решения в усложненных геометрических задачах.

Ключевые слова: векторная математика, неравенства, уравнение, неравенство Коши-Буняковского, доказательство неравенств.

Summary

The work is dedicated to simplifying solving of increased complexity associated with inequalities and some geometric problems to using the Cauchy-Schwarz inequality. Using the vector math we can find the lightest by ekstrimum, to prove the inequality, to find the solution to the complicated geometric problems.

Key words: vector math, inequality equation, the Cauchy-Schwarz inequality, the proof of inequalities.

ӘОЖ 371.32:681.518

БЕЙІНДІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫН ИНФОРМАТИКА ПӘНІ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ КЕЗЕҢДЕРІ

С.Ш.ТІЛЕУБАЙ, педагогика ғылымдарының кандидаты**,**
Р.У.ОМИРБЕКОВ, магистрант
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

«Информатика» жалпы білім беру жүйесіндегі негізгі пәндердің бірі болып табылады. Қазіргі кезде информатика пәнін оқытудың мақсаты – жеке тұлғаны тәрбиелей отырып, оның дүниетанымын қалыптастыру. Қазақстан Республикасы дүниежүзінің елдері сияқты білім беру жүйесін ақпараттандырудың нақты жолына түсіп, ақпараттық білім беру кеңістігін жасауда. Әрбір білім орны өз жұмысында басшылыққа алып отырып оқу-тәрбие үдерісін ақпараттандырудың бағдарламасын жасаған жөн. Ол бағдарламаның негізгі мақсаты – ақпараттық ойлау мен ақпараттық дүниетанымды қалыптастыру және компьютерді пайдаланудағы психологиялық кедергіні жоюы тиіс. Қазіргі таңда біздің еліміздің ғалымдары алдында білім беру сапасын жоғарылату, яғни даму жолын қайтадан қарастыру міндеті тұр. Сонымен қоса, егеменді Қазақстанның дүниежүзілік білім беру кеңістігіне ену үрдісінде оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру бағытына байланысты мұғалімдердің кәсіби дайындығына деген талап арта түсуде. Мұның барлығы оқыту мақсатын оқушылардың мүмкіндіктері мен тілектеріне және қоғамның әлеуметтік, саяси-экономикалық сұранысын қанағаттандыруға сәйкестендіруден шығып отыр.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында ҚР жалпы орта білім берудің мақсаты – бейіндік оқытуды іске асыру, білім алушылардың саналы түрде кәсіптік, азаматтық, тұлғалық өзін-өзі анықтауына мүмкіндік беретін түйінді құзыреттіліктерді игеруін қамтамасыз ету және даралық білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Бейіндік оқыту дегеніміз -кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеруге дайындау, олардың кәсіптік бағдарлары үшін жағдай жасау, оқушылардың арнаулы бейімділігі мен қызығушылығын, танымдық қабілетін ескеруге бағытталған білім беру процесінің құрылымы мен мазмұнын ұйымдастыру түрі, жоғары сыныптағылардың оқуын даралау мен саралап жіктеудің педагогикалық жүйесі.

Бейіндік оқытуды ұйымдастырудың басты мақсаты болып 12 жылдық мектептерге оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауға арналған құзіреттілігін қалыптастыру және іс жүзінде кәсіби қызметінің бағытын саналы түрде жетілдіруге қажетті ресурстармен қамтамасыз ету саналады.

Бейіндік оқытуды ұйымдастырудың басқарушы ережелері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты жалпы орта білім берудің жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық, технологиялық бейіндік оқыту бағыттарын анықтау, ұйымдастырылатын бейіндік оқыту моделі оқу орнының білім беру процесін ұйымдастырудағы мүмкіндіктеріне сәйкестендіріліп, оқытуды саралап жіктеумен қамтамасыз етуде сыртқы серіктестіктерді қатыстыру мен аймақтың күш-қуатын ескеру, бейіндік оқытуды іске асыру оқытудың тиімді технологияларын енгізу ұстанымдарын басшылыққа алады.

Бейіндік оқыту жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық, технологиялық деген үш бағытта жүзеге асырылады. Жаратылыстану-математикалық бейіндік бағыты бойынша химия, биология, география, физика, информатика пәндері оқытылады. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы оқушылар әдебиет, әлемдік көркем мәдениет, қоғамтану, мемлекет және құқық негіздері, ал технологиялық бағыты мына пәндер құрамымен қамтамасыз етіледі: химия, биология, физика, технология, графика және жобалау.

11-12 сыныптарда бейіндік оқытудың мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру үшін мектептің жоғарғы сатысында оқыту мазмұнын таңдауға 9-10 сыныптың оқушыларын даярлау мақсатында бағытталған педагогикалық жұмысты ұйымдастыру қарастырылады.

Бейіналды даярлық жүйесі 9-10 сынып оқушыларының орта білім деңгейінде білім алу жолын өздері таңдауды немесе жалпы білім беретін оқу орнының 11-12 сыныптарында, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында қарастырылады. Сонымен бейіндік оқыту барысында оқушылардың ақпараттық дүниетанымды қалыптастыру неғұрлым күрделі әдістемелік мәселе болып табылады. Ол ең алдымен оқытудың ұйымдастыру жұмысына және жеке тұлғаның жасына сай таным мүмкіндіктерінің шектеулі болуына байланысты. Солай бола тұрса да ақпараттық технологиялар ғылыми дүниетанымды түбегейлі өзгертіп, техниканы бұрын-соңды болмаған биікке көтергендіктен, жалпы білім беру жүйесіндегі информатика курсында лайықты орнын табуға тиіс.

Компьютерлік сабақты ұйымдастыруда жетекші рөл мұғалімге беріледі. Жалпы сабақтың жемістілігі - оның компьютерлік сауаттылығы мен педагогикалық шеберлігіне тәуелді. Педагогтың ақпараттық дүниетанымын қалыптастыру мәселесі философия, психология, педагогика зерттеулеріндегі «дүниетаным» ұғымын қарастыруды талап етеді және оларда мағынасы толық ашылмаған. Дүниетаным ұғымының мәні неде, оны қалай түсіну керек, педагогикалық ерекшеліктері, дүниеге дұрыс көзқарас қалыптастырудың белгілері қандай деген сауалдар әлі күнге дейін шешімін таппаған мәселелер. Табиғат құбылысының терең тылсымына үңілуде адамзат баласы талай-талай жолдардан өтеді. Сөйтіп, әрбір адамның санасында аталған сауалдар жайында белгілі бір білім жинақталып, бірте-бірте түрлі пікірлер мен көзқарастар қалыптаса бастайды. Яғни, адамның дүниетанымы айқындалады. Дүниеге көзқарас – адам қоғамымен бірге пайда болған қоғамдық тарихи-құбылыс. Кез-келген тарихи кезеңдерде қоғам, оның түрлі кезеңдері туралы адамның өзіндік көзқарасы, түсінігі болады.

Энциклопедиялық сөздік [1] дүниетанымды «объективті әлемге және ондағы адам орнына, оларды қоршаған ортасы мен бір-бірінің қатынасына, сонымен қатар осы көзқарастармен олардың сенушілігіне, мақсатына, болмысты тану үдерістеріне деген жалпы көзқарастардың жүйесі» деп анықтаған.

Үлкен түсіндірмелі сөздік дүниетанымды «болмысқа қатынасын анықтайтын үдеріс, көзқарас пен сенімнің жиынтығы» [1, 545б.], ал Ожегов сөздігі табиғат пен қоғамға көзқарастың, орныққан пікірдің жүйесі [8] ретінде түсіндіреді.

Негізінде, дүниетанымды қалыптастыру мәселесін философия, педагогика, психология сияқты түрлі ғылымдар қарастырады.

«Дүниетаным» ұғымын ерте замандағы философтар – Платон және т.б. қарастырған. Кейінірек ол Ф.Энгельс , К.Леви-Строс , К.Г.Юнг және т.б. еңбектерінде зерттелген. Бұл ұғымды қазіргі зерттеушілер М.Г.Ашманис, А.П.Горячев, М.С.Каган, В.И.Шинкарук, К.П.Шуртакова және т.б. қарастырған.

Философ еңбектерінде дүниетаным - әлемдік қатынас, әлемдік сезіну, әлемдік қабылдау, әлемдік түсіну, әлемдік ойлану, әлемдік өзгеру секілді белгілері бойынша қарастырылып, әртүрлі ғылым төңірегінде дүниетаным ұғымы мазмұнды мағынаны білдіреді.

Әлемдік түсіну әлем туралы нақтылы білімнің жиынтығын ұсынады және дүниетаным көзқарасының негізі болып табылады. Осындай білім мен түсініктер негізінде адамның барлық әрекетіндегі дәстүрлер туындап, қалыптасты және дамыды.

Дүниетанымға сонымен қатар нақтылы мақсатын, модель мен ақиқат бейнесін білдіретін, тәжірибелік өмірде, өнерде, әдебиетте, ғылымда, дінде қалыптасатын әлемдік қабылдау да жатады.

Дүниетаным әрқашан сезімтал қарым-қатынас - әлемдік сезінумен қаныққан. Бұл әлемнің үндестігімен сезіну немесе онымен араздығы, болмыспен қанағаттанарлық немесе қанағаттанарлықсыз болуы мүмкін. Дүниетанымның маңызды бағасы оның ақиқат деңгейі болып табылады.

Әлемдік түсіну мен әлемдік ойлау, әлемдік сезіну мен әлемдік қабылдау, әлемдік қатынас пен әлемдік өзгеру үдерістері арқылы жалпы қоғамның, адамның өмірлік әрекетінің әлемге, әлеуметке және өзіне деген қатынасы қалыптасып, дүниетанымның функциясы іске асады.

Сонымен бірге әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық ғылымдарда дүниетаным категориясының мазмұны жеке тұлғаның дүниетанымның рухани құрамын айқындайды (көзқарас пен сенім, әрекеттің мақсаты мен ұстанымы, тәрбиенің дүниетаным үдерістері мен қоғамдағы субъектілер қатынасының мағынасы). Олар таным, қатынас және әрекет тәжірибесінде ашылатын, оның шығармашылық белсенді өмірлік бағытының негізі ретінде көрінеді.

Ортақпәндік гуманитарлық-ғылымдарда дүниетаным феномені қоғам мен жеке тұлғаның рухани мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Ол кәсіптік білім мен еңбек жағдайында, адам әрекетінің жеке тәжірибесінде таным әрекеті мен әлеуметтік қарым-қатынас үдерістері адамдардың жалпы әрекеттерін рухани тәжірибелік меңгеруіне себепші болады.

Ұлттық дүниетаным туралы І.Ергалиев пен Ғ.Телібаев: «...Адамның дүниемен байланысы, оның тануы белгілі ұлттық жағдайда калыптасқандықтан, дүниетанымның ұлттық белгілері болады», - деп, мақал-мәтелдерді, аңыздар мен ертегілерді, жырлар мен дастандарды, термелер мен жоқтауларды ежелгі қазақ дүниетанымының түрлері екендігін көрсетті.

Философтар Ә.Нысанбаев, Д.Кішібеков, О. Сегізбаев, М. Орынбеков т.б. дүниетаным ұғымын сипаттай келе, дүниетанымды тұтас дүние туралы, ондағы адамның орны жайындағы түсініктер мен пікірлердің жиынтығы деп түсіндіреді.

Дүниетанымның басқа көзқарастардан айырмашылығы ол табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын бейнелейді. Сол заңдылықтарды меңгерудің және адамдардың практикалық іс-әрекетінде қолданудың жолдарын көрсетеді. Яғни, жоғарыда айтылған пікірлерге сүйене отырып, дүниетаным – бұл адам ойындағы қоғам бейнесі ғана емес, оның сол қоғаммен қарым-қатынасы деген қорытынды жасауға болады. Дүниеге көзқарас қоршаған ортамен, қоғаммен тығыз байланыста болғандықтан, ол үнемі даму үстінде болады.

Психологиялық ғылымдарда «дүниетаным» феномені жеке тұлғаның даму бағыты түрінде қарастырылып, мұндай тұжырымдар Т.Тәжібаев, М.Мұқанов, Қ,Жарықбаев және т.б. еңбектерінен орын тапқан.

Психологтар «жеке тұлға дүниетанымының маңызды ерекшеліктері, дербес өзгешеліктері бар жеке сананың формасы» деп түсіндіреді. Қалыптасқан дүниетанымдағы табиғаттың, қоғамның жалпы заңдылықтары бейнеленген үлгілер адамның психологиялық өмірімен, оларға жеке қатынасымен біріктіріледі.

Еліміздің белгілі психологы Қ.Жарықбаев дүниетанымға адамның табиғат, қоғамдық өмір туралы білімдерінің *жүйесі* деген анықтама береді.

Психологтар дүниетанымның интеллектуалдық, тұлғалық және практикалық қырларын белгілейді. Олар бір-бірімен диалектикалық тұтастықта болады. Сонымен, зерттеу мәселесі бойынша психологиялық еңбектерді талдау нәтижесінде авторлардың дүниетаным мен жеке тұлғаның байланыстылығын мойындайтындығына көзіміз жетті.

Жеке тұлғаны қалыптастыруда және даму мәселелерін қарастыруда дүниетанымды адамның негізгі ішкі әрекетінің өнімі ретінде түсіндіруге әкеп соқтырды. Бұл психологияда жеке тұлға құрылымында дүниетанымның орны мен функциясы туралы қалыптасқан болжамдарын баса айтады. ««Дүниетаным» ұғымының барлық қиындығы мен өзгешелігі (психологиялық тұрғыдан) ол біруақытта жеке тұлғаның әртүрлі жақтарын немесе құрылымын, адамға өмірде кездесетін әртүрлі жұмыстарда білімі мен біліктілігін пайдалануына; жеке тұлға бағытына – яғни, оның қатынасына, себебіне, бағалауына, мақсатына байланысты. Осыған сәйкес өз дүниетанымын өңдеудің дайындық деңгейі жеке тұлға бағытымен, оның адамгершілік қасиеттерімен анықталады. Сонымен бірге дүниетанымның өзі де өмірлік жоспарлардың бағытын, адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады».

Сонымен, бағыттылықтар, себептер, мақсаттар, білімдер, біліктіліктер, дағдылар және де жеке тұлғаның жан толғаныс-жігерлі қасиеттері дүниетанымды қалыптастыруға әсерін тигізеді, ал өз кезегінде дүниетанымның ерекшеліктері өмірлік жоспардың, адамгершілік қасиеттердің, білім мен дағдыны меңгеру үдерістерінің, мінез-құлық, себеп пен қажеттіліктің қалыптасуына әсерін тигізеді.

Дүниетанымның қалыптасуы ұзақ және күрделі үдеріс, оның нәтижесінде жеке көзқарастар қалыптасады. Дүниетаным процесіне әртүрлі факторлар, мәселен, әлеуметтік және микроорта мен тәрбие, жаппай ақпарат құралдары т.б. әсер етеді. Жеке адамның өмірге көзқарасының қалыптасу үдерісі дүниетаным элементтерін игеруден, яғни білімнің, ғылымның негіздерін білуден басталады Дүниетаныммен әлемнің жалпы бейнесі, дүниетану түсінігі, әлемді қабылдау, дүниеге көзқарас, дүниені түсіну сияқты ұғымдармен байланысқан, кейде олар синонимдер ретінде де қолданылады.

Дүниетаным туралы, дүниетанымның жеке тұлғаның дамуымен өзара байланысы жайлы еліміздегі педагогтар Е.Сағындықұлы, Ж.Қоянбаев және Р.М.Қоянбаев т.б. еңбектерінің маңызы зор[5]. Ғалымдар дүниетанымды жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуының анықтаушы факторы екенін айтады.

«Мәдениеттану» пәнінде: ақпараттық мәдениет адам мәдениетінің бір бөлігі, ақпараттық қоғам жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастыру ортасы, бұқаралық компьютерлік мәдениеттегі зомбылықтың, әдепсіздіктің байқалуын сыни ойлау секілді бөлімдерді қарастыру қажет.

«Этика» пәнінде ақпараттық ортадағы жұмыстың этикалық және адамгершілік нормаларына байланысты мәселелерді қарастыру қажет (мысалы, Интернет және өзара жеке тұлғалар араласуындағы мәселелер, желілік этикет, компьютерлік коммуникацияның этикалық мәселелері және т.б.).

«Құқық» оқу пәні төңірегінде қоғам мен адамның ақпараттық қауіпсіздік ұғымын ашу қажет; болашақ информатика мұғалімдерінің назарын компьютерлік қылмыс мәселелеріне аудару қажет.

«Сөйлеу мәдениеті» оқу пәні міндеттерінде ақпараттық технологиялардың әсерінен өзгеретін адамның ауызша және жазбаша мәнерін қосу қажет.

Қорыта келгенде, бейіндік оқыту барысында оқушылардың ақпараттық дүниетанымды қалыптастыру неғұрлым күрделі әдістемелік мәселе болып табылады. Ол ең алдымен оқытудың ұйымдастыру жұмысына және жеке тұлғаның жасына сай таным мүмкіндіктерінің шектеулі болуына байланысты. Солай бола тұрса да ақпараттық технологиялар ғылыми дүниетанымды түбегейлі өзгертіп, техниканы бұрын-соңды болмаған биікке көтергендіктен, жалпы білім беру жүйесіндегі информатика курсында лайықты орнын табуға тиіс.

Бағыттылықтар, себептер, мақсаттар, білімдер, біліктіліктер, дағдылар және де жеке тұлғаның жан толғаныс-жігерлі қасиеттері дүниетанымды қалыптастыруға әсерін тигізеді, ал өз кезегінде дүниетанымның ерекшеліктері өмірлік жоспардың, адамгершілік қасиеттердің, білім мен дағдыны меңгеру үдерістерінің, мінез-құлық, себеп пен қажеттіліктің қалыптасуына әсерін тигізеді.

Бейінді оқыту мектеп оқушыларының ойлау қабілетін жетілдіруге әсерін тигізеді, материалдарды түсінікті етеді, оның есте қалуын жақсартады, шығармашылық ойын дамытады және ақпараттық дүниетанымын қалыптастыру мүмкіндігін кеңейтеді.

Әдебиеттер:

1.Советский энциклопедический словарь / гл.ред. А.М.Прохоров.-М.:Сов. энцикл., 1990. - 1630с.

2. Кузьмина Н.В. Понятие “педагогическая система” и критерий ее оценки // Методы системного педагогического исследования. – Л., 1980.

3. Смыковская Т.К. Технология проектирования методической системы учителя математики и информатики: монография. Волгоград: Бланк, 2000. -250с.

4. Краевский В.В. Содержание образования: вперед к прошлому. – М.: Пед. о-во России, 2000.

5.Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р.М. Педагогика. - Алматы, 2000. - 104-105 бб.

6.Сағындықұлы Е. Педагогика. - Алматы, 1999. - 124-125 бб.

7.Кішібеков Д. Философия. - Алматы, 1991. - 320 б.

8.Ожегов С.И. Словарь русского языка. - М.:Рус.яз., 1984. – 796 с.

Түйіндеме

Бейінді оқыту мектеп оқушыларының ойлау қабілетін жетілдіруге әсерін тигізеді, материалдарды түсінікті етеді, оның есте қалуын жақсартады, шығармашылық ойын дамытады және ақпараттық дүниетанымын қалыптастыру мүмкіндігін кеңейтеді.

Кілт сөздер: информатика, ақпараттық дүниетанымды қалыптастыру, бейіндік оқыту, модель, педагогикалық шеберлік, дүниетаным.

Резюме

Профильные обучение с уклоном оказывает плодотворное влияние на обучающихся, способствует запоминанию материала обучающимися, расширяет их творчество и позволяет формировать информационное мировоззрение.

Ключевые слова: информатика, формирование информационного мировозрения, обучение с уклоном, модель, педагогический артистизм, мировоззрение.

Summary

Educating with a slope renders fruitful influence on student, improves quality of teaching material, assists memorizing of material student, extends work and allows to form informative worldview.

Key words: Information, form informative worldview, educating with a slope, model, teachers artistry, worldview.

ӘОЖ 004.087:004.855.5

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

С.С. ҮСЕНОВ, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
С.Д. ОСПАНОВА, магистрант
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Әлемдік рыноктағы әрбір елдің алатын орны мен ұстанымы ең алдымен сол елдің ұлттық білім беру жүйесіне байланысты екіндігі баршамызға белгілі. Бәсекеге лайық экономикасы қарыштап дамыған мемлекеттердің алдыңғы қатардан орын алу себептерінің бірі де осы сапалы білім беру жүйесінің негізінде жүзеге асырылып отыр. «Білімді мыңды жығар, білекті бірді жығар» демекші, кез келген мемлекеттің болашағы мен бәсекеге лайықты отыз елдің алдыңғы қатарынан көріну, әрине білімді ұрпақ – жастардың қолында.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарының бірі – білім беру ұйымдарына электрондық оқытуды (e-learning) енгізу және оны іске асыру жолдары қарастырылған болатын. Яғни, жаппай білім беру орындарында электрондық оқыту жүйесін 2015 жылы – 50% ға, ал 2020 жылы – оны 90% жеткізу де осы бағдарламада міндеттелген болатын. Ал оны жүзеге асыру бірнеше кезеңдерге бөлініп қарастырылады:

1 кезеңде (2011-2015ж.ж.)-	- 50% астам мекемелер Интернет желісіне қосылады (4-10Мб/сек жоғары); - 50% мекемелер жергілікті желіге қосылады (білім беру контенттеріне еркін қосылу) Wi-Fi, Wi-Max; - 50% астам білім беру мекемелері электронды кітапханалармен жабдықталады; - 1дербес компьютерге 10 білім алушыдан көп болмауы тиіс.
2 кезеңде (2016-2020ж.ж.)	- Барлық білім беру мекемелерінің 90% Интернет желісіне қатынай алады (4-10Мб/сек жоғары); - Білім беру мекемелерінің 90% жергілікті желіге қосылады(білім беру контентіне еркін ену) Wi-Fi, Wi-Max; - 50% астам білім беру мекемелері электронды кітапханалармен жабдықталады; - 1дербес компьютерге 1 білім алушыдан көп болмауы тиіс.

Электрондық оқыту динамикалық бәсекеге қабілетті білімге негізделген экономиканы құрудың, бүкіл ғұмыр бойы оқыту кеңістігін және Еуроодақты құрудың құралы екендігі 2000-2010 жылдарда Лиссабон стратегиясында мойындалды, яғни бұл оқыту жүйесінің тиімділігін көптеген дамыған елдер мойындап, білім беру үдерісіне енгізуде. Электрондық оқыту жүйесін білім беру ұйымдарына енгізу міндеттерінің бірі – оқу-тәрбие үдерісін автоматтандыру болып табылады. Ал оны білім беру процесінде қолданудағы басты мақсат – білім беру процесінде барлық қатысушылардың үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету. Осы мақсатпен қазіргі таңда еліміздегі жаппай білім беретін барлық оқу ошақтары осы технологияға бетбұрыс жасап, оны тиімді жүзеге асыруға жұмыс жасауда және оның алғашқы нәтижелері де көрініс табуда [1].

Электрондық оқыту «ашық білім беру», «қашықтықтан білім беру» сияқты ұғымдарды біріктіреді, яғни Электрондық оқыту = компьютерлік оқу + желілік оқу + он-лайн оқу + Интернеттен оқу + қашықтықтан оқыту дегенді білдіреді. Осындай бірнеше оқу түрлері бірмезетте қатар жүзеге асырылатын бұл технологияның артықшылығы да осында екендігі белгілі. Енді жалпы осы электронды оқыту жүйесі - E-learning ұғымы мен бұл технологияның артықшылықтарына тоқталып өтелік.

Электрондық оқыту, яғни E-learning термині білім беру үрдісінің электронды формасын Интернет немесе Интранеттің көмегімен оқытуды басқару жүйесі дегенді білдіреді. Яғни, электрондық оқыту жүйесінің негізі – интернет екендігі белгілі, ал қазіргі біздің дамыған қоғамымызда Интернетпен тек қана компьютерлік желілер арқылы емес, сонымен қатар, байланыс спутниктері, радиосигналдар, кабельдік теледидар, телефон, ұялы байланыс, арнайы оптикалықталшықтық желілер және электр желілері арқыы да байланысуға болады. Интернет мыңдаған корпоративті, үкіметтік, ғылыми және үй желілерінен құралған.

E-learning ұғымы (ағылшын тілінен қысқартылған Electronic Learning) —электрондық оқыту жүйесі, электрондық оқыту, қашықтықтан оқыту, компьютердің көмегімен оқыту, желілік оқу, виртуальды оқыту, ақпараттық, электрондық технологиялардың көмегімен оқыту терминінің синонимі болып табылады. E-learning – бұл оқу және оқыту форматы, білім беру контенттерінің электрондық формасын электрондық құралдармен қолданып, компьютер, ұялы телефон, коммуникатор, білімді басқару жүйесі (LMS) және интерактивті оқыту платформасына негізделген сабақ берулерден құралады. Ал жалпылама ЮНЕСКО мамандарының берген анықтамасы бойынша: «E-Learning — Интернет және мультимедиа көмегімен оқыту» дегенді білдіреді екен. Электрондық оқыту - «E-Learning технологиясы арқылы білім алушы қашықтықтан таңдаған жоғары оқу орнында өзіне қолайлы уақыт мезгілінде электрондық оқу материалдарын, таңдаған дәріс берушімен виртуальді түрде қарым – қатынас жасай отырып өз білім қорын жинақтап, жетілдіре алады. Яғни, электрондық оқыту (E-learning) жүйесінің негізі артықшылықтарын былайша атап көрсетелік:

- Қолайлы уақыт пен орын;
- Қашықтықтан білім алуды жүзеге асырады;
- Үздік білім ресурстарына қолжетімділік;
- Денсаулығы шектеулі білім алушылардың білім алу мүмкіндігі;
- Оқытушымен үздіксіз қарым – қатынас;
- Білім алудың қолайлы күнтізбесі [2].

E-learning жүйесінің басты бөлімінің бірі LMS (Learning Management System) немесе қашықтықтан оқыту жүйесі (ҚОЖ) болып есептеледі. Қазірігі таңда көптеген шетелдік және отандық жоғары оқу орындары осы жүйені пайдалануда.
Бұл жүйе оқытудың барлық үрдістері жүргізілетін және ұйымдастырылатын платформаны ұсынады. Оқытудың электрондық формасын енгізуді жоспарлаған жағдайда, онда алғашқы кезеңдердің бірі қашықтықтан оқыту жүйесін таңдап алу болып табылады. Қашықтықтан оқытудың жергілікті жүйесі белгілі бір білім және жекелеген қала (университет) шеңберінде жұмыс атқарады, оның құрамына тек жоғары оқу орындары ғана емес, мектептер, гимназиялар мен колледждер де кіреді. Қашықтан оқытудың білім саласындағы мақсаты: Білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы оқушылар мен студенттердің білім деңгейін көтеру болып табылады. Қашықтықтан оқыту жүйесі осы немесе басқа да желіде жұмыс істеуге қолайлы көптеген аспаптардың жиынынан тұрады: форумдар, чаттар, тестлеу жүйесі, файлдар айырбасының жүйесі, электрондық тізім, виртуалды класс бөлмелері, блогтар, виртуалды зертханалар және тағы басқалар [3].

Көптеген елдерде оқытуды электрондық қолдаудың негізі - LMS MOODLE ашық кодты бағдарламалық өнім болып табылады. MOODLE – бұл база ретінде Интернетті пайдаланатын курстар мен web-сайттарды құруға мүмкіндік беретін бағдарламалық өнім түрі. Moodle қашықтан оқыту жүйесі желілік ортада Интернет технологиясын қолданып Online оқытуды ұйымдастыруға арналған. Жүйе білім беру ресурстарын (оқу материалдарын) орнатуға мүмкіндік береді және ресурстарға қол жеткізу ортасымен және оны басқарумен қамтамасыз етеді. Moodle жүйесі түрлі оқыту функцияларын жүзеге асыруда аса кең мүмкіндіктерді ұсынады, негізінен төмендегідей орталарға ие:

- білім алушыларға жауапты еркін түрде (мәтін, файл және т.с.с) жіберу мүмкіндігі бар тапсырмалар;
- басқарудың кең қолайлы шарттарымен қамтамасыз етілген талқылауға арналған форумдар;
- чаттар;
- кең танымал GIFT пен HotPotты қоса алғанда түрлі тест құру орталарында құрылған тапсырмаларды импорттауға мүмкіндік беретін тестілеу жүйесі;
- оқу курсын басқару жүйесі (тақырыптардың саны, құралымдар, график, күнтізбелер және т.б.);
- бапталған уақыт аралығында логтарды сақтаумен барлық категориядағы пайдаланушылардың іс әрекеттерін тіркеу жүйесі;
- пайдаланушыларды функциялары мен қол жетімділік рұқсатының шектелуі бойынша жіктеуді қолдайтын авторизация мен аутентифиекациялау жүйесі;
- дамыған хабарлама алмасу жүйесі және т.б.

Moodle ды қолдана отырып оқытушы курстар құрып, оларды мәтіндермен, көмекші файлдармен, презентациялармен, сұрақ жауаптармен және т.б. толтыра алады. Moodle көптеген құрастырушылармен құрылған және отыздан аса тілге аударылған. Әлем бойынша 70 тен аса елде оқыту жүйесінде қолданылады. Оқытушылар үшін Moodle жүйесінің негізініен мынадай мүмкіндіктерін атап өткен жөн:

- Moodle әлеуметтік конструкционизм педагогикасын қолданады.
- Moodle онлайн курстар үшін 100% сай келеді.
- Moodle да кез келген түрлі браузерлерге арналған қарапайым, эффективті бірлескен интерфейс бар [4].

Бәсекеге лайықты елу елдің қатарына ену және экономикасы барынша дамыған елдердің алдыңғы қатарынан орын алу, әрине оңай жүзеге асырылмайтыны анық. Елбасымыздың ықпал етуі тарапынан Қазақстан Республикасы орта білім беру жүйесін ақпараттандыру туралы мемлекеттік бағдарламасында «Қазақстан Республикасы дүние жүзінің дамыған елдері сияқты орта білім беру жүйесінен ақпараттандырудың нақты жолына түсуі тиіс, яғни, бірыңғай ақпараттық білім беретін желіге негізделіп оқыту жүйесін жасау қажет» - деп атап көрсеткен болатын. Үздіксіз білім алу жүйесіне көшу жағдайында қашықтықтан оқыту, оның ішінде электронды оқытудың алар орны ерекше. Ал оны дұрыс жүзеге асырып, білім беру процесінде дұрыс қолданып, суденттер мен оқушылардың, жалпы білім алушыларды сапалы білім нәрімен сусындату игі ісін атқару мына біздің міндеттеріміздің бірі болып саналады.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашақтың іргесін бірге қалайық. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы //Егемен Қазақстан. - 2011.
2. Мұхамбетжанова С.Т., Толықбаева Ғ.Н., Жартынова Ж.Ә. Электрондық оқыту бойынша мониторингінің жүргізу әдістемелік құралы. - Алматы, 2001. – С.50.
3. Жоғарғы оқу орындарынан кейінгі оқыту ұйымдарындағы электрондық оқыту жүйесі туралы ереже // Ұлттық ақпараттандыру орталығы. – Алматы, 2011.
4. Семченко А.А., Мұхамбетжанова С.Т., Толықбаева Ғ.Н., Жартынова Ж.А., Коровина С.В. Обьектіге бағдарланған MOODLE ортасы арқылы білім контенттерін жасау. - Алматы, 2011.

Түйіндеме

Бұл мақалада электрондық оқытудың негізгі ерекшеліктері, яғни оның тиімділігі мен электронды оқытуды жүзеге асыру жолдары көрсетілген. Электрондық оқытудың негізгі мақсаты – білім алушылардың ақпараттық-байланыстық мәдениетін қалыптастыру, олардың терең білімдерге қол жеткізуін және де кәсіби деңгейлерін әлемдегі басқа әріптестермен қатынаса отырып, өсіру болып табылады.

Кілт сөздер: электрондық оқыту, онлайн сабақтар, чаттар, виртуальды оқыту, мультимедиа, қашықтықтан оқыту, форумдар, блогтар.

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности электронного обучения, а именно эффективность и пути реализации электронного обучения. Главная цель электронного обучения – повышение доступности к фундаментальным основам знаний, возможности для профессионального роста и повышения конкурентоспособности специалиста, готового к коммуникации со специалистами всего мира.

Ключевые слова: электронное обучение, чаты, виртуальное обучение, мультимедиа, дистанционное обучение, форумы, блоги.

Summary

The article deals with the pecularities of e-learning, namely efficiency and implementing ways e-learning. Primary objective of e-learning is to increase the availability for fundamental bases of knowledge, possibility for professional growth and increasing the competitiveness of specialist.

Key words: e-learning, chat, virtual learning, multimedia, distance learning, forums, blogs.

ӘОЖ 004:37.016:51

МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

С.С. ҮСЕНОВ, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Г.Ж. БЕКЕНОВА, магистрант
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Әлемдік өркениет деңгейіне көтерілуге талпынған кез келген елдің, ұлттың өз мақсатына жету жолындағы басты қаруы - ұлттық рухани құндылықтарды негізге ала отырып, әрбір жеке адамның білім алуын қамтамасыз ету. Қазіргі білім беру ордалары мен оқу орындарының басты мақсаты мен міндеті оқытудың жаңа технологияларын, соның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін технологияларды енгізу және тиімді пайдалану. Заман талабы өзгерген сайын жас ұрпаққа сапалы білім беру үшін қойылатын талапта өзгереді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Мемлекеттің болашақ дамуына арналған «Қазақстан 2050» бағдарламасында жоғарғы білімнің сапалылығы, адамсүйгіштігі және жаһандануы арқылы мәдениет жасаушылық, интеграциялық роліне ерекше мән берген болатын. Осыған байланысты қазақстандық білім беру жүйесінде білім сапасын арттыру мақсатында жаңашыл технологияларды шешімін табуды қажет ететін бірқатар мәселелер бар. Соның бірі - оқытуда ақпараттық технологияны пайдаланудың шарттарын айқындау. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген «...білім беруді дамыту үшін озық жүйелері мен технологияларын әзірлеу мен енгізу» талаптарын іске асыру қажеттігі туындайды [1].

Бұл жүйелер оқушыға өзіне тиімді оқыту технологиясын таңдап алуына және жеке даму бағдарламасын құруына мүмкіндік береді. Қазіргі таңда дидактикалық оқыту жүйелерін қалыптастырудың перспективалық бағыттарының бірі - мультимедиалық технологияларды оқыту процесінде пайдалану.

Білім берудегі мультимедиа – біріншіден, таным процесінің жоғарылауына септігін тигізетін, екіншіден, білім беру мазмұны интерактивті формада ұсынатын дидактикалық аппаратты – бағдарламалық құрал. Жалпы алғанда, мультимедиалық технологияларды білім беру саласында дер кезінде игеру және тиімді пайдалану бүгінгі күндегі маңызды қажеттіліктердің қатарынан саналады. Осы қажеттіліктерге байланысты мынадай іс-әрекеттер орындалуы тиіс: 1) педагогикалық процесте мультимедиалық технологияларды тиімді пайдалана алатын мұғалімдерді даярлау; 2) оқу орындарының компьютерлік технологиялар базасын үнемі жаңартып отыру; 3) оқу-әдістемелік жұмыстарды білім беруді дамытуға бағытталған бағдарламалар негізінде жаңаша сипатта жүргізу [3].

Мультимедиалық технологияларды білім сапасына әсері, оқытудағы тиімділігі, қасиеттері, субьект іс-әрекетін дамыту мүмкіндігі, т.б. сипаттамалары бойынша томендегідей жіктеуге болады.



Мультимедиалық технологиялар оқыту процесін мынадай дидактикалық мүмкіндіктермен қамтамасыз ете алады деп айтуымызға толық негіз бар:

- оқыту процесінде қабылдаудың бірнеше арналарын пайдалану мүмкіндігі;

- сезім мүшелерін активтендіруге ықпал жасайтын әртүрлі әдістер арқылы оқу материалын презентациялау;
- нақты, күрделі эксперименттерді модельдеу;
- абстрактілі мазмұнды визуальдау;
- процестер мен құбылыстарды динамикалық түрде ұсыну.

Мультимедиалық оқыту құралдарының бірнеше ерекшеліктері бар. Бір жағынан атқаратын қызметіне байланысты оларды оқулық ретінде сәйкесті түрде оқу кітабына арналған принцип негізінде топтауға болады. Екінші жағынан алғанда олар электрондық басылымдарға жатады, және оған электрондық басылымдарды топтау принциптері қолданылуы мүмкін. Үшінші жағынан жасалу технологиясына байланысты олар бағдарламалық жабдық болып табылады, және оған жалпы Қазақстандық өнім жиктемесин қолдануға болады. Сондықтан да оқыту қызметіндегі мультимедиалық оқулықтарды топтауда аталған барлық ерекшеліктер қарастырылуы қажет.

Оқыту мақсатындағы мультимедиалық оқулықтарды мынадай ерекшеліктеріне сәйкес жіктеуге болады:

- мультимедиалық оқулықтың оқыту процесіндегі алатын орны мен маңызына сәйкес қызметтік ерекшелік;
- құрылымдық ерекшелік;
- мәтіннің ұйымдастырылу ерекшелігі;
- оқу материалының ұсынылу формасына байланысты ерекшелік;
- белгілі бір мақсатқа арналып жасалу ерекшелігі;
- баспалық эквивалентіне байланысты ерекшелік;
- ақпараттың табиғатына байланысты ерекшелік;
-электрондық басылым мен пайдаланушының арасындағы қарым-қатынасқа байланысты ерекшелік;
-ақпараттың таралу технологиясына байланысты ерекшелік.

Сонымен, мультимедиалық технологиядарды пайдаланып оқыту, атап айтқанда, мынадай нәтижелерге қол жеткізеді:

- оқу мотивациясының жоғарылауына;
- зейін аудару нәтижесінде оқу материалын толық түсінуге;
- оқуға кететін уақыттың үнемделуіне;
- алынған білімнің ұзақ уақыт есте сақталуына;
- білім беруге жұмсалатын шығынның азаюына т.б.

Сондай-ақ білім берудің қажетті бір бөлігі –электронды оқыту болып табылады. Электронды оқыту жүйесінің басты мақсаты –оқыту процесінде ақпараттық- коммуникациялық технологияны қолдану негізіндегі қол жетімділік шарттарының теңдігі негізіндегі сапалы білім беру қызметінің дамуы. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі мәселелерді шешу қажет:

- Электронды оқыту жүйесінің нормативті- құқықтық қамсыздандыруды дамыту;
- Білім беру ұйымдарындағы технологиялық инфрақұрылымды дамыту;
- Оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдануды дамыту;
- Электронды оқыту жүйесін ұйымдастыру және
  қолданушыларды дайындау;

Халықаралық тәжірибелер көрсетіп отырғандай, оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны тиімді пайдалану e-learning өнеркәсіптік шешімдерді қолдану арқылы жүзеге асады. Электронды оқытудың өнеркәсіптік жүйесі болып оқыту процесі үшін ақпараттық- коммуникациялық технологияның графикалық, мультимедиалық мүмкіндіктерін пайдалануды ұсыну, оқыту процесінің сапалы және оң нәтиже беру үшін интерактивті рольдік ойындар мен ынталандыру ойындары болып табылады. Электронды оқыту жүйесі оқушылардың қабілеттілігін және танымдық қызығушылықтарын,өздігінен білім алуын дамытады.Электронды оқыту жүйесі қазіргі білім берудің негізгі принцптері –«Барлығы үшін білім беру» және «Өмір бойы білім алу» негізінде оқушылардың топтық және жеке оқытуға мүмкіндік туғызады [3].

Қорыта келе, білім беруді ақпараттандыру бүгінгі күннің ең бір жоғары талабы екенін айтқымыз келеді. Білім беруді ақпараттандыру оқу үрдісіне жаңа технологияны енгізумен ғана шектелмей, мемлекеттің қазіргі әлемдегі даму деңгейін де сипаттайды. Сондықтан осы мақсатты мінсіз орындау үшін бізге, яғни оқытушыларға үлкен міндет жүктеледі. Ол үшін оқытушылар үнемі ізденіс үстінде болуымыз керек. Оқыту үрдісіне өзгеріске енген, жаңадан келген технологияларды асқан шеберлікпен енгізуіміз керек. Сонда ғана біз қазіргі заман талабына сай маман дайындай аламыз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан. – 2004. - 16 қазан.
2. Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру туралы заңы. – 2007. - 11 қаңтар.
3.Білім беруді дамытудың 2020 жылға дейінгі ұзақ мерзімді бағдарламасы.
4. 2010-2015 жылдарға арналған электронды оқыту жүйесінің тұжырымдамасы.

Түйіндеме

Мақалада математикалық білім беруді ақпараттандыру, ақпараттық қоғамның басты талабы екені қарастырылады.Сондай-ақ қоғамды ақпараттандыру және отандық білім беру жүйесінің Болондық үдеріске бағытталуы мамандар даярлау ісіне жаңа талаптар қояды.

Кілт сөздер: білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, мультимедиалық технологиялар, электронды оқыту.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы всестороннего развития информатизации образования в области математики, что является главным требованиям информационного общество в целом. Информатизации общества и открытое образование, направленность отечественного образование к Болонскому процессу определяют новые требования к подготовке будущих специалистов.

Ключевые слова: информационно-коммуникативные технологии, мультимедеийные технологии, электронное обучение.

Summary

In this work we consider the tssues of the comprehensive development of education informatization in mathematics which is the main requirement of the current information society in general. Sociecty informatization and open education, the direction of our education to the Bologna process stes new reguirements for the future professionals training

Key words: information and communication technologies, multimedia technologies, e-learning.

ӘОЖ [51+004].378.096

МЕКТЕПТЕ ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАНЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Б.Б.ШӘКИЕВ, Б.М.НУРЛАНОВА
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Қазіргі жаңаша қоғам ЭЕМ мүмкіндіктерінің өте жылдам дамуы мен ақпараттық технологиялардың барлық салаларда кеңінен қолданылуымен рекшеленеді. Мұның нәтижесінде компьютерлерді қолдауғы қатысты мәселелерге көзқарастар түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Осы жағдайлар жоғарғы оқу орындарындағы оқу үрдістеріне де қатысты болып, білім берудің классикалық қағидаларынан бас тартпай білім беру жолдары мен әдістерін сапалы өзгерту мүмкіндіктерін туғызады. Қазіргі кездегі қоғам индустриялық кезеңнен кейінгі дамудың ақпараттық кезеңіне аяқ басты. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен-күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Оның басты сипаттарына – ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану адамдардың көптеген қызмет түрлерін компьютерлендіру, коммуникациялардың бірыңғай халықаралық жүйелерін жасау істері жатады. Заманауи кезеңдегі адамдар үшін «компьютерік сауаттылық» дегеніміз кешегі жай сауаттылық (оқып, жаза білу) сияқты міндетті түрде іске асырылатын шара болып саналуы керек. Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үдірісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады [2]. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құруға еніп, көкейтесті мәселе ретінде күн тәртібінен түспей отырғандығы мәлім. Ақпарат мемлекеттің даму деңгейін анықтайтын стратегиялық ресурсқа (қорға) айналып, ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, яғни мәлімет өңдеу мен оны тасымалдау ісін атқару өркениетті дамудың қажетті шарты болып табылады. Интернет желісін алғашқы дүниеге келтіруге себеп болған 70-ші жылдар басында АҚШ қорғаныс министрлігінің Apranet компьютерлік жүйесі болып саналады. Желі нүктелерінің үлкен аумақта шашырап жатқандығына және олардың бір-бірімен қосылу желілерінің күрделілігіне байланысты оның аздаған бөліктері бұзылғанымен сау желілердің өзара байланысы жылдам қайта құрылып, қалыпты жағдайына келе алатыны айқындалды. Интернет көптеген байланыс желілерін бір-бірімен біріктіріп, дүниедегі ең үлкен компьютерлер торабын құрайды. Оның қарапайым желілік нүктелері үкімет мекемелерінде, университеттерде, коммерциялық фирмаларда, жергілікті кітапхана жүйелерінде, тіпті мектептерде де орналасқан.

Қазіргі уақытта «қоғамды ақпараттандыру», «білім беруді ақпараттандыру» сөз тіркестері біздің сөздік қорымызға еніп кетті. Олай болса, қоғамды ақпараттандыру дегеніміз не? Қоғамды ақпараттандыру – ғылыми техникалық жетілдіру жетістіктерінің күнделікті тұрмысқа ауқымды енуінің нәтижесі, яғни адам өміріне іс – әрекеттің интеллектуалды түрлерінің жан – жақты әсер етуі мен ролінің жоғарылауына байланысты объективті үрді.

Ол оқыту мазмұны, әдісі мен ұйымдастыру түрлерінің өзгерісін тездетеді. Бұл үрдідегі негізгі мәселе білім берудің мазмұны мен мақсатын өзгерту болып табылады, ал оны технологиялық жағынан қамтамасыз ету – өндірістік мәселе.

Қоғамды индустрияландыру кезеңінде білім беру жүйесі алдыңғы кезекте, маманданған сауатты тұтынушыларды дайындауға бағытталса, ал білім беруді ақпараттандыру жағдайында бұл мәселе білім берудің негізгі мақсатына ауысады. Мұндағы негізгі мақсат – оқушының қоршаған әлем жайында табиғи ғылыми болжамын қалыптастырумен жалпы ізгілікті адамгершілікке дайындау болып саналады.

Қазіргі заман мұғалімнен тек өз пәнінің білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық – психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылықты талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі мақсаты оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Осы мақсатты орындау барысында оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда жаңа әдістерді қолдану қажеттілігі туындап отыр. XXI ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында келесі міндеттерді шешу көзделіп отыр: компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, интерактивті құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үрдісінде тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру.

Еліміздегі саяси, әлеуметтік – экономикалық өзгерістерге сай білім беруді ақпараттандыру бағытында мектебімізде жүргізіліп жатқан жұмыстар ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылуда.

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры болғандықтан, адамға компьютерлік сауаттылық қажет. Бүгінгі таңда мектеп пәндерін компьютер, интерактивті құралдардың көмегімен оқыту нәтижелерін зерттеудегі ғылыми мәселелерді шешу ең басты орын алады. Оған себеп, оқыту үрдісінде туындайтын компьютерлендірудің педагогикалық – психологиялық жаңа мәселелері әлі толық шешілмегендігі.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру білім беру үшін үлкен перспективалар ашады. Соңғы жылдары компьютерлік, телекоммуникациялық техника мен технологиялардың қоғам өміріндегі ролі мен орнында түбегейлі өзгерістер болды. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға оқу және жазу қабілеті сияқты сапалармен бірге қатарға және әрбір адам үшін қажетті шартқа айналды.

Әрбір елдің технологиялық даму дәрежесіне оның экономикалық қуаты мен халқының тұрмыс деңгейі ғана емес, сол елдің әлемдік қоғамдастықта алатын орны, басқа елдермен экономикалық және саяси ықпалдасу мүмкіндіктері, сондай – ақ ұлттық қауіпсіздік мәселелерін шешуіне байланысты. Сонымен бірге, қандай да бір елде қазіргі технологияның дамуы мен қолдануының деңгейі оның материалдық базасының дамуымен қатар емес, негізінен қоғамды парасаттандыру деңгейімен, оның жаңа білімді туындату, игеру және қолдана білу қабілетімен де анықталады.

Жедел дамып отырған ғылыми – техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процессінің негізіне айналады. Ақпараттық – технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру мен қоғамдастықтар, жеке адам мен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жаңа жағдайларды қамтамасыз етуде ақпараттық – телекоммуникациялық технологиялар маңызды роль атқарады.

Ғылым мен техниканың даму қарқыны – ағарту саласының оқыту үрдісіне жаңа технологиялық әдістер, оның ішінде интерактивті құралдарды кең көлемде қолдануды қажет етеді.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани ірі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – мектеп.

Мектептердің білім деңгейін көтеру және онда интерактивті құралдарды пайдалану арқылы оқу – тәрбие процессін тиісті деңгейге көтеру, мектеп ұстаздарының, басшыларының, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты деп есептейміз. Интерактивті құралдарды қолдану негізінде мектепте жаратылыстану бағытының пәндерін оқыту сапасын арттырып, білім беруді ақпараттандыру жүйелі түрде іске асады деуге болады.

Мектепті ақпараттандыруға осылай мемлекет тарапынан үлкен экономикалық қолдау көрсетіліп, оны оқыту, үйрету мәселесі бүкіл халықтық деңгейге көтерілсе ғана біздің еліміз өндірістің жоғары психологиясын меңгерген дүниежүзілік бәсекеге төтеп беретін, өндіріс өнімдерін өндіре алатын алдыңғы қатарлы мемлекетке айналады. Ол дәрежеге жетуге қажетті білім алуына біздің жас ұрпақтың қабілетінің жететініне сенім мол.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Ел басы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Компьютер және интерактивті құралдар арқылы жасалып жатқан оқыту процессі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстармен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашу керек. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағында, оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологияларды ғана тиімді деп санауға болады.

Оқушылардың интерактивті құралдар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті бұрынғы технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгеше болғандықтан, тек ойлау қабілеті түсінігі ғана емес, қабылдау, есте сақтау жоғарғы деңгейде болады.

Интерактивті құралдардың келесі ерекшеліктерін атап өтуге болады:

1. Бормен тақтаға жазылған кескінді интерактивті тақтадағы түрлі – түсті айқын, ұқыпты кескінмен салыстыруға болмайды;
2. Тақта мен бордың көмегімен әртүрлі қосымшалары бар жұмысты түсіндіру қиын, әрі мүмкін емес;
3. Слайдтарда, флипчартта қателер жіберілсе, тез арада түзетуге болады;
4. Сабақта көрнекілікті қолдану деңгейі артады;
5. Сабақтың өнімділігі артады;
6. Оқушылардың білім деңгейіне оң әсерін тигізеді.

Интерактивті тақта мұғалімнің сыныптағы әрбір оқушыға ақпаратты тиімді жеткізуіне көмектеседі. Әрине, барлық қажетті бағдарламалармен компьютерде отырып жұмыс жасауға болады, сонымен қатар экранның көлемі жұмыс жасауда барлық оқушылардың қатысуына мүмкіншілік бермейді. Бірақ, сіз сол материалды интерактивті тақта арқылы көрсете отырып, сыныптағы оқушылардың зейінін аудара аласыз.

SMART тақтаны интерактивті *Sympodium* планшетімен толықтыруға болады, тыңдаушы кіші топтарды игергендей үлкен аудиторияларды да игеруге болады. Мұғалім, кішігірім экранда жазу жазып, орнынан қозғалмай оқушыларға қарап тұрып, компьютерлік қосымшаларды, сондай – ақ оқушылардың үлкен экранда және интерактивті тақтада берілген сол көріністі көретінін бақылай алады [1].

Мұғалімдердің жұмысын жеңілдететін, тапсырмаларға үлкен интерактивті көрнекілік беретін, сондай – ақ, барлық мүмкіндіктегі тақырыптар мен пәндер бойынша анимациялық роликтер, үлкен коллекциялы суреттер ұсына отырып компания *SMART Technologies* арнайы бағдарлама жасады. Сабақ барысында веб – сайттар мен кез – келген қосымшалардан да жазу жаза аласыз, оларды да әрдайым сақтай да аласыз, олар сізге қажет болуы мүмкін.

SMART қамтамасыз етілген арнайы бағдарлама қолдан жазылған жазбаны, терілген жазба мәтініне айналдыруға болады немесе экран клавиатурасының көмегімен жазбаны қосуға, аудио – видеожазбалармен, мәтіндер мен объектілермен жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Көрнекілік материалдар оқушыларға алған білімдерін ұғынуға және қорытуға көмектеседі. Мұғалім *SMART Ideas* қамтамасыз еткен бағдарламаның көмегімен түсіндірмелі схемалар мен диаграммаларды оңай жасай алады, интерактивті тақтада көрсетілген тартымды көріністерге зейіні ауған оқушылар да, сабақ барысындағы тапсырмаларға белсенді қатысады.

SMART Ideas қамтамасыз еткен бағдарламаны пайдалануда, балалар да өздерінің ойларын өте жақсы жеткізе алады, бақылау барысында олардың ойларының өскенін байқауға болады.

Мұғалім оқушылардың айтқан ұсыныстарының барлығын жаза отырып, сабағын «миға шабуыл» жасаудан бастауға болады, содан кейін әр түрлі фигураларды қолдана және объектілердің арасында байланыс туғыза отырып, ақпараттарды құрылымға келтіреді, одан кейін қажетті көшірмелер жасап түсініктемелерді қосуға болады.

Осы бағдарлама коллекциясының көмегімен 2000 суреттерден де көбірек материалдарды тез жүйеге келтіруге, әңгіме сюжеттерін құрастыруға, ғылыми әдіс қосуға, табиғаттағы су айналымын схема түрінде көрсетуге немесе өлең жазуға болады. Схемаларда орналасқан суреттерді тақтаның үстіне оңай ауыстырып орналастыруға болады, олардың бейнелеріне саусақпен тигізгенде оқушылар сағат тілін айналдыруы мүмкін, бұрыштарды өлшей немесе мүмкіндікті санай алады.

SMART Ideas бағдарламасы көпдеңгейлі схемалар жасауға, сондай – ақ, видео көріністер және сілтеме жасалған файлдарға қосуға мүмкіндік береді. Материалдар нақты құрылғанда ғана, үлкен көлемді ақпараттар түсіну үшін қолайлы келеді.

Компьютерлік класстар үшін компания *SMART Technologies* арнайы *SynshronEyes* бағдарламасын ұсынады. Осы бағдарлама арқылы мұғалім компьютердің алдында отырып, өз мониторынан барлық оқушылардың компьютерлерінің экрандарын көре отырып, олардың тапсырманы қалай орындағандарын бақылай алады.

Оқушылар сұрақтарына жауаптарын өз орындарында отырып мұғалімнің компьютеріне жібере алады. Қажет болса мұғалім оқушылардың компьютерлерінің клавиатурасын және экранын, сонымен қатар интернетке немесе белгілі қосымшаларға кіру қолайлығын жеңіл бекітіп тастайды. Бұл бағдарлама сауалнамалар мен тестерді тез жасауды, жіберуді және тексеруді қамтамасыз етеді.

Интерактивті тақта *SMART board* мүмкіндігі шектелген балалар үшін арналған. Ыңғайлы тірек тақтаны керекті деңгейге көтеруге және түсіруге қойылған, яғни файл ашу үшін немесе оған жазу үщін қолының ұшын тигізсе болғаны. Сонымен бірге, бұл құрылғы балалардың жалпы талқылау барысында өзара өздігінен әрекет етуіне және бірігіп жұмыс жасауына көмектеседі. Балалар қарым – қатынас жасаудан қорқуды қояды. Интерактивті тақта оқушыларға дәстүрлі шектеуліктен тысқа шығуына көмектеседі [3].

Интерактивті тақта бұл ауыр патологиялық және дамуда қиындықтары бар балалармен жұмыс жасауда, психологиялық орталықтарда коррекциялық міндеттердің қажеттілігін, білім беру мәселесін шешуде тиімді құрал болып саналады.

ACTIV board интерактивті тақтасы оқытушылар мен оқушыларға оқу құралдармен қарым – қатынас жасауға мүмкіндік береді. *ACTIV board* тақтасы *ACTIVstudio* бағдарламалық қамтамасыздандырумен бірігіп жұмыс істейді. Сонымен қатар *ACTIVote* тестілеу жүйесімен және *ACTIVslate* өткізгішсіз панелімен жұмыс істейді. Бұл аудиторияны активтеуге мүмкіндік береді.

Интерактивті тақта – лекторға, баяндамашыға экранды және маркерлі тақтаны біріктіріп қолдануға мүмкіндік беретін құрылғы.

Интерактивті тақта – барлық сыныптағы оқушыларды оқыту үшін бағалы құрал. Мұғалімге жаңа материалды қызықты және тартымды түсіндіруіне көмектесетін визуалды ресурс. Ол мұғалімдердің және оны толық үйреніп интерактивті тақтаны қолданғандығына немесе қолданбағандығына тәуелсіз болады. Бірақ, кейбір жағдайларда интерактивті тақта өте жақсы көмекші болады, мысалы оқушылар алынған ақпаратты қайталай келгенде, яғни оқытудың индуктивті әдісінде.

Жалпы, материалды қарапайым аудиториядан гөрі интерактивті тақтамен бірге жүргізілген сабақты ұғыну әлдеқайда қызықты, әрі ұтымды.

Әдебиеттер:

1. Альберт Д. Самоучитель Macromedia Flash MX 2004: Учебное пособие. – 2004. – 614 с.

2. Угринович Н.Д. Информатика и информационные технологии: примерное поурочное планирование с применением интерактивных средств обучения / 2-е изд. – М.: Школьная пресса, 2001. - 48 с.

3. Черных М.А. Теории интеграции: техника интеграционного обучения [Текст]: учебное пособие. - Алматы: Типография ОО «Добровольного общества инвалидов войны в Афганистане», 2004. - 111 с.

Түйіндеме

Мақалада компьютер және интерактивті құралдар арқылы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтар туралы мәлімет берілген. Оларда жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашу қарастырылған. Әртүрлі интерактивті тақталардың түрлері туралы түсініктеме берілген. Интерактивті тақталарды мектепте қолданудың ерекшеліктері қарастырылған.

Кілттік сөздер: интерактивті тақта, көпдеңгейлі схема, өткізгішсіз панель, тестілеу жүйесі, бағдарламалық қамтамасыздандыру.

Резюме

В статье даются сведения об общих закономерностях, развивающих компьютерное обучение и формирующих у учащихся способности думать с помощью компьютера и интерактивных средств. Рассматриваются пути нахождения системных связей и закономерностей, результаты - формирования их профессиональных потенциалов. Даются понятия о различных интерактивных досках. Рассматриваются особенности применения интерактивных досок в школе.

Ключевые слова: интерактивная доска, многоуровневая схема, беспроводная панель, система тестирования, программное обеспечение.

Summary

The article provides information about general patterns that develop computer-based training and shaping students' ability to think through your computer and interactive media. Looked at ways of finding systemic connections and patterns, as a result - the formation of their professional capacities. The notions of a variety of interactive boards. Features of application of interactive whiteboards in schools.

Key words: interactive board, multilevel chart, without wire panel, testing system, programmatic providing.

ОПЕРАТОРЛЫҚ ӘДІСТЕР, МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ОПЕРАТОРНЫЕ МЕТОДЫ, МАТЕМАТИЧЕСКОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ И ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

УДК 515.16

О ПОЛИНОМИАЛЬНЫХ ПО ИМПУЛЬСАМ ПЕРВЫХ ИНТЕГРАЛАХ НАТУРАЛЬНОЙ МЕХАНИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ НА ДВУМЕРНОМ ТОРЕ

С.В.АГАПОВ, аспирант
Новосибирский государственный университет, Россия

Рассматриваются натуральные механические системы с двумя степенями свободы, конфигурационным пространством которых является двумерный тор. Исследуется вопрос существования нетривиальных первых интегралов, полиномиальных по импульсам. Нетривиальность означает функциональную независимость таких интегралов от интеграла энергии. Система с n степенями свободы *вполне интегрируема*, если для нее существует n первых интегралов, независимых в инволюции.

Динамика таких систем описывается дифференциальными уравнениями Гамильтона

$$\dot{x} = \frac{\partial H}{\partial p_1}, \dot{y} = \frac{\partial H}{\partial p_2}, \dot{p}_1 = -\frac{\partial H}{\partial x}, \dot{p}_2 = -\frac{\partial H}{\partial y} \quad (1)$$

с гамильтонианом

$$H = \frac{p_1^2+p_2^2}{2} + V(x,y) \quad (2)$$

где V – периодическая функция с некоторой решеткой периодов $\Lambda \subset \mathbb{R}^2$. Наличие у гамильтоновой системы (1) первого интеграла $F=F(x,y,p_1,p_2)$ эквивалентно занулению скобки Пуассона $\{H,F\} = 0$. Известны следующие случаи наличия дополнительного интеграла:

1) если $V(x,y) = V(\alpha x + \beta y)$, где $\alpha, \beta \in \mathbb{R}$, то существует полиномиальный по импульсам интеграл вида

$$F_1 = \alpha p_2 - \beta p_1;$$

2) если $V(x,y) = V_1(\alpha_1 x + \beta_1 y) + V_2(\alpha_2 x + \beta_2 y)$, где $\alpha_i, \beta_i \in \mathbb{R}$ - некоторые константы, согласованный с решеткой периодов Λ, то существует интеграл вида

$$F_2 = (d_1 + d_2)p_1^2 + 4p_1 p_2 - (d_1 + d_2)p_2^2 + 2(d_1 - d_2)(V_1 + V_2),$$

$$d_i = \alpha_i/\beta_i.$$

Полиномиальный по импульсам интеграл называется *неприводимым*, если не существует нетривиального полиномиального интеграла меньшей степени. Известна следующая гипотеза: в рассматриваемой задаче степень полиномиального неприводимого интеграла не превосходит двух. В полном объеме данная гипотеза до сих пор не доказана. Вообще, случай нечетного n более простой: здесь степень неприводимого интеграла, по всей видимости, равна единице (и поэтому его существование связано с нётеровой группой симметрий).

М.Л. Бялый [1] доказал, что, в случае решетки $\Lambda = \mathbb{Z}^2$, если у гамильтоновой системы (1) (с гладким потенциалом V) существует дополнительный первый интеграл третьей степени по импульсам, то обязательно существует интеграл первой степени. В.В. Козлов и Н.В. Денисова [2] обобщили этот результат на произвольную решетку периодов. Кроме того, в [1] был анонсирован аналогичный результат об интегралах четвертой степени. В [2] было показано, что интеграл четвертой степени сводится к интегралам меньшей степени всегда, за исключением случая, когда потенциал V имеет вид

$$V(x,y) = V_1(x) + V_2(x+y) + V_3(y) + V_4(y-x). \qquad (3)$$

Исследованию этого случая посвящена данная работа.

Разложим $V_i(z)$ в ряд Фурье

$$V_i(z) = \sum_{n=-\infty}^{+\infty} v_i^n e^{2\pi i n z}.$$

Из вещественности V_i следует, что $v_i^n = \overline{v_i^{-n}}$.

Удалось доказать следующие теоремы.

Теорема 1. Если гамильтонова система (1) с периодическим потенциалом (3) имеет полиномиальный по импульсам интеграл четвертой степени, то каждая из функций V_i содержит бесконечно много ненулевых коэффициентов Фурье в своем разложении.

Теорема 2. Пусть v_i^n быстро убывают с ростом $|n|$ (как коэффициенты Фурье достаточно гладкой функции). Тогда при условиях теоремы 1 имеют место равенства

$$|v_1^n| = |v_3^n|, |v_2^n| = |v_4^n|.$$

Отметим, что в сингулярном случае система (1) может иметь неприводимый интеграл четвертой степени. Например, в случае потенциала

$$V = \frac{a + b\, sinx}{\cos^2 x} + \cos(x+y) + \frac{c + dsiny}{cos^2 y} - \cos(y-x)\,, a, b, c, d \in \mathbb{R}$$

(см. [3]). Другие примеры можно найти в [4].

В [5] изучалась система (1) в случае дополнительного полиномиального интеграла произвольной нечетной степени. Были найдены инвариантные соотношения на коэффициенты неприводимого первого интеграла. Там же было доказано, что если у системы (1) с аналитическим потенциалом имеется дополнительный первый интеграл пятой степени, то обязательно существует интеграл первой степени, независимый от интеграла энергии.

В.В. Козлов и Д.В. Трещев [6] доказали, что если гамильтонова система интегрируема и потенциал V является тригонометрическим полиномом, то дополнительный интеграл высокой степени по импульсам сводится к интегралу первой или второй степени.

Разложим потенциал V в ряд Фурье следующим образом:

$$V(x,y) = \sum_{\lambda^* \in \Lambda^*} v_{\lambda^*}\, exp\big(2\pi i(\lambda_1^* x + \lambda_2^* y)\big),$$

где $\lambda^* = (\lambda_1^*, \lambda_2^*)$ – элемент решетки Λ^*, двойственной к Λ:

$$\Lambda^* = \{\lambda^* : (\lambda^*, \lambda) \in \mathbb{Z}, \lambda \in \Lambda\}.$$

Множество $S = \{\lambda^* : v_{\lambda^*} \neq 0\} \subset \Lambda$ будем называть *спектром потенциала* V.

Давно известен следующий факт: если гамильтонова система (1) имеет дополнительный полиномиальный интеграл степени n, то спектр потенциала лежит максимум на n прямых, пересекающихся в начале координат [2]. Это утверждение удалось усилить в случае существования интеграла 7 степени.

Теорема 3. Пусть у гамильтоновой системы (1) существует неприводимый интеграл 7 степени. Кроме того, пусть известно, что в спектре потенциала найдутся две ортогональные прямые. Тогда спектр лежит максимум на 3 прямых, пересекающихся в начале координат.

Теорема 4. Пусть $\Lambda = \mathbb{Z}^2$. Предположим также, что у гамильтоновой системы (1) существует неприводимый интеграл 7 степени. Тогда спектр потенциала лежит максимум на 5 прямых, пересекающихся в начале координат.

Отметим также, что полиномиальные интегралы для систем взаимодействующих частиц, когда потенциал имеет вид

$$\sum_{i<j} V(x_i - x_j),$$

изучались в работе [7]. Во всех найденных интегрируемых случаях периодическая функция V обязательно имеет полюсы на вещественной оси. В [8] показано, что для периодических потенциалов парного взаимодействия без сингулярностей система с такой потенциальной энергией не может быть вполне интегрируемой.

Таким образом, данная работа посвящена исследованию вопроса интегрируемости гамильтоновых систем довольно общего вида. Было показано, что если гамильтонова система (1), (2) с аналитическим периодическим потенциалом (3) имеет несводимый интеграл четвертой степени, то потенциал должен удовлетворять специальным условиям (теоремы 1,2). Кроме того, в случае существования дополнительного интеграла седьмой степени были найдены необходимые условия на спектр потенциала (теоремы 3,4).

Литература:

1. Бялый М.Л. О полиномиальных по импульсам первых интегралах для механической системы на двумерном торе. // Функц. анализ и его прилож. – 1987.- Т. 21. - В. 4. - С. 64–65.
2. Денисова Н.В., Козлов В.В. Полиномиальные интегралы обратимых механических систем с конфигурационным пространством в виде двумерного тора // Матем. Сборник.- 2000.- Т.191. - В. 2. - С. 43-63.
3. Bozis G. Compatibility conditions for a nonquadratic integral of motion. / G. Bozis // Celestial Mech.- 1982.- V.28., Is.4.- P. 367–380.
4. Переломов А.М. Интегрируемые системы классической механики и алгебры Ли./ – М.: Наука, 1990. - С.238.
5. Миронов А.Е. О полиномиальных интегралах механической системы на двумерном торе // Изв. РАН. Сер. матем.- 2010.- Т. 74. - В.4. - С. 145–156.
6. Козлов В.В., Трещев Д.В. Об интегрирумости гамильтоновых систем с торическим пространством положений. // Матем. сборник. – 1988. - Т. 135. - В.1. - С. 119-138.
7. Пидкуйко С. И., Степин А. М. Полиномиальные интегралы гамильтоновых систем./ С.И. Пидкуйко, А.М. Степин // Докл. АН СССР. - 1978. - Т. 239. - В. 1. - С. 50-53.
8. Козлов В. В. О полиномиальных интегралах системы взаимодействующих частиц. // Докл. АН СССР.- 1988.- Т. 301. - В. 4. - С. 785-788.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы, связанные с известной гипотезой о степени неприводимых полиномиальных интегралов обратимых гамильтоновых систем с двумя степенями свободы и торическим пространством положений.

Ключевые слова: гамильтонова система, первый интеграл, спектр потенциала.

Түйіндеме

Еркіндігінің екі дәрежелерімен және орналасуларының тордық кеңістігі бар қайтымды гамильтондық жүйелердегі келтірілмейтін полиномиалдық интегралдардың дәрежесі туралы белгілі гипотезаға байланысты сұрақтар қарастырылады.

Кілт сөздер: гамильтон жүйелер, бірінші интеграл, потенциал интеграл.

Summary

Issues that are connected with the well- known concept about the degree of the irreducible polynomial integrals of reversible Hamiltonian, systems with two degrees of freedom and torus space positions are considered.

Key words: Hamiltonian system, polynomial integral, potential spectrum.

УДК 002.55; 024

ВНЕДРЕНИЕ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ МОБИЛЬНОЙ СВЯЗИ В КАЗАХСТАНЕ

А.З. АЙТМАГАМБЕТОВ, кандидат технических наук, профессор,
А.Б.АЛТАЕВА
Международный университет информационных технологий, г,Алматы,
Республика Казахстан

$$(\tilde{v}_{i,j}^0)^m=0, \ (\tilde{v}_{i,j}^1)^m=0, \quad i\in Z, \quad j,m=\overline{1,2N_1}, \tag{11}$$

$$(\tilde{v}_{0,j}^0)^m=0, \ (\tilde{v}_{0,j}^1)^m=0, \quad (\tilde{v}_{0,j}^k)^m=(\tilde{f}_j^k)_{\substack{0\\t}}^m, \ k>1, \ j,m=\overline{1,2N_1}. \tag{12}$$

қатынастарын қанағаттандыратын $\tilde{q}_{i,j}$ торлық функциясын табу керек. Мұндағы Z−бүтін сандар жиыны.

Айталық $\tilde{q}_{i,j}$, $\tilde{v}_{i,j}^k$ торлық функцияларын j айнымалысы бойынша $2N_1$ периодты функциялар деп жориық.

Айталық, g_j −торлық функциясы барлық $j=\overline{1,2N_1}$ үшін анықталған болсын. Осы функцияны

$$g_j=\sum_{n=1}^{2N_1} g_{(n)}e^{injh_1}$$

түрінде жазайық, мұндағы $g_{(n)}$ - Фурье коэффициенттері келесі формула бойынша анықталады:

$$g_{(n)} = \frac{1}{2\pi}\sum_{j=1}^{2N_1} h_1 e^{-injh_1} g_j.$$

Лемма 1. Келесі формула орындалады:

$$h_1 \sum_{j=1}^{2N_1} e^{ijh_1(m-n)} = \begin{cases} 0, & \text{егер } m \neq n, \\ 2\pi, & \text{егер } m = n. \end{cases} \qquad (13)$$

Лемма 2. Келесі формула орындалады:

$$\frac{1}{2\pi}\sum_{j=1}^{2N_1} h_1 e^{-injh_1} \tilde{v}_{\ y\bar{y}} = -\lambda_n \tilde{v}_{(n)}, \qquad (14)$$

мұндағы

$$\lambda_n = \left[\frac{2}{h_1}\sin\left(\frac{nh_1}{2}\right)\right]^2.$$

Енді j айнымалысы бойынша Фурье қатарына жіктелуін қолдана отырып және (13),(14) формулаларын ескере отырып, (10)-(12) қатынастарынан

$$\left[\tilde{v}_{(n)i}^k\right]_{t\bar{t}}^m = \left[\tilde{v}_{(n)i}^k\right]_{x\bar{x}}^m - \lambda_n\left[\tilde{v}_{(n)i}^k\right]^m - \frac{1}{2}\left[\delta_{i-k}^h + \delta_{i+k}^h\right]\left[\lambda_m\delta_{mn} + \tilde{q}_{(n-m)i}\right] - \sum_{p=1}^{n}\left[\tilde{v}_{(p)\ i}^k\right]^m \tilde{q}_{(n-p)i},$$

$$i \in Z, \qquad k \geq 1, \qquad m,n = \overline{1,2N_1}, \qquad (15)$$

$$\left[\tilde{v}_{(n)i}^0\right]^m = 0, \qquad \left[\tilde{v}_{(n)i}^1\right]^m = 0, \quad i \in Z, \qquad m,n = \overline{1,2N_1}, \qquad (16)$$

$$\left[\tilde{v}_{(n)0}^0\right]^m = 0, \qquad \left[\tilde{v}_{(n)0}^1\right]^m = 0, \qquad \left[\tilde{v}_{(n)0}^k\right]^m = \left[\tilde{f}_{(n)}^k\right]_{\substack{0\\t}}^m, \qquad k > 1, \qquad n,m = \overline{1,2N_1}, \qquad (17)$$

мұндағы

$$\left[\tilde{f}_{(n)}^k\right]_{\substack{0\\t}}^m = \left[f_{(n)}^k\right]_{\substack{0\\t}}^m - \delta_k^h\delta_{mn},$$

$$\tilde{q}_{(n-m)i} = 0$$

$m > n$, ал δ_{mn} − Кронеккер символы.

Егер $\tilde{V}, Q, \tilde{F}, O, E - 2N_1$ өлшемді квадраттық матрицалар болса, онда дискретті (15)-(17) кері есебі келесі бір өлшемді дискретті кері есептер жүйесіне келтіріледі:

$$\left[\tilde{V}_i^k\right]_{t\bar{t}} = \left[\tilde{V}_i^k\right]_{x\bar{x}} - Q_i\tilde{V}_i^k - \frac{1}{2}\left[\delta_{i-k}^h + \delta_{i+k}^h\right]Q_i, \qquad k \geq 1, \qquad i \in Z, \qquad (18)$$

$$\tilde{V}_i^0 = 0, \qquad \tilde{V}_i^1 = 0, \qquad i \in Z, \qquad (19)$$

$$\tilde{V}_0^0 = 0, \qquad \tilde{V}_0^1 = 0, \quad \tilde{V}_0^k = \tilde{F}_{\substack{0\\t}}^k, \quad k > 1 \qquad (20)$$

қатынастарынан Q_i функциясын табу керек.

Мұндағы $\tilde{F}_{\substack{0\\t}}^k = F_{\substack{0\\t}}^k - \delta_k^h E$, E −бірлік матрица, 0 −нольдік матрица.

Теорема 1. Айталық, (18)-(20) дискретті кері есебінің шешімі бар деп жориық. Сонда әрбір $i = \overline{2,N}$ үшін келесі

$$\widetilde{W}_i^k + h\sum_{j=1}^{i-1}\left[\tilde{F}_{\substack{0\\t}}^{k-j} + \tilde{F}_{\substack{0\\t}}^{k+j}\right]\widetilde{W}_i^j + h\tilde{F}_{\substack{0\\t}}^k\widetilde{W}_i^0 = -\frac{1}{2}\left[\tilde{F}_{\substack{0\\t}}^{k-i} + \tilde{F}_{\substack{0\\t}}^{k+i}\right], \qquad 0 \leq k < i, \qquad i = \overline{2,N}.$$

теңдеулер жүйесі бірмәнді шешіледі.

Теорема 2. Егер әрбір $i = 2,3,\dots,N$ үшін

$$\widetilde{W}_i^k + h\sum_{j=-i+1}^{i-1}\widetilde{W}_i^j\,\tilde{F}_{\substack{0\\t}}^{k-j} = -\frac{1}{2}\left[\tilde{F}_{\substack{0\\t}}^{k-i} + \tilde{F}_{\substack{0\\t}}^{k+i}\right], \qquad 0 \leq |k| < i$$

теңдеулер жүйесі $\widetilde{W}_i^k$ функциясына байланысты бірмәнді шешілетін болса, онда (18)-(20) дискретті кері есебінің жалғыз шешімі бар болады.

Әдебиеттер:

1. Романов В.Г. Обратные задачи математической физики. – М.: Наука, 1984. – 264 с.
2. Кабанихин С.И. Проекционно – разностные методы определения коэффициентов гиперболических уравнений.-Новосибирск: Наука, 1988. -167с
3. Кабанихин С.И., Баканов Г.Б. Дискретный аналог метода Гельфанда-Левитана // Докл.РАН – 1997.-Т. 356. - №2. – С. 157-160.
4. Баканов Г.Б. Методы решения конечно – разностных обратных задач теории распространения волн. –Кызылорда: КГУ, 2001.-128с.

Түйіндеме

Жұмыста гиперболалық теңдеу үшін қойылған көп өлшемді кері есептің дискретті аналогы қарастырылады. Гельфанд – Левитан әдісінің негізінде шектеулі – айырымдық кері есептің шешімінің бар болуының қажетті және жеткілікті шарттары алынған.

Кілт сөздер: кері есеп, Гельфанд – Левитан әдісі, қажетті және жеткілікті шарттары.

Резюме

В работе рассматривается дискретный аналог многомерной обратной задачи для гиперболического уравнения. На основе метода Гельфанда – Левитана получены необходимые и достаточные условия существования решения дискретной обратной задачи.

Ключевые слова: обратная задача, метод Гельфанда – Левитана, необходимые и достаточные условия.

Summary

We consider the discrete analogy of multi – dimensional inverse problem for hyperbolic equation. On the basic of the Gelfand – Levitan method we have obtained the necessary and sufficient condition for solutions of discrete inverse problem.

Key words: inverse problem, the Gelfand – Levitan method, the necessary and sufficient condition.

УДК 519.624

ОДНОЗНАЧНАЯ РАЗРЕШИМОСТЬ ЛИНЕЙНОЙ ПЕРИОДИЧЕСКОЙ КРАЕВОЙ ЗАДАЧИ ДЛЯ НАГРУЖЕННЫХ ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫХ УРАВНЕНИЙ С ИМПУЛЬСНЫМ ВОЗДЕЙСТВИЕМ

Э.А. БАКИРОВА, кандидат физико-математических наук, доцент,
Ж.М. КАДИРБАЕВА, кандидат физико-математических наук
Институт математики и математического моделирования МОН РК, г.Алматы,
Республика Казахстан

На отрезке $[0,T]$ рассматривается линейная периодическая краевая задача для нагруженного дифференциального уравнения с импульсным воздействием

$$\frac{dx}{dt} = A(t)x + K(t)x(\theta_1) + f(t), \quad t \in [0,T] \setminus \{\theta_1\}, \qquad x \in R^n, \tag{1}$$

$$\lim_{t \to \theta_2 - 0} x(t) - \lim_{t \to \theta_2 + 0} x(t) = \varphi, \qquad \varphi \in R^n, \tag{2}$$

$$x(0) = x(T), \tag{3}$$

где матрицы $A(t)$, $K(t)$ и вектор-функция $f(t)$ кусочно-непрерывны на $[0,T]$, с разрывом первого рода в точке $t=\theta_2$, $\|x\|=\max\limits_{i=\overline{1,n}}|x_i|$, $\|A(t)\|=\max\limits_{i=\overline{1,n}}\sum\limits_{j=1}^{n}|a_{ij}(t)|\le\alpha,\ \|K(t)\|\le\beta,\quad \alpha,\beta-const.$

Решением задачи (1)-(3) является кусочно-непрерывно дифференцируемая на $[0,T]$ вектор-функция $x(t)$, которая удовлетворяет нагруженному дифференциальному уравнению (1) на $[0,T]$, кроме точки $t=\theta_2$, условию импульсного воздействия (2) и периодическому краевому условию (3).

Краевые задачи для обыкновенных дифференциальных уравнений с импульсными воздействиями возникают при математическом моделировании реальных процессов механики, химии, физики, техники, биологии и встречаются во многих задачах прикладного направления.

Различные задачи для дифференциальных уравнений с импульсным воздействием, методы их решений и другие вопросы теории импульсных систем рассматривались в работах [1-5]. В работе [6] для исследования и решения краевой задачи обыкновенных дифференциальных уравнений предложен метод параметризации, позволяющий получить условия разрешимости в терминах исходных данных и построить алгоритмы нахождения ее решения.

В работе [7] метод параметризации был распространен на двухточечные краевые задачи для дифференциальных уравнений с импульсным воздействием. Получен коэффициентный критерий однозначной разрешимости рассматриваемой задачи. Этот метод в [8] также был применен к краевой задаче для нагруженных дифференциальных уравнений.

В данной работе метод параметризации применяется к краевой задаче для нагруженных дифференциальных уравнений с импульсным воздействием и предлагается алгоритм нахождения ее решения.

Пусть $h_r=\theta_r-\theta_{r-1}$. Учитывая точку нагрузки θ_1 и точку импульса θ_2 промежуток $(0,T)$ разделим на три части: $(0,T)=\bigcup\limits_{r=1}^{3}(t_{r-1},t_r)$, где $t_0=\theta_0=0$, $t_1=\theta_1$, $t_2=\theta_2$, $t_3=\theta_3=T$. Сужение функций $x(t)$ на r-й интервал (t_{r-1},t_r) обозначив через $x_r(t)$, введя дополнительные параметры $\lambda_r=x_r(t_{r-1})$ и на каждом $r-$ом интервале произведя замену $u_r(t)=x_r(t)-\lambda_r$ получим трехточечную краевую задачу с параметрами:

$$\frac{du_r}{dt}=A(t)u_r(t)+A(t)\lambda_r+K(t)\lambda_2+f(t),\qquad t\in(t_{r-1},t_r),\tag{4}$$

$$u_r(t_{r-1})=0,\qquad r=\overline{1,3}\tag{5}$$

$$\lambda_1+\lim_{t\to\theta_1-0}u_1(t)=\lambda_2\ ,\tag{6}$$

$$\lambda_2+\lim_{t\to\theta_2-0}u_2(t)-\lambda_3\ =\varphi,\tag{7}$$

$$\lambda_1=\lambda_3+\lim_{t\to T-0}u_3(t).\tag{8}$$

Здесь (6) – условие склеивания решения в точке θ_1.

Задачи (1)-(3) и (4)-(8) эквивалентны. Если функция $x(t)$ является решением задачи (1)-(3), то пара $(\lambda,u[t])$, где $\lambda=(x(0),x(\theta_1),x(\theta_2))$, $u[t]=(x(t)-x(0),x(t)-x(\theta_1),x(t)-x(\theta_2))$ будет решением задачи (4)-(8). И наоборот, если пара $(\tilde\lambda,\tilde u[t])$, где $\tilde\lambda=(\tilde\lambda_1,\tilde\lambda_2,\tilde\lambda_3)$, $\tilde u[t]=(\tilde u_1(t),\tilde u_2(t),\tilde u_3(t))$ - решение задачи (4)-(8), то функция $\tilde x(t)$, определяемая равенствами $\tilde x(t)=(\tilde\lambda_r+\tilde u_r(t))$, $t\in(t_{r-1},t_r)$, $r=\overline{1,N}$, $\tilde x(T)=\tilde\lambda_3+\lim\limits_{t\to T-0}\tilde u_3(t)$ будет решением исходной задачи (1)-(3).

Появление начальных условий $u_r(t_{r-1})=0$, $r=\overline{1,3}$ позволяют при фиксированных $\lambda=(\lambda_1,\lambda_2,\lambda_3)$ определить функции $u_r(t)$, $r=\overline{1,3}$ из интегральных уравнений Вольтерра второго рода

$$u_r(t)=\int_{t_{r-1}}^{t}A(\tau)u_r(\tau)d\tau+\int_{t_{r-1}}^{t}A(\tau)\lambda_{r1}d\tau+\int_{t_{r-1}}^{t}K(\tau)\lambda_2 d\tau+\int_{t_{r-1}}^{t}f(\tau)d\tau,\qquad t\in(t_{r-1},t_r),\tag{9}$$

В уравнений (9) вместо $u_r(\tau)$ подставляя соответствующую правую часть и повторив этот процесс $\nu(\nu=1,2,...)$ раз получим представления функций $u_r(t)$ вида

$$u_r(t)=D_{\nu r}(t)\lambda_r+H_{\nu r}(t)\lambda_2+G_{\nu r}(u,t)+F_{\nu r}(t), \qquad t\in(t_{r-1},t_r), \tag{10}$$

где

$$D_{\nu r}(t)=\int_{t_{r-1}}^{t}A(\tau_1)d\tau_1+\int_{t_{r-1}}^{t}A(\tau_1)\int_{t_{r-1}}^{\tau_1}A(\tau_2)d\tau_2d\tau_1+\ldots+\int_{t_{r-1}}^{t}A(\tau_1)\ldots\int_{t_{r-1}}^{\tau_{\nu-1}}A(\tau_\nu)d\tau_\nu\ldots d\tau_1,$$

$$H_{\nu r}(t)=\int_{t_{r-1}}^{t}K(\tau_1)d\tau_1+\int_{t_{r-1}}^{t}A(\tau_1)\int_{t_{r-1}}^{\tau_1}K(\tau_2)d\tau_2d\tau_1+\ldots+\int_{t_{r-1}}^{t}A(\tau_1)\ldots\int_{t_{r-1}}^{\tau_{\nu-1}}K(\tau_\nu)d\tau_\nu\ldots d\tau_1,$$

$$G_{\nu r}(u,t)=\int_{t_{r-1}}^{t}A(\tau_1)\ldots\int_{t_{r-1}}^{\tau_{\nu-2}}A(\tau_{\nu-1})\int_{t_{r-1}}^{\tau_{\nu-1}}A(\tau_\nu)u_1(\tau_\nu)d\tau_\nu\ldots d\tau_1,$$

$$F_{\nu r}(t)=\int_{t_{r-1}}^{t}f(\tau_1)d\tau_1+\int_{t_{r-1}}^{t}A(\tau_1)\int_{t_{r-1}}^{\tau_1}f(\tau_2)d\tau_2d\tau_1+\ldots+\int_{t_{r-1}}^{t}A(\tau_1)\ldots\int_{t_{r-1}}^{\tau_{\nu-1}}f(\tau_\nu)d\tau_\nu\ldots d\tau_1,$$

Переходя в правой части (10) к пределу при $t\to t_r-0$ и подставив соответствующие им выражения в условия (6),(7),(8) получим систему уравнений относительно неизвестных параметров $\lambda=(\lambda_1,\lambda_2,\lambda_3)$:

$$\lambda_1+D_{\nu 1}(\theta_1)\lambda_1+H_{\nu 1}(\theta_1)\lambda_2-\lambda_2=-G_{\nu 1}(u,\theta_1)+F_{\nu 1}(\theta_1), \tag{11}$$

$$\lambda_2+D_{\nu 2}(\theta_2)\lambda_2+H_{\nu 2}(\theta_2)\lambda_2-\lambda_3=-G_{\nu 2}(u,\theta_2)-F_{\nu 2}(\theta_2), \tag{12}$$

$$\lambda_1-\lambda_3-D_{\nu 3}(T)\lambda_3-H_{\nu 3}(T)\lambda_2=G_{\nu 3}(u,T)+F_{\nu 3}(T), \tag{13}$$

Обозначив через $Q_\nu(\theta_1,\theta_2)$ матрицу соответствующей левой части (11),(12),(13) запишем ее в виде

$$Q_\nu(\theta_1,\theta_2)\lambda=-F_\nu(\theta_1,\theta_2)-G_\nu(u,\theta_1,\theta_2), \qquad \lambda\in R^{3n}, \tag{14}$$

где I - единичная матрица размерности $(n\times n)$,

$$Q_\nu(\theta_1,\theta_2)=\begin{pmatrix} I+D_{\nu 1}(\theta_1) & -I+H_{\nu 1}(\theta_1) & 0 \\ 0 & I+D_{\nu 2}(\theta_2)+H_{\nu 1}(\theta_2) & -I \\ I & -H_{\nu 3}(T) & -I-D_{\nu 3}(T)\end{pmatrix},$$

$$F_\nu(\theta_1,\theta_2)=(F_{\nu 1}(\theta_1),\varphi+F_{\nu 2}(\theta_2),F_{\nu 3}(T)),$$

$$G_\nu(u,\theta_1,\theta_2)=(G_{\nu 1}(u,\theta_1),G_{\nu 2}(u,\theta_2),G_{\nu 3}(u,T)).$$

Таким образом, для нахождения неизвестных пар $(\lambda,u[t])$- решения задачи (4)-(8) имеем замкнутую систему уравнений (9),(14). Пара $(\lambda,u[t])$ находится как предел последовательности пар $(\lambda^{(k)},u^{(k)}[t])$, $k=0,1,2,\ldots$, определяемой по следующему алгоритму:

0-шаг: а) Предполагая, что при выбранном $\nu\in\mathrm{N}$ матрица $Q_\nu(\theta_1,\theta_2)$ обратима, начальное приближение по параметру $\lambda^{(0)}=(\lambda_1^{(0)},\lambda_2^{(0)},\lambda_3^{(0)})$ определим из уравнения $Q_\nu(\theta_1,\theta_2)\lambda=-F_\nu(\theta_1,\theta_2)$, т.е. $\lambda^{(0)}=-[Q_\nu(\theta_1,\theta_2)]^{-1}F_\nu(\theta_1,\theta_2)$.

б) Используя компоненты вектора $\lambda^{(0)}\in R^{3n}$ и решая задачи Коши (4),(5) при $\lambda_r=\lambda_r^{(0)}$ на интервалах (t_{r-1},t_r), находим функции $u_r^{(0)}(t)$, $r=\overline{1,3}$.

1-шаг: а) Подставляя найденные $u_r^{(0)}(t)$, $r=\overline{1,3}$ в правую часть (14), из уравнения $Q_\nu(\theta_1,\theta_2)\lambda=-F_\nu(\theta_1,\theta_2)-G_\nu(u^{(0)},\theta_1,\theta_2)$ определим $\lambda^{(1)}=(\lambda_1^{(1)},\lambda_2^{(1)},\lambda_3^{(1)})$.

б) На отрезках (t_{r-1},t_r), $r=\overline{1,3}$ решая задачи Коши (4),(5) при $\lambda_r=\lambda_r^{(1)}$, находим функции $u_r^{(1)}(t)$, $r=\overline{1,3}$. И.т.д.

Продолжая процесс, на **k-шаге** получаем систему пар $(\lambda^{(k)},u^{(k)}[t])$, $k=0,1,2,...$.

Достаточные условия осуществимости и сходимости предложенного алгоритма и однозначной разрешимости задачи (1)-(3) устанавливает

Теорема. Пусть при некотором $\nu \in \mathrm{N}$ матрица $Q_\nu(\theta_1,\theta_2)$: $R^{3n} \to R^{3n}$ обратима и выполняются неравенства

$$\left\|[Q_\nu(\mu,\theta)]^{-1}\right\| \le \gamma_\nu(\mu,\theta),$$

$$q_\nu(\mu,\theta) = \gamma_\nu(\mu,\theta)\left\{e^{\alpha\bar{h}} - \sum_{j=1}^{\nu}\frac{(\alpha\bar{h})^j}{j!} + \beta\bar{h}\left(e^{\alpha\bar{h}} - \sum_{j=0}^{\nu-1}\frac{(\alpha\bar{h})^j}{j!}\right)\right\} < 1,$$

где $\bar{h} = \max h_r$, $r = \overline{1,3}$.

Тогда краевая задача (1)-(3) имеет единственное решение.

Доказательство теоремы проводится аналогично доказательству теоремы из [6].

Пример. На отрезке $[0,1]$ рассматривается периодическая краевая задача для нагруженного дифференциального уравнения с импульсным воздействием

$$\frac{dx}{dt} = \begin{pmatrix} 0 & 1 \\ \sin t & 0 \end{pmatrix} x + \begin{pmatrix} \frac{t}{4} & 0 \\ 0 & \frac{t}{16} \end{pmatrix} x\left(\frac{1}{3}\right) + \begin{pmatrix} f_1(x,t) \\ f_2(x,t) \end{pmatrix}, \quad t \in [0,1] \setminus \left\{\frac{2}{3}\right\},$$

$$\lim_{t \to \frac{2}{3}-0} x(t) - \lim_{t \to \frac{2}{3}+0} x(t) = \begin{pmatrix} \varphi_1 \\ \varphi_2 \end{pmatrix},$$

$$x(0) = x(1),$$

где $A(t) = \begin{pmatrix} 0 & 1 \\ \sin t & 0 \end{pmatrix}$, $K(t) = \begin{pmatrix} \frac{t}{4} & 0 \\ 0 & \frac{t}{16} \end{pmatrix}$, $\theta_1 = \frac{1}{3}$, $\theta_2 = \frac{2}{3}$, $T = 1$.

Используя схему метода параметризации произведем разбиение $(0,T) = \bigcup_{r=1}^{3}(t_{r-1},t_r)$, где $t_0 = \theta_0 = 0$, $t_1 = \theta_1 = \frac{1}{3}$, $t_2 = \theta_2 = \frac{2}{3}$, $t_3 = T = 1$. Сужение $x(t)$ на r-ый интервал (t_{r-1},t_r) обозначим через $x_r(t)$, т.е. $x_r(t) = x(t)$ для $t \in (t_{r-1},t_r)$, $r = \overline{1,3}$, т. е. $x_1(t) = x(t)$, $t \in \left(0, \frac{1}{3}\right)$, $x_2(t) = x(t)$, $t \in \left(\frac{1}{3}, \frac{2}{3}\right)$, $x_3(t) = x(t)$, $t \in \left(\frac{2}{3}, 1\right)$. Обозначив через $\lambda_r = x_r(t_{r-1})$, $r = \overline{1,3}$, и введя функции $u_r(t) = x_r(t) - \lambda_1$, $r = \overline{1,3}$, получим краевую задачу с параметрами

$$\frac{du_r}{dt} = \begin{pmatrix} 0 & 1 \\ \sin t & 0 \end{pmatrix}(u_r(t) + \lambda_r) + \begin{pmatrix} \frac{t}{4} & 0 \\ 0 & \frac{t}{16} \end{pmatrix}\lambda_2 + \begin{pmatrix} f_1(x,t) \\ f_2(x,t) \end{pmatrix}, \; t \in (t_{r-1},t_r), \; r = \overline{1,3},$$

$$u_r(t_{r-1}) = 0, \quad r = \overline{1,3},$$

$$\lambda_1 + \lim_{t \to \frac{1}{3}-0} u_1(t) = \lambda_2,$$

$$\lambda_2 + \lim_{t \to \frac{2}{3}-0} u_2(t) - \lambda_3 = \varphi,$$

$$\lambda_1 = \lambda_3 + \lim_{t \to 1-0} u_3(t).$$

При $\nu = 2$ матрица $Q_2\left(\frac{1}{3}, \frac{2}{3}\right)$ имеет вид

$$Q_2\left(\frac{1}{3},\frac{2}{3}\right)=\begin{pmatrix} 1.006 & 0.333 & -0.986 & 0.00038 & 0 & 0 \\ 0.055 & 1.012 & 0.00038 & -0.997 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 1.065 & 0.335 & -1 & 0 \\ 0 & 0 & 0.162 & 1.04 & 0 & -1 \\ 1 & 0 & -0.069 & -0.0027 & -1.039 & -0.333 \\ 0 & 1 & -0.0084 & -0.017 & -0.246 & -1.043 \end{pmatrix}.$$

Матрица $Q_2\left(\frac{1}{3},\frac{2}{3}\right)$ обратима и

$$\left[Q_2\left(\frac{1}{3},\frac{2}{3}\right)\right]^{-1}=\begin{pmatrix} 0.133 & 2.296 & -0.187 & 2.224 & 0.74 & -2.368 \\ 1.075 & 0.022 & 0.973 & -0.285 & -1.083 & 0.62 \\ -0.515 & 2.35 & 0.138 & 2.172 & 0.389 & -2.207 \\ 1.099 & -0.854 & 0.978 & -0.166 & -1.059 & 0.498 \\ -0.18 & 2.218 & -0.525 & 2.259 & 0.06 & -2.185 \\ 1.059 & -0.506 & 1.039 & -0.82 & -1.038 & 0.159 \end{pmatrix}.$$

Проверим выполнение условия теоремы:

$$\left\|\left[Q_2\left(\frac{1}{3},\frac{2}{3}\right)\right]^{-1}\right\|\le 7.948,$$

$$q_2\left(\frac{1}{3},\frac{2}{3}\right)=7.948\cdot\left[\left(e^{\frac{1}{3}}-1-\frac{1}{3}-\frac{(1/3)^2}{2}\right)+0.25\cdot\frac{1}{3}\cdot\left(e^{\frac{1}{3}}-1-\frac{1}{3}\right)\right]=0.095<1.$$

Таким образом, все условия теоремы выполнены и задача имеет единственное решение.

Литература:

1. Халанай А., Векслер Д. Качественная теория импульсных систем. – М.: Наука, 1971.
2. Самойленко А.М., Перестюк Н.А. Дифференциальные уравнения с импульсным воздействием. - Киев: Вища школа, 1987. - 285с.
3. Перестюк Н.А. Численно-аналитический метод исследования периодических систем с импульсами // Труды семинара по математической физике. – Киев, 1969. - В. 3.- С. 243-253.
4. Bajo I., Liz E.Periodic boundary value problem for first order differential equations with impulses at variable times // Journal of mathematical analysis and applications. 1996. p. 65-73.
5. Hristova S. G., Bainov D.D. Monotone–Iterative Techniques of V. Lakshmikantham for boundary value problem for systems of impulsive differential equations // Journal of mathematical analysis and applications. 1996. №1, p. 1-13.
6. Джумабаев Д.С. Признаки однозначной разрешимости линейной краевой задачи для обыкновенного дифференциального уравнения // Журнал вычислительной математики и математической физики. - 1989. - Т. 29. - №1. - С. 50-66.
7. Тлеулесова А.Б. Об однозначной разрешимости двухточечной краевой задачи с импульсным воздействием // Математический журнал. – 2004. - Т. 4. - № 4. -С.93-102.
8. Бакирова Э.А. О признаке однозначной разрешимости двухточечной краевой задачи для системы нагруженных дифференциальных уравнений // Известия НАН РК. Серия физико-математическая. - 2005. - № 1. - С. 95-102.

Резюме

Рассматривается линейная периодическая краевая задача для нагруженного дифференциального уравнения с импульсным воздействием. В терминах данных получены достаточные условия однозначной разрешимости рассматриваемой задачи и предложен алгоритм нахождения ее решения.

Ключевые слова: краевая задача, дифференциальные уравнения, импульс, метод параметризации.

Түйіндеме

Импульс әсері бар жүктелген дифференциалдық теңдеулер үшін сызықты периодты шеттік есеп қарастырылады. Бастапқы берілімдер терминінде қарастырылып отырған есептің бірмәнді шешілімділігінің жеткілікті шарттары алынды және оның шешімін табудың алгоритмі құрылды.

Кілт сөздер: шеттік есеп, дифференциалдық теңдеулер, импульс, параметрлеу әдісі.

Summary

The linear periodic boundary value problem for loaded differential equations with pulse influence is considered. The sufficient conditions of unique solvability of considering problem in the term initial data are established and the algorithm finding its solution is constructed.

Key words: Boundary value problem, differential equations, pulse, parameterization method.

ӘОЖ 621.8:517.957

ИДЕАЛ ЕМЕС ЭНЕРГИЯ КӨЗІ БАР ОРТОГОНАЛЬДІ МЕХАНИЗМНІҢ ЖҰМЫСТЫҚ ЗВЕНОНЫ ЖҮКТЕГЕНДЕГІ РОТАЦИЯЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Қ. БИСЕМБАЕВ, техника ғылымдарының докторы,
Ж.ИСКАКОВ, техника ғылымдарының кандидаты, доцент,
Ө. А. Жолдасбеков атындағы Механика және машинатану институты, Алматы қ.,
Б.Т.ЕЛЕУСІНОВ, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент
«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, Қазақстан Республикасы

Сызықты және сызықты емес динамикалық жүйелер қуаты шектеулі энергия көздерінен әсер алады не қозады. Бұл жерде кез-келген нақты қозғалтқыштың, генератордың, аккумулятордың сипатын анықтайтын табиғи шектелу жайлы. Мұндай энергия көздерінің әсерінен жүйелердің қозғалысы энергия көзі мен жүйенің өзараәрекетімен қабаттаса жүреді. Бұл жағдай, тек энергия көзінің жүйеге әсерін ескеретін, жүйенің энергия көзіне әсер ету мүмкіндігін қарастырмайтын, есептің дәстүрлі қойылысын пайдалануға мүмкіндік бермейді. Шектелген қоздыру әрекетіне душар болатын жүйенің қассиеттері энергия көзінің қасиеттеріне тәуелді.

Берілген жұмыстың мақсаты идеал емес энергия көзі бар дірілдегіш столдың ортогональді механизмінің жұмыстық звенодағы жүктемені ескергендегі динамикасын зерттеу болып табылады.

Кинематикалық қатыстар

Ортогональді механизмнің есептік моделі 1 суретте көрсетілген. OXY координаталар жүйесінің басын кривошип өсінде орналастырайық. Бұл жерде C шарнирінің координаталарын X және Y арқылы, ал ортогональді механизмнің горизонталь және вертикаль тербелістерінің амплитудаларын сәйкесті



Сурет 1 – Дірілдегіш столдың ортогональді механизмінің сұлбасы

a_1 және a_2 арқылы белгілейік. Векторлық контурлардың тұйықтығы теңдеулерінің координаталар өстеріндегі проекцияларынан келесі кинематикалық қатыстарды [1] жазуға болады

$$X = l\cos\varphi + l_2\sqrt{1-\frac{l_1^2}{l_2^2}+\frac{l^2}{l_2^2}\cos^2\varphi},$$

$$Y = l\sin\varphi + l_1\sqrt{1-\frac{l^2}{l_1^2}\cos^2\varphi}\ , \tag{1}$$

мұндағы l, l_1, l_2 және l_3 сәйкесті 1,2,3 және 4 звенолардың ұзындықтары, φ - кривошиптің өсінің айналу бұрышы (сурет 1).

X және Y координаталардың экстремальді мәндері

$$X_{\max} = X(0) = l + l_2\sqrt{1-\frac{l_1^2}{l_2^2}+\frac{l^2}{l_2^2}}\ ,$$

$$X_{\min} = X(\pi) = -l + l_2\sqrt{1-\frac{l_1^2}{l_2^2}+\frac{l^2}{l_2^2}} \tag{2}$$

$$Y_{\max} = l + l_1,$$

$$Y_{\min} = -l + l_1$$

X және Y координаталардың орта мәндері

$$X_{me} = \frac{X_{\max}+X_{\min}}{2} = l_2\sqrt{1-\frac{l_1^2}{l_2^2}+\frac{l^2}{l_2^2}}\ ,$$

$$Y_{me} = \frac{Y_{\max}+Y_{\min}}{2} = l_1, \tag{3}$$

Ортогональді механизмнің C шарнирінің горизонталь және вертикаль тербелістерінің координаталардың орташа мәндеріне қатысты амплитудалары:

$$a_1 = X_{\max} - X_{me} = X_{me} - X_{\min} = l$$

$$a_2 = Y_{\max} - Y_{me} = Y_{me} - Y_{\min} = l\ , \tag{4}$$

Бұдан горизонталь және вертикаль тербелістердің амплитудалары тең екендігі көрінеді. OXY координаталар жүйесінің басын (X_{me}, Y_{me}) нүктесіне ауыстырамыз, яғни OXY координаталар жүйесін $O'\xi\eta$ координаталар жүйесіне түрлендіреміз

$$X = X_{me} + \xi,\ Y = Y_{me} + \eta, \tag{5}$$

бұдан

$$\xi = l\cos\varphi - l_2\left[\sqrt{1-\frac{l_1^2}{l_2^2}+\frac{l^2}{l_2^2}} - \sqrt{1-\frac{l_1^2}{l_2^2}+\frac{l^2}{l_2^2}\cos^2\varphi}\right],$$

$$\eta = l\sin\varphi - l_1\left[\sqrt{1-\frac{l^2}{l_2^2}} - \sqrt{1-\frac{l^2}{l_1^2}\cos^2\varphi}\right] \tag{6}$$

Механизмнің қозғалыс теңдеуі

Ортогональді механизмнің горизонталь звенода (4 звенода) жүк болғандағы қозғалыс теңдеуі [2] жұмысында алынған. Ол келесі түрдегідей

$$A_0\ddot{\varphi} + \left[A_3\left(\frac{1}{2}\cos^3\varphi - \sin^2\varphi\cos\varphi - \sin\varphi\cos\varphi\right) + fMl^2\sin\varphi\right]\dot{\varphi}^2 + P\cos\varphi + k\dot{M}_D\cos\varphi\sin\varphi =$$

$$= M_D - fMgl - kM_D, \tag{7}$$

мұндағы

$$A_0 = M\left(1+\frac{m_3}{M}\right)l^2 + J,\ A_3 = 2Ml^2\frac{l}{l_1},$$

$$P = M\left[1+\frac{m_1}{M}+\frac{m_2}{M}+\frac{m}{2M}\right]gl,$$

M - жүктің массасы, m, m_1, m_2 және m_3 - 1, 2, 3 және 4 звенолардың массалары, J - 1 звеноның инерция моменті, f - сырғанау үйкеліс коэффициенті, k - айналу үйкеліс коэффициенті, M_D - қозғалтатын күштердің моменті.

Жүйенің қозғалыс теңдеуі

$$\frac{m}{M} \prec\prec 1,\ \frac{m_1}{M} \prec\prec 1,\ \frac{m_2}{M} \prec\prec 1,\ \frac{l}{l_1} \prec\prec 1,\ \frac{l_1}{l_2} \prec\prec 1,\ f = 0, k = 0, \tag{8}$$

шарты орындалғанда келесі түрге келеді

$$\ddot{\varphi} + \omega_0^2 \cos\varphi = \frac{M_D}{Ml^2}, \tag{9}$$

мұндағы

$$\omega_0^2 = \frac{g}{l},$$

g - еркін түсу үдеуі.

Идеал емес энергия көзі қозғаушы күштер моменттерінің алдын ала белгіленіп қойылған өзгеру заңдылығын қамтамасыз ете алмайды, өйткені оның жұмыс режимі тербелмелі жүйенің қозғалысынан тәуелді. Қозғаушы күштің моментін уақыттан анық функция түрінде беру мүмкін емес. Идеал емес энергия көзінің тербелмелі жүйеге әсерін $M(\varphi, \dot{\varphi})$ функциясы түрінде өрнектеуге тура келеді. Бұл жерде φ - энергия көзінің қозғалысының координатасы.

Қайсібір қозғалтқыштың, мысалы параллель қоздырғышты тұрақты ток қозғалтқышының өсіндегі қозғаушы момент

$$M_D = a - b\dot{\varphi} \tag{10}$$

формуласымен анықталады, мұндағы a және b - қозғалтқыштың параметрлерінен тәуелді тұрақты коэффициенттер.

(10) - ды (9) – ға қойып және $d\tau = \omega_0 dt$ қатысын пайдаланып жүйенің (9) қозғалыс теңдеуін өлшемсіз түрге келтіреміз

$$\ddot{\varphi} + \varepsilon\dot{\varphi} + \cos\varphi = B, \tag{11}$$

мұндағы

$$\varepsilon = \frac{в}{Ml^2\omega_0},\ B = \frac{a}{Ml^2\omega_0^2}$$

(11) теңдеу түбегейлі сызықты емес, өйткені сызықты емес мүше теңдеуге кіші параметрсіз енеді.

Ортогональді механизмнің қозғалтқыштың роторының айналмалы қозғалысы кезіндегі тербелісі

Енді (11) жүйенің қозу энергиясының үлкен мәндеріне сәйкес қозғалыстарын қарастыруға көшеміз.

$$\varphi = z,\ \dot{z} = \Omega + x \tag{12}$$

қойылымы (11) теңдеуін келесі түрге келтіреді:

$$\begin{aligned} \dot{x} &= -\varepsilon x - \cos z \\ \dot{z} &= \Omega + x \end{aligned} \tag{13}$$

$\tau=\mu s$, мұндағы $\mu=\Omega^{-1}$ деп есептейік. Сонда (13) теңдеулер жүйесі келесі түрге келеді:

$$x' = -\mu\cos z - \mu^2 Bx,$$
$$z' = 1 + \mu x\,, \tag{14}$$

мұнда $x' = \dfrac{dx}{ds}$ белгілеуі қабылданған. Бұл жәй өзгеретін $-x$ бұрыштық айналу

жылдамдығы мен тез өзгеретін z айнымалысының теңдеулері жүйесі, соңғысын қозғалтқыштың роторының айналу бұрышы деуге болады. Мұнан басқа оң жақтары "тез айнымалы" z – тің периодты функциясы болып табылады. Сонымен (14) жүйені зерттеу үшін қозғалысты асимптотикалық бөлу әдісі қолданылуы мүмкін [3].

(14) жүйе үшін келесі Коши есебін қарастырайық деп шарт қояйық. Бастапқы шарт бойынша

$$\tau = 0 : x = x_0, z = 0 \tag{15}$$

[3] жұмысына сәйкесті

$$x = \bar{x} + \mu u_1(\bar{x},\bar{z}) + \mu^2 u_2(\bar{x},\bar{z}) + ...,$$
$$z = \bar{z} + \mu\upsilon_1(\bar{x},\bar{z}) + \mu^2\upsilon_2(\bar{x},\bar{z}) + ... , \tag{16}$$

мұндағы $\bar{x}$ және $\bar{z}$ функциялары келесі теңдеулерді қанағаттандырады:

$$\dot{\bar{x}} = \mu A_1(\bar{x}) + \mu^2 A_2(\bar{x}) + ...,$$
$$\dot{\bar{z}} = 1 + \mu B_1(\bar{x}) + \mu^2 B_2(\bar{x}) + ... \tag{17}$$

u_i и υ_i функцияларын шектелген деп есептейік. Мұнан әрі (15) шарттарды қанағаттандыру үшін

$$u_i(\bar{x},0) = \upsilon_i(\bar{x},0) = 0 \tag{18}$$

деп қабылдаймыз.

u_i, υ_i, A_i және B_i функцияларын анықтау үшін теңдеулер мынадай болады:

$$\frac{du_1}{d\bar{z}} = -\cos\bar{z} - A_1(\bar{x}),\ \frac{d\upsilon_1}{d\bar{z}} = \bar{x} - B_1(\bar{x}),$$
$$\frac{du_2}{d\bar{z}} = \upsilon_1\sin\bar{z} - k\bar{x} - \frac{du_1}{d\bar{x}}A_1(\bar{x}) - \frac{du_1}{d\bar{z}}B_1(\bar{x}) - A_2(\bar{x}), \tag{19}$$
$$\frac{dv_2}{d\bar{z}} = \upsilon_1 - \frac{du_1}{d\bar{x}}A_1(\bar{x}) - \frac{dv_1}{d\bar{z}}B_1(\bar{x}) - B_2(\bar{x})$$

(19) жүйесі теңдеулерінің алғашқысын қарастырайық. u_1 функциясының шектелуі үшін

$$A_1(\bar{x}) = -\frac{1}{2\pi}\int_0^{2\pi}\cos\bar{z}d\bar{z}$$

болуы қажетті және жеткілікті.

Сонымен

$$A_1 = 0 \tag{20}$$

Бұдан

$$u_1(\bar{x},\bar{z}) = -\int_0^{\bar{z}}\cos\bar{z}d\bar{z} + C(\bar{x}),$$

мұндағы $C(\bar{x})$ - $\bar{x}$ - тің кез – келген функциясы. Десек те (18) шарты $C(\bar{x}) = 0$ береді. Сонда біз жаза аламыз

$$u_1(\bar{z}) = -\sin\bar{z} \tag{21}$$

(19) жүйенің теңдеулерінің екіншісі үшін ой – пікірімізді қайталап алатынымыз

$$B_1 = \bar{x} \tag{22}$$

және сондықтан

$$\upsilon_1 \equiv 0 \tag{23}$$

(21), (22) және (23) нәтижелерін пайдаланып (19) жүйенің үшінші теңдеуін көшіріп жазамыз

$$\frac{\partial u_2}{\partial z} = -B\bar{x} - A_2(\bar{x}) - \frac{du_1}{dz}\bar{x}$$

Бұдан

$$A_2(\bar{x}) = -B\bar{x} \cdot \frac{1}{2\pi}\int_0^{2\pi} d\bar{z} + \bar{x} \cdot \frac{1}{2\pi}\int_0^{2\pi} \cos\bar{z}d\bar{z} = -B\bar{x} \tag{24}$$

және сондықтан

$$u_2(\bar{x},\bar{z}) = \bar{x}\int_0^{\bar{z}} \cos z dz = \bar{x}\sin\bar{z} \tag{25}$$

Ақырында алынған нәтижелерді ескеріп (19) жүйенің соңғы теңдеуін көшіріп жазайық

$$\frac{\partial \upsilon_2}{\partial z} = -\sin\bar{z} - B_2(\bar{x})$$

Бұдан

$$B_2(\bar{x}) = -\frac{1}{2\pi}\int_0^{2\pi} \sin\bar{z}d\bar{z} = 0$$

және сондықтан алатынымыз

$$\upsilon_2(\bar{x},\bar{z}) = -\int_0^{\bar{z}} \sin z dz = \cos\bar{z} - 1.$$

Бұл шараны жалғастырып A_3 оңай аламыз және т. с. с. Есептеулерімізде $O(\mu^2)$ реттегі мүшелермен ғана шектеліп (16) және (17) теңдеулеріне келесі түр береміз

$$\begin{aligned} x &= \bar{x} - \mu\sin\bar{z} + \mu^2\bar{x}\sin\bar{z}, \\ z &= \bar{z} + \mu^2(\cos\bar{z} - 1), \\ \bar{x}' &= -\mu^2 B\bar{x}, \\ \bar{z}' &= 1 + \mu\bar{x} \end{aligned} \tag{26}$$

(26) теңдеулердің үшінші және төртіншісін интегралдап және (15) шарттарды ескеріп, алатынымыз

$$\begin{aligned} \bar{x} &= x_0 e^{-\mu^2 Bs}, \\ \bar{z} &= s + \frac{x_0}{\mu B}(1 - e^{-\mu^2 Bs}) \end{aligned} \tag{27}$$

(27) өрнектер негізінде (26) жүйенің қалған теңдеулері келесі түрде болады:

$$\begin{aligned} x &= x_0 e^{-\mu^2 Bs}(1 + \mu^2\sin\bar{z}) - \mu\sin\bar{z}, \\ z &= s + \frac{x_0}{\mu B}(1 - e^{-\mu^2 Bs}) + \mu^2(\cos\bar{z} - 1), \\ \bar{z} &= s + \frac{x_0}{\mu B}(1 - e^{-\mu^2 Bs}) \end{aligned} \tag{28}$$

$\tau = \dfrac{s}{\Omega}$ айнымалысына оралып және $\mu = \dfrac{1}{\Omega}$ деп есептеп (28) формуланы қайта жазайық

$$x = x_0 e^{-\varepsilon\tau}(1 + \frac{1}{\Omega^2}\sin\bar{z}) - \frac{1}{\Omega}\sin\bar{z},$$

$$z = \Omega\tau + \frac{x_0}{\varepsilon}(1 - e^{-\varepsilon\tau}) + \frac{1}{\Omega^2}(\cos\bar{z} - 1), \quad (29)$$

$$\bar{z} = \Omega\tau + \frac{x_0}{\varepsilon}(1 - e^{-\varepsilon\tau})$$

(29) шешімдерді сызбалық кескіндеу 2, 3 және 4 суреттерде берілген. Есептеулер



Сурет 2 – Қозғалтқыш білігінің айналу бұрышының уақытқа тәуелділігі

параметрлердің келесі мәндерінде жүргізілді:

$$\varepsilon = 0.08, \Omega = 2, x_0 = 3$$

z және x - тің уақытқа τ - ға тәуелділіктері 2 және 3 суреттерде көрсетілген. Тұтас сызық



Сурет 3 – Жетекші звенонның айналу бұрыштық жылдамдығының айнымалы құраушысының уақытқа тәуелділігі

(1 қисық) аналитикалық шешімдер нәтижелері бойынша, ал нүктелерден тұратын сызық (2 қисық) (13) теңдеулері жүйесін сандық шешу нәтижелері бойынша тұрғызылған. 2 және 3 суреттерде көрсетілген ұқсас қисықтар аналитикалық және сандық шешімдердің жақындығын білдіреді. Қозғалтқыштың білігінің бұрыштық жылдамдығының τ уақытқа тәуелділігі 4 суретте көрсетілген. 1 қисық $\bar{\varpi} = \Omega + (\bar{\varpi}_0 - \Omega)e^{-\varepsilon\tau}$ формула бойынша



Сурет 4 – Жетекші звенонның айналу бұрыштық жылдамдығының уақытқа тәуелділігі қатысты горизонталь және вертикаль тербелістерінің осциллограммалары тұрғызылған және біліктің орташа бұрыштық айналу жылдамдығының уақыттан өзгерісінің өтпелі процесін сипаттайды. 2 қисық (29) өрнектерін ескеріп $\omega = \Omega + x$ формуласы бойынша алынған, ал 3 қисық сандық есептеулер нәтижелері бойынша тұрғызылған. 5 суретте ортогональді механизмнің X және Y координаталарының орташа



Сурет 5 - Ортогональді механизмнің X және Y координаталарының орташа мәндеріне

мәндеріне қатысты горизонталь (1 қисық) және вертикаль (2 қисық) тербелістерінің осциллограммалары берілген. Үзік сызық (3 қисық) сандық шешу нәтижелерін көрсетеді.

Қорытынды

Ортогональді механизмнің қозғалтқыш білігінің айналмалы қозғалысын қарастыра отырып, қозғалтқыштың білігінің бұрыштық жылдамдығының мәндері біліктің бұрыштық жылдамдығының орташа мәнінің маңында гармоникалық заңдылықпен тербеледі екен деп қорытынды жасауға болады. Гармоникалық тербелістің жиілігі біліктің бұрыштық жылдамдығының орташа мәніне тең.

Әдебиеттер:

1. Тулешов А.К., Тулешов Е.А. Решение уравнений динамики вибростола в классе обобщенных функций методом итерации. //Труды международной научной конференции «Современные достижения в науке и образовании» (26-27 августа 2012 г.). - Хмельницкий национальный университет, 2012.
2. Бисембаев К., Искаков Ж. Математическая модель ортогонального механизма вибростола прессавтомата. //Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. - 2012. - №3(39).
3. Боголюбов Н.Н., Митропольский Ю.А. Асимптотические методы в теорий нелинейных колебаний. – М.: Государственное издательство физико-математической литературы, 1963. – 407 с.

Түйіндеме

Идеал емес энергия көзі бар ортогональді механизмнің жұмыстық звеноны жүктегендегі сызықты емес тербелісінің теңдеуі құрылады. Ротациялық қозғалыстың теңдеулері қозғалысты бөлу асимптотикалық әдісімен шешіліп, нәтижелері сандық есептеу нәтижелерімен салыстырылады. Қозғалтқыштың білігінің айналу бұрышының, айналу бұрыштық жылдамдығының және жұмыстық звеноның координаталарының уақытқа тәелділіктерінің графиктері тұрғызылып, талданады. Жұмыстық звено амплитудалары бірдей ортогональді гармоникалық тербелістер жасаса, жетекші звеноның бұрыштық жылдамдығының мәндері біліктің бұрыштық жылдамдығының орташа мәнінің маңында гармоникалық заңдылықпен тербеледі екен.

Кілт сөздер: жүктелген ортогональді механизм, идеал емес энергия көзі, ротациялық қозғалыс, орнықтылық.

Резюме

В статья составляется уравнение нелинейных колебаний ортогонального механизма с неидеальным источником энергии при нагрузке рабочего звена.Уравнения ротационного движения решаются асимптотическим методом разделения движения, результаты сравниваются с результатами численных решений. Построены графики зависимостей угла вращения, угловой скорости вращения вала двигателя и координат рабочего звена от времени и они обсуждаются. Если рабочее звено совершает ортогональные гармонические колебания с одинаковой амплитудой, то значение угловой скорости ведущего звена колеблется, около среднего значения угловой скорости, по гармоническим законам.

Ключевые слова: нагруженный ортогональный механизм, неидеальный источник энергии, ротационное движение, устойчивость.

Summary

The equation of nonlinear fluctuations of the orthogonal mechanism with a nondeal power source under load operating link was composed. The equations of rotational movement are solved by an asymptotic method of division movement, results are compared with results of numeral solutions. Schedules of dependences rotational angle, rate of rotation of engine shaft and coordinates of a working link from lime are constructed and they are discussed. If the working link makes ortholonal harmonious fluctuations with an identical amplitude, value of angular speed of a leading link fluctuates, about average value of angular velocity at the harmonic laws.

Key words: orthogonal loaded mechanism, a non-ideal source of energy, rotational motion, stability.

УДК 334

НАРЫҚ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТІҢ ЕСЕПТЕРІН ШЕШУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

А.Ө. БИЯРОВА, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент
Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы

Нарықтық экономикада қаржыны басқару оның қызметінің ауқымына және саласына, ұйымдастыру нысанына қарамастан кез келген кәсіпорынның алдында тұрған негізгі және басымдылықты міндеттердің бірі. Экономикалық обьектіні басқару мақсаттарында жүйедегі осы бағыттың артықшылығы кез келген аз ғана уақыт аралығында: негізгі және айналым құралдарымен, жұмыс күшімен және т.б. тікелей тасымалдауға қабілетті, ресурстардың бір ғана түрін ұсынатын, қаржылардың ерекше рөліне бекітілген. Осыған ұқсас өзгерістердің рационалдылығы, мақсатқа сәйкестігі және тиімділігі көбінесе кәсіпорынның, оның қызметкерлері мен меншік иелерінің экономикалық әл-ауқатын анықтайды. Уақытша бос немесе басы артық қаржылық ресурстар кәсіпорынның экономикасында қызметтің өзіндік саласын олардың басқаруымен бөліп көрсетудің қажеттігіне жағдай жасайды.

Кәсіпорынның экономикасындағы қаржылық ресурстарды шешуші рөлі олардың қызметінің өзіндік саласында басқару міндеттерін бөліп көрсетудің қажеттігін айқындайды. Қазіргі уақытта ұйым осыған ұқсас қызметтерді *қаржылық менеджмент* деген атау алған арнайы басқару жүйесі шеңберінде жүзеге асырады.

Экономикада кез келген жүйені басқарудың міндеті ҚР заңдарына, Президенттің жарлығына, үкіметтің қаулыларына, министрліктер мен мекемелердің нормативтік актілеріне, лицензияларына, сондай-ақ нақтылы кәсіпорынның жұмысының тәртібін белгілейтін жарғылық құжаттарға, ережелер мен нұсқаулықтарға қатысты әрекет етуші *заңдық қамтамасыз етулердің* шеңберінде жүзеге асырылады.

Осыған байланысты қаржыларды басқарудың қазіргі жүйелерінің маңызды және бөлінбейтін элементтері оның ақпараттық, техникалық және программалық қамтамасыз етілуі болып табылады.

Кез келген экономикалық обьектіні басқару оның құрылымдық элементтері мен айналаны қоршаған орта арасындағы ақпараттармен алмасумен тығыз байланысты болады. Бұл ақпараттардың өз уақыттылығы, толықтығы, нақтылығы және айқындығы қазіргі бизнесте табысты анықтайтын шешуші факторлардың бірі болып табылады.

Қаржылық басқару саласында ақпараттардың рөлі өте жоғары болады.

Қаржылық менджменттің қосалқы жүйесін басқаратын *программалық қамтамасыздандыру* маман-пайдаланушыларының өзара әрекеті мен қызметті міндеттерін шешетін, оның техникалық кешенінің жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Microsoft Office, Lotus Notes, StarOffice программалық кешендердің маңызды жіктері кеңсе қызметін автоматтандырудың қолоданбалы программаларының пакеті болып табылады.

Нарық жағдайындағы қаржылық менеджменттің мақсаты әр түрлі болуы мүмкін. Әрбір нақтылы жағдайда олар кәсіпорында жүзеге асырылатын стратегиялық және тактикалық міндеттерге байланысты болады.

Автоматтандырылған ақпараттық технология жағдайында қаржылық менеджмент есептерін шешу технологиясына ақпаратты жинау және дайындау, мәліметтерді өңдеу, жинақтау және сақтау, мәліметтерді үлгілендіру, нәтижелік ақпараттарды қалыптастыру, шешім қабылдаған тұлғаға ақпаратты беру, шешім қабылдау үдерістерін орындау жатады.

Міндеттердің нақтылы түрлері мен ерекшеліктеріне байланысты, сонымен бірге осы кәсіпорында ақпаратты автоматты түрде өңдеуді ұйымдастыру бойынша технологиялық шешімдердің жоғарыда көрсетілген үдерістердінің кейбірі болмауы мүмкін. Әдетте, бұл бірегей ақпараттық база пайдалануды болжайтын кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін басқарудың автоматты кешенді жүйесін қолдану жағдайында обьект туралы ішкі ақпаратты пайдалануды талап ететін шешімдер, міндеттер үшін сипатты болады. Мұндай міндеттердің мысалдары оның менеджментімен жүзеге асырылатын, ағымдағы жоспарлау, айналмалы қаржыларын басқару, есеп айырысулар мен төлемақыларды және т.б. жүзеге асыруға жедел бақылау, кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдауға қызмет етуі мүмкін.

Қаржылық менеджменттің міндеттерінің сыртқы ақпарат сияқты, ішкі ақпаратты да пайдалануды талап ететін міндеттер қатары бар. Кәсіпорындағы қолданылатын ақпаратты технологиялық шешімдерге қарамастан, әдетте, жеке тәртіпте, қолданбалы программалардың сәйкесті пакеттерін пайдалану ұсынылады және ақпаратты өңдеудің жоғары көрсетілген барлық үдерістерін қосады.

Бұл жіктің типтік өкілі инвестициялық жобалардың техника-экономикалық негіздеулерін дайындау және талдау есебі болып табылады. Қазіргі уақытта оның шешімдері үшін пайдаланылатын кеңінен танымал программалардын отандық өнімдері мыналар болып табылады: Project Expert **(**PRO-INVEST Consulting) және «Альт-Инвест» («Альт»).

Project Expert программасы сол немесе басқа жобалаудың кезеңін жүзеге асыратын, сәйкесті бөлімнің сілтемесін (мәтінін) іріктеу жолымен диалогтық нысан-мәзірден жүзеге асырылатын тәуелсіз үлгілендірулердің, қолжетімділіктің жиынтығы түрінде құрылымдана жүзеге асырылады.

Мынадай тоғыз бөлімдері бар: «Жоба», «Компания», «Қоршаған орта», «Инвестициялық жоспар», «Операциялық жоспар», «Қаржыландыру», «Нәтижелер», «Жобаны талдау», «Өзектілігі».

Әрбір бөлімнің ішкі үлгілендірілуі талап ететін шақыру пиктограммалық сәйкесті нүктені басу жолымен жүзеге асырылады.

«Альт-Инвест» программасының ядросы өзара байланысты мазмұндалған кестелердің көмегімен, жоба бойынша нәтижелік ақпаратты қалыптастыру және есеп айырысулар, сипаттаулар жүзеге асырылатын «Жоба» парағы болып табылады. «Жоба» парағы кестелерінің міндеттік белгіленімі бойынша мынадай блоктарға біріктірілуі мүмкін: жалпы және сырты мәліметтер; жоба бойынша түсімдерді сипаттау; өнімнің өзіндік құнын сипаттау; инвестициялық шығындарды сипаттау; қаржыландыру көздерін сипаттау; нәтижеленетін нысандар.

«Альт-Инвест» программасында пайдаланылатын, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің құрылымы бейнеленген.

Жоба бойынша қаржыландырудың көздерін сипаттау блогы «Қордағы салықтар мен төлемақылар» арнайы кестесінде салық төлемақыларын жүзеге асырудың тізімдемелері, мөлшерлемелері мен шарттары берілген.

Project Expert программасында осыған ұқсас ақпараттарды енгізу «Қоршау» бөлімінің сәйкесті үлгіленулерін іріктеу арқылы жүзеге асырылады.

Жоба туралы *жалпы ақпаратқа*, әдетте, мыналар енеді: жобаның басталу уақыты мен ұзақтығы; өнімдердің ж/немесе қызметтердің тізімдемесі; ішкі және сыртқы нарықта төлемақылар операцитялары және есеп айырысуға пайдаланылатын валюталар; қолданылатын өлшеу бірліктері және т.б.

Project Expert программасында бұл ақпараттың сипатталуы «Жоба» бөлімінде жүзеге асырылады. «Альт-Инвестте» қажетті мәліметтер «Жүзеге асыру жоспары» кестесіне және «Жобаны сипаттау» парағының басына енгізіледі.

Project Expert программасында жобаны жүзеге асырудың бастапқы шарттары «Компания» бөлімінде модулдер құралымен сипатталады.

«Альт-Инвестте» қажетті мәліметтер жобаның жүзеге асырылуы басталуы уақытында«Баланс» кестесіне енгізіледі.

Жобаның *ішкі ақпараттарына* жататындар: өнімдер мен қызметтердің уақытқа бөлінген көлемдері мен жүзеге асырылуы; өндірістік шығындар мен жөнелтпе құжаттар туралы мәлметтер; пайдаланылатын активтер мен ресурстар туралы мәліметтер; қызметкерлер мен еңбекақы туралы мәліметтер және т.б.

Project Expert программасында жобалар туралы ішкі ақпарат «Инвестициялық жоспар» және «Операциялық жоспар» бөлімдерінің модульдерінің көмегімен беріледі. Бұл жерде пайдаланылған ресурстардың құнының көлемдері мен уақыттарының көрсетілуімен орындалған жұмыстардың күнтізбелік жоспары құрылуы мүмкін.

«Операциялық жоспар» бөлімінің «Өткізу жоспары» модулінің пайдаланылуымен өнімдерді өткізудің жоспары үлгілендірілген және әзірлеу үшін диалогтық нысан мысалы көрсетілген. Бұл модуль алуан түрлі жеткізу жағдайларын, сатып алушылардың өнімдерге ақы төлеуін (фактілер, аванс бойынша, кредитке, дәстүрлі емес сызбалар), тауарлар мен қызметтерге бағалардың өзгеруін есептеуге мүмкіндік береді.

Осыған ұқсас нысандар ақпаратты енгізу үшін және басқа да программалардың бөлімдерінде пайдаланылады.

«Альт-Инвест» программасында осыған ұқсас міндеттерді орындау үшін мынадай блоктардың кестелер кешені қарастырылған: «Жүзеге асыру жоспары», «Жүзеге асыру бағасы», «Сатудан түскен табыстар» (жоба бойынша түсімдерді сипаттау блогы); «Материалдар және жинақтаушылар», «Істелген жұмысыан кесімді жалақы», «Ағымдағы шығындар» (өнімдердің өзіндік құнын сипаттау блогы); «Тұрақты активтер», «Лизингтер», «Айналмалы қор» және т.б. (жоба бойынша инвестициялық шығындарды сипаттау блогы).

Қарастырылатын міндеттерді шешудің келесі қадамы *қаржыландыруда қажеттілікті анықтау және оның стратегиясын әзірлеу* болып табылады.Қаржыландыруда қажеттілікті анықтау үшін программалармен автоматты түрде орындалатын, жобаның алдын ала есеп айырысуы жүргізілуі тиіс. Алдын ала есеп айырысу нәтижесінде әрбір есеп айырысу уақытының кезеңіне қор жетіспеушілігін жабу үшін жеткілікті және қажетті, ақшалай қаржының көлемі анықталады.

Қаржыландыруда қажеттілікті анықтағаннан кейін оның стратегиясын әзірлеуге кірісе беруге болады.

Project Expert программасында жобаның қаржыландырылуындағы қажеттілік есебі мен оның стартегиясын әзірлеу «Қаржыландыру» бөлімінің модульдерінің көмегімен жүзеге асырылады.

«Альт-Инвест» программасында осыған ұқсас есеп айырысулар қаржыландыру көздерінің сипатталуы мынадай – «Меншіктік қор», «Кредиттер» кестелер блогында үлгілендіріледі, фрагментері (үзінділері) келтірілген.

Жоба бойынша *түрлі есепберулерді қалыптастыру* кезеңінің мәні шешім қабылдау үшін қолайлы түрдегі жоба туралы барлық ақпараттарды пайдаланушыны қамтамасыз етумен қорытындыланады.

Қарастырылатын екі программада болжамдық есеп берудің барлық қажетті нысандарын автоматты түрде алуға мүмкіндік береді.

Project Expert программасында пайдаланушының қалауы бойынша есепберуді өңдейтін және жиынтықты қамтамасыз ететін арнайы есеп генераторы қарастырылған.Есеп беруге тек стандартты сызбалар мен кестелер ғана құрастырылмай, сонымен бірге пайдаланушы арнайы редактордың көмегімен құрастырғанда енуі мүмкін. Қаржылық көрсеткіштердің есеп айырысуы «Талдау» бөлімінде жүзеге асырылады. Ал есептілікті алу үдерісі «Нәтижелер» бөлімінің модульдерінің көмегімен жүзеге асырылады.

«Альт-Инвест» программасында жобаның қаржылық жағдайының көрсеткіштері мына кестелерде мазмұндалады: «Пайдалар туралы есепберу», «Пайдалар туралы есепберуге қосымшалар», «Ақша қаржыларының қозғалысы туралы есеп», «Баланстық есеп», «Жобаның қаржылық жағдайының көрсеткіштері». Нәтижелерді басуға енгізгенде кестелер «Есеп беру» арнайы парағында мәліметтік есептер түрінде ресімделуі мүмкін.

Жобаның экономикалық тиімділігін бағалау оның алуан түрлі қатынасушылары үшін – кәсіпорындардың, инвесторлардың, кредиторлардың, мемлекеттік және муниципалдық басқарудың және т.б. табыстылықтардың шынайы нормаларын анықтаумен қорытындыланады.

Project Expert программасында есеп айырысу, талдау және экономикалық тиімділіктің көрсеткіштерін үлгілендіру «Жобаны талдау» бөлімінің модульдерінің көмегімен жүзеге асырылады.

«Инвестициялардың тиімділігі» модулі бағаның қосымша көрсеткіштер қатарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

«Альт-Инвест» программасында инвестициялардың экономикалық тиімділігінің есеп айырысуы нәтижелері «Инвестициялар тиімділігі» кестесінде бейнеленген.

Жобаның нарық жағдайында жүзеге асырылу нәтижелері, көбінесе, жоспарлау сатысында болжау мүмкін емес, мәні өте қиын алуан түрлі факторлардың әсеріне байланысты болады.

Жобаны жүзеге асыру үдерісін тиімді басқару үшін «кері байланысты» қамтамасыз ету қажет. Менеджер жобаның жағдайы туралы өзекті ақпаратты өңдеуі және өз уақтылы алуы және тұрақты мүмкіндігі болуы, оның орындалуы бойынша қажетті түзетулерді жедел енгізуі тиіс.

Project Expert программасында жобаның орындалуы кезінде бақылауды жүзеге асыру үшін және мониторингке арнайы құралдар қарастырылған.

«Альт-Инвест» программасында жобаның орындалуын бақылау міндеті шешуші параметрлерді автоматты түрде қайта есептеу және соңғыларының түсуі бойынша нақтылы жобалық мәліметтерді сәйкесті кестелерде тікелей ауыстыру жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдану кәсіпорындағы қаржылық менеджердің еңбек өнімділігі мен тиімділігін маңызды жоғарылатуға мүмкіндік беретінін атап өтеміз; бұл – бизнес саласында шешімдерді қабылдауды қолдау және міндеттерді шешудің ең қуатты және икемді құралы болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Информационные технологии управления: Учебное пособие // Под ред. Ю.М.Черкасова - М.: ИНФРА-М, 2001.

2. Вычислительные системы, сети и телекоммуникации: Учебник для вузов. 2-е изд./В.Л.Бройдо. - СПб: Питер, 2004. – 703 с.

3. Кулаков Ю.А., Луцкий Г.М. Компьютерные сети. – Киев: Юниор, 1999.

4. Титоренко Г.А. Информационные системы в экономике [Электронный учебник].- Москва, 2008. – 463 с.

Түйіндеме

